

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**2001 ЖЫЛҒЫ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП**

2002 ЖЫЛ

© Қазақстан Ұлттық Банкі

Редакция алқасы:

Айманбетова Г.З.

Дюгай Н.Н.

Қоңырбаева Б.М.

Ақышев Д.Т.

Жауапты шығарушылар:

Нәжімеденова С.

Ибраимқызы З.

«Іс және білім беру» ақпараттық-
баспалық орталығының
қатысуымен дайындалды

ЕСЕПТІҢ БӨЛІМДЕРІ

Кіріспе	4
I. Экономикалық даму	6
1.1. Экономиканың нақты секторы	6
1.2. Салық-бюджет саласы	7
1.3. Төлем балансы және сыртқы борыш	8
II. Ақша-кредит саясаты және валюталық реттеу	12
2.1. Ақша-кредит саясаты	12
2.2. Алтынвалюта активтері	15
2.3. Валюталық реттеу және бақылау	17
III. Қолма-қол ақша айналысын реттеу	20
IV. Қаржы рыногы	22
4.1. Валюта рыногы	22
4.2. Банкаралық ақша рыногы	23
4.3. Депозиттік және кредиттік рыноктар	23
4.4. Бағалы қағаздар рыногы	25
4.5. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі	26
V. Қаржы ұйымдары және қадағалау функциялары	28
5.1. Банк секторы	28
5.2. Сақтандыру қызметін көрсету секторы	33
5.3. Бағалы қағаздар рыногының субъектілері	35
5.4. Дәрменсіз банктер мен сақтандыру ұйымдарын тарату процесі	37
VI. Төлем жүйесі	39
VII. Нормативтік құқықтық қызмет	42
VIII. Халықаралық ынтымақтастық және жұртшылықпен байланыстар	46
IX. Бухгалтерлік есепті және қаржылық есеп беруді жетілдіру	48
X. Қаржы мекемелеріне көрсетілетін қызметтер	50
XI. Ұйымдастыру және ішкі қызмет	54
11.1. Ұйымдық құрылым	54
11.2. Кадр саясаты және қызметкерлерді оқыту	54
11.3. Ақпарат технологияларын дамыту	56
11.4. Ішкі аудит	58
11.5. Қаржы-шаруашылық қызмет	59
XII. Қаржылық есеп беру	63
XIII. Аудиторлық компанияның жүргізілген тексеру бойынша қорытындысы	90
Статистикалық қосымшалар	91

КІРІСПЕ

Тәуелсіздік алған кезден бері Қазақстанда экономикалық дамудың ең жоғары қарқыны 2001 жылы белгіленді. ЖІӨ-нің нақты өсуі 13,2% болып, экономиканың негізгі салаларында өндірістің өсу қарқынының артуымен қамтамасыз етілді. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 13,5% артты, бұл сондай-ақ ел тарихында барынша жоғары қарқынмен өсу болып табылады.

Мұнай мен металл бағаларының біртіндеп төмендеуіне және әлемдік экономиканың өсу қарқынының баяулауына қарамастан (олар 2,4% болған еді), 2001 жыл сыртқы экономикалық жағдайлар тұрғысынан қарағанда біршама қолайлы болды деп есептеуге болады.

2001 жылы Қазақстан экономикасының дамуына оң ықпалын тигізген маңызды фактор ТМД елдерінің көпшілігінде экономикалық ахуалдың жақсаруы болды. (1-кесте). Аймақтағы экономикалық жанданудың жоғарылау себептерінің бірі Қазақстанның негізгі сауда әріптесі болып отырған Ресейде қалыпты саяси, макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылықтың қалыптасуы болды.

1-кесте

2001 жылы ТМД және Балтық елдерінің негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің өзгеруі, %

Елдер	Нақты ЖІӨ	Инфляция (желтоқсанда, желтоқсанмен салыстырғанда)	Ұлттық валюталардың АҚШ долларына қатынасы бойынша өзгеруі
Қазақстан	13,2	6,4	3,8
Ресей	5,7	18,6	5,6
Украина	9,0	6,1	-2,4*
Беларусь	4,1	46,1	33,9
Молдова	6,1	6,3	5,8
Өзбекстан	4,5	26,2	112,3*
Қырғызстан	5,3	3,7	-1,2
Әзірбайжан	9,9	1,3	4,6
Грузия	4,5	3,4	4,8*
Армения	9,6	2,9	1,8*
Тәжікстан	10,2	12,5	деректер жоқ
Латвия	6,0	2,3	2,8
Литва	3,6	0,6	0,0
Эстония	4,5	5,7	2,8

* - ресми бағам бойынша

Макроэкономикалық ахуалдың тұрақтылығына, көп жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүргізіп отырған ақша-кредит саясаты ықпалын тигізді. Инфляция қарқыны баяулады, ол жыл аяғында 6,4% болды. Экономиканы ақшамен бірте-бірте толықтыру міндеті шешілді. Экономиканы монетизациялау деңгейі 17,3%-ке дейін өсті. Айырбас бағамы саясатының саласында теңге бағамының қайта бағалануына жол берілген жоқ. Бұл сыртқы рыноктарда Қазақстан тауарлары бағасының бәсекелік қабілетінің сақталуына ықпалын тигізді және сол арқылы импорт алмастыру салаларының, сондай-ақ экспортқа бағдарланған салалардың жандануына да әсерін тигізді.

Қайта қаржыландыру ставкасы жыл бойы 9%-ке дейін төмендеді, бұл ТМД елдері ішінде ең төменгі деңгейдің бірі болып табылады. Тиісінше проценттік саясат екінші деңгейдегі банктердің банктік кредиттерге қол жеткізу мүмкіндігін арттыра түсу мақсатында олар бойынша ставкаларды төмендетуге бағдарланды.

Бюджеттің әлемдік бағалар өзгерісіне және болашақ ұрпақтар үшін қаржылық қаражаттың жинақталуына тәуелділігін азайту жөніндегі жұмыс шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Қоры толыққанды жұмыс істей бастады, оған шикізат секторы кәсіпорындарынан түскен салық түсімдерінің бір бөлігі аударылады. Мемлекеттік инвестициялық қызметтің тиімділігін арттыру үшін Қазақстанның Даму банкі құрылды.

Қазақстанның экономикалық жағдайының жақсаруын тану шетел валютасымен ұзақ мерзімді қарыз алып пайдалану бойынша 2001 жылы Standard&Poor`s, Moody`s Investors Service және Fitch сияқты үш негізгі халықаралық рейтинг агенттіктері рейтингінің «BB-»-ден «BB»/»Ba2»-ге дейін бір пунктке жоғарылауы болды.

1. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ

1.1. Экономиканың нақты секторы¹

2001 жылы Қазақстан экономикасы дамуының ең маңызды көрсеткіштерінің оң динамикасын сақтап қалу ғана емес, сонымен бірге соңғы үш жылда экономикалық өсуде қол жеткізген табыстарды едәуір нығайта түсу мүмкіндігі туды. Белгіленген экономикалық өсу өнеркәсіптегі, құрылыстағы, ауыл шаруашылығындағы, көлік пен байланыстағы өндіріс қарқынының артуымен қамтамасыз етілді.

Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 13,5% ұлғайды, оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібінде – 17%, өңдеу өнеркәсібінде – 14,8%, электр энергиясын өндіру мен бөлу, газ және су өндірісінде – 3,3%. Экономикада оң құрылымдық алға жылжуды сипаттайтын маңызды көрсеткіш өнеркәсіп өндірісі құрылымының өзгеруі болды. Өнеркәсіп өндірісі көлемінде өңдеу өнеркәсібінің үлесі тау-кен өндіру өнеркәсібінің үлесінен асып түсіп, 47% болды.

Сонымен қатар 2001 жылы ауыл шаруашылығында өсудің рекордтық қарқыны белгіленді, мұндағы жалпы өнімнің көлемі 16,9% ұлғайды.

Қазақстан экономикасының өсуіне көп жағдайда отандық және шетелдік капиталдың инвестициялық белсенділігі, сондай-ақ мемлекет жүргізіп отырған тиімді инвестициялық саясат ықпалын тигізді. 2001 жылы негізгі капиталға инвестициялар 21% артты.

2001 жылы болған экономикалық салалардағы елеулі оң құрылымдық алға жылжу кезінде өңдеу өнеркәсібі объектілерінің күрделі құрылысына инвестициялардың көлемі айтарлықтай ұлғайды (88,1%). Тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі күрделі құрылысқа инвестициялар көлемі небары 30,5% ұлғайды, бірақ олардың күрделі құрылысқа инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлесі әлі де жоғары – 58,4% болып отыр.

Экономикалық жағдайларды жақсарту ретінде денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету объектілеріне – 2,9 есе, құрылысқа – 2,8 есе, мемлекеттік басқару мен білім беру объектілеріне - 2,6 есе болып, инвестициялар көлемі айтарлықтай ұлғайды.

2001 жылы күрделі құрылысты қаржыландырудың негізгі көзі бұрынғыдай кәсіпорындар мен ұйымдардың меншік қаражаты болып отыр, олардың үлесі 58,4%-ті құрайды.

Өнеркәсіп өндірісінің өсуі жағдайында көліктік жүк тасымалдары көлемінің ұлғаюы байқалды. Саладағы көрсетілген қызмет көлемінің өсуі 2001 жылы 11,3% болды. Байланыс кәсіпорындары көрсеткен қызмет көлемі 2001 жылы өткен жылғы деңгейден 38,5% ұлғайды.

Экономикада қалыптасқан қолайлы ахуал, оған қоса өнеркәсіп өндірісінің өсуі бағалар құрылымында оң өзгерістердің пайда болуына әсерін тигізді. Кәсіпорындардың - өнеркәсіп өнімдерін өндірушілердің бағалары 2001 жылы 14,1% төмендеді, аралық тұтыну өнімі – 18,2%, тұтыну тауарлары – 0,4% арзандады. Алайда, өндіріс құралдары 2,7% қымбаттады, бұл өндіріс алыптарының өсуі салдарынан оларға сұраныстың артуын куәландырады.

Соған қарамастан, 2001 жылы азық-түлік тауарларының бағасы, шамалы болса да - 8,8% өсті, азық-түлік емес тауарлардың бағасы – 4,5%, халыққа ақылы қызмет көрсетудің бағалары мен тарифтері – 3,6% өсті. Жалпы алғанда, инфляцияның жылдық деңгейі (желтоқсаннан желтоқсанға қарай) 9,8%-тен 6,4%-ке дейін төмендеді (1-қосымша).

1.2. Салық-бюджет саласы²

¹ Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша

Қазақстанның экономикалық дамуындағы оң үрдістер бюджеттік өлшемдердің орындалуына, сондай-ақ ішкі мемлекеттік борыш динамикасына оң әсерін тигізді. Мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігі жоспарда белгіленгеннен асыра орындалды, іс жүзінде бюджеттік бағдарламалар толық қаржыландырылды.

2001 жылы салық-бюджет саласында ел экономикасын дамыту үшін аса жоғары маңызы бар іс-шаралар жүзеге асырылды. Бюджет алғаш рет орташа мерзімді бағдарлар негізінде әзірленді. 1 шілдеден бастап қосылған құн салығының (20%-тен 16%-ке дейін) және әлеуметтік салықтың (26%-тен 21%-ке дейін) ставкалары төмендетілді, бұл кәсіпорынға түсетін салық ауыртпалығын төмендетуге едәуір мүмкіндік берді. ТМД елдерімен саудада «жіберілетін елдер» принципі бойынша жанама салықтар алуға көшу жүзеге асырылды. Мемлекеттік борышты басқарудағы табыстардың бірі бағалы қағаздар айналысының мерзімін ұзарту және олар бойынша кірістіліктің төмендей түсуі болды.

2001 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджеттің түсімі 743,5 млрд. теңге немесе ЖІӨ-нің 22,6%-і болды. Салық ставкаларының төмендеуі бюджет кірістеріне әсерін тигізбеді: ҚҚС бойынша жылдық бюджеттік жоспар – 11,6%, әлеуметтік салық жоспары – 8,0% артығымен орындалды.

Шығыстар мен кредиттеу 749,1 млрд. теңге мөлшерінде жүзеге асырылды. Мемлекеттік бюджет тапшылығы 5,5 млрд. теңге сомасында қалыптасты немесе ЖІӨ-нің 0,2%-і болды.

2001 жылы республикалық бюджет түсімдер бойынша 487,6 млрд. теңге сомасында орындалды. 2000 жылмен салыстырғанда кіріс бөлігінің өсуі 27,7% болды. Республикалық бюджеттің негізгі кірістері салық түсімдерімен қамтамасыз етілді, олардың құрылымындағы көбірек сома бұрынғыдай ҚҚС түсімдері мен табыс салығына байланысты. Сондай-ақ елеулі сома табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төлемдерден, акциздерден және кеден төлемдерінен түсті.

Республикалық бюджеттің шығыстары мен кредиттеу 492,0 млрд. теңге сомасында қаржыландырылды. Ауыл және су шаруашылығына, денсаулық сақтауға, көлік пен байланысқа, білім беруге жұмсалатын шығыстар едәуір ұлғайтылды. Әскери доктринаға сәйкес қорғаныс шығыстары алғаш рет ЖІӨ-нің 1%-і мөлшерінде жұмсалды.

Заем қаражатын пайдалануға мұқтаждықтың төмендеуі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне бағалы қағаздар көлемін азайтуға және олар бойынша кірістілік деңгейін төмендетуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде 2001 жылы үкімет борышына қызмет көрсету бойынша шығыстар жылдық жоспарда белгіленгеннің 96,5%-і орындалды.

2001 жылдың қорытындысы бойынша республикалық бюджет 4,3 млрд. теңге мөлшеріндегі тапшылықпен қалыптасты. Оны сыртқы көздер есебінен қаржыландыру 4,8 млрд. теңге болды, өйткені ішкі көздер есебінен қаржыландырудың (-)0,5 млрд. теңге теріс көлемі болды.

Бюджет түсімдерімен байланысты қолайлы ахуалға қарамастан, қаражат жұмсау жыл бойы бір қалыпты болмады. Бюджеттік бағдарламаларды көбінесе жылдың екінші жартысында қаржыландыру жылдың аяғында Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі депозиттерінің күрт азаюына себеп болды. Депозиттер деңгейіндегі мұндай өзгерістер ақша базасының едәуір және жағымсыз ауытқуларға ұшырауына себеп болды, мұны стерилизациялау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі монетарлық қызмет бойынша көп шығын жұмсауға мәжбүр болды.

Үкіметтік ішкі борыш 2001 жылдың аяғында 84,0 млрд. теңге болып, бір жыл ішінде 3,9%-ке азайды. Бір жыл ішінде ұлттық валютадағы орташа және ұзақ мерзімді

² Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің деректері бойынша. Мемлекеттік бюджетті орындау және ішкі борыш жөніндегі деректер есептеу кезеңі ескерілмей берілген.

облигациялардың үлесі едәуір ұлғайды (52,2%-тен 81,6%-ке дейін), қысқа мерзімді бағалы қағаздардың үлес салмағы азайды (17,6%-тен 2,5%-ке дейін).

Сонымен, 2001 жылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ағымдағы өтімділікке байланысты проблемалары болған жоқ, ал бағалы қағаздар эмиссиясы ұзақ мерзімді айналыстағы мемлекеттік борышты қайта қаржыландыру мақсатында және қаржы рыногының осы бөлігін одан әрі дамыту үшін жүзеге асырылды. Сондай-ақ ішкі борыш құрылымындағы оң жағдай АҚШ долларымен көрсетілген міндеттемелер үлесінің азаюы болды (30,2%-тен 15,9%-ке дейін). Сонымен қатар ішкі рыноктағы барлық мемлекеттік бағалы қағаздар ұлттық валютамен көрсетілген.

1.3. Төлем балансы және сыртқы борыш

Дамыған елдер экономикасының дамуында теріс үрдістер күшейіп отырған уақытта Қазақстан экономикасы өсуінің жоғары қарқынының сақталуы 2001 жылы төлем балансының жай-күйіне айқындаушы ықпалын тигізді.

Бүкіл 2001 жыл бойы шикізат тауарларының әлемдік бағалары төмендеп отырды, бұған сыртқы сұраныстың азаюы себеп болды және ол әсіресе 11 қыркүйекте АҚШ-тағы оқиғалардан кейін күрт төмендеді. 2001 жылдың басынан бастап Қазақстан экспортының негізгі тауарларына әлемдік бағалардың орташа алынған индексі 23,4% төмендеді (2000 жылдың төртінші тоқсанына қарай есепті жылдың төртінші тоқсаны), оның ішінде 2001 жылдың қазан-желтоқсан айларында ғана – 13,4%. Сауда шарттарының орташа алынған индексі³ 2000 жылға қарағанда 2001 жылы 6,8% төмен болды.

Баға факторы экспорттың 2000 жылы жинақтаған өсу қарқынын едәуір баяулатты. Іс жүзінде нақты жеткізу көлемінің деңгейі сақтала отырып, түсті және қара металдар экспортының сандық көлемі едәуір азайды. 2001 жылдың алғашқы үш тоқсаны ішінде мұнай мен газ экспортының құндық көлемін арттыру баға факторының ықпалын теңестірді және тауарлар экспортынан түскен түсімдердің 2000 жылғы деңгейде сақталуын қамтамасыз етті (мұнай және газ конденсаты экспортының нақты көлемі 2000 жылдың 9 айымен салыстырғанда 24,5% ұлғайды), бірақ 2001 жылдың аяғында бағалардың күрт төмендеуі экспорт кірістерінің азаюына әкеп соқты. 2001 жылы мұнай және газ конденсаты экспортынан түскен кірістер (4,3 млрд. АҚШ долл.) өткен жылдың деңгейінде сақталып, қорытындысында экспортты шикізат тауарларының шектеулі тобына шоғырландыру үрдісін нығайта отырып, экспорт тауарлары құнының жиынтығы 9,1 млрд. АҚШ долл. болды және 2000 жылға қарағанда 2% төмендеді.

Мұнай және газ өндіру, жаңа кен орындарын игеру көлемін арттыру, өндіру секторында бұрынғы өндіріс алыптарын дамыту және жаңаларын іске қосу негізгі капиталға инвестициялар көлемінің өсуіне себеп болды. Инвестициялық қызметтің жандануы және халықтың нақты кірісінің өсуі импорттың едәуір өсуімен және соның салдарынан таза экспорт тауарлары көрсеткішінің азаюымен қатар жүрді. 2001 жылы Қазақстанға әкелінген тауарлардың құны 8,2 млрд. АҚШ долларына бағаланды, бұл 2000 жылға қарағанда 20% артық. Импорт құнының күрт өсуінің негізі аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарларының импорты және инвестициялық тауарлардың өсуі болды – 2001 жылы олар 3,2 млрд. АҚШ доллары сомасына әкелінді, бұл 2000 жылға қарағанда үштен бірге артық. Сауда балансының оң сальдосы 2001 жылы 0,9 млрд. АҚШ долларына жуық болды, 2000 жылдың осындай көрсеткішімен (2,4 млрд. АҚШ долл.) салыстырғанда 2,7 есе азайды.

Мұнайгаз саласы кәсіпорындарының ірі инвестициялық жобаларды іске асыру нәтижесі сондай-ақ халықаралық қызмет көрсету импортының өсуі болды. 2001 жылы құрылыс және геологиялық барлау қызметін көрсету мен консультациялық қызмет көрсету

³ Сауда шарттарының индексі импортқа сыртқы бағалардың өзгеруіне қарай экспортқа сыртқы бағалардың өзгеруіне қатынасы ретінде есептеледі. Индекстің өсуі ел экономикасының сыртқы бәсекелестік қабілетінің жақсаруын, индекстің төмендеуі – елдің әлем экономикасындағы бәсекелестік позициясының нашарлауын білдіреді.

кіретін басқа да іскерлік қызмет көрсету импортының құны 1,5 млрд. АҚШ долларынан астам ұлғайып, 2000 жылмен салыстырғанда 46%-тен астам болды. Қызмет көрсету экспортының 13% дерлік өсуі халықаралық қызмет көрсетумен операциялар бойынша теріс сальдоның 1,6 млрд. АҚШ долларына дейін ұлғаюына себеп болды, бұл шетелдік капиталды пайдаланғаны үшін 2000 жылдың деңгейінде сақталған таза төлемдермен қатар (1,2 млрд. АҚШ долларына жуық) ағымдағы есепшот операциялары бойынша едәуір теріс дисбаланстың болуына әкеп соқты. 2001 жылы Қазақстан төлем балансының ағымдағы есепшотының тапшылығы 1,7 млрд. АҚШ долл. немесе ЖІӨ-нің 7,8%-і болды.

1.3.2-кестеде төлем балансының ағымдағы есепшотының өткен бес жылдағы негізгі көрсеткіштерінің динамикасы келтірілген.

1.3.2-кесте

Қазақстан төлем балансының ағымдағы есепшотының негізгі көрсеткіштері

	1997	1998	1999	2000	2001
<i>млн. АҚШ долларымен</i>					
Сауда балансы	-276	-801	340	2440	896
Экспорт	6899	5871	5989	9288	9120
Импорт	-7176	-6672	-5648	-6848	-8224
Қызмет көрсету, кірістер мен трансферттер, нетто	-523	-435	-576	-2028	-2644
Ағымдағы операциялар есепшоты	-799	-1236	-236	412	-1748
ЖІӨ-ге %-пен	-3,6	-5,6	-1,4	2,3	-7,8
<i>өткен кезеңмен салыстырғанда өзгеруі %-пен</i>					
Тауар экспорты	9,7	-14,9	2,0	55,1	-1,8
Тауар импорты	8,3	-7,0	-15,3	21,2	20,0
Сауда шарттары	1,7	-18,0	15,2	26,6	-6,8
Нақты тиімді айырбас бағамы, желтоқсан, желтоқсанмен салыстырғанда %-пен ⁴	8,9	16,2	-26,4	2,8	-1,6

Ағымдағы есепшот операцияларының мұқтаждығы республикаға шетелдік тікелей инвестициялардың түсуі арқылы артығымен қаржыландырылды. Қазақстанға шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы ағыны 2001 жылы ең жоғары деңгейге жетіп, 4,4 млрд. АҚШ долларынан астам болды, оның 74%-і шикі мұнай мен табиғи газға, 10%-і геологиялық және іздеу қызметіне және 3%-і құбыр арқылы тасымалдауға тиесілі. Қайта инвестицияланған пайданың көлемі сәл азайғанда (0,4 млрд. АҚШ долл.) қаражаттың түсуі жаңа қаржыландыруды тартумен қамтамасыз етілді.

Шетелдік тікелей инвестициялардың Қазақстан кәсіпорындарының акционерлік капиталына ағыны (2001 жылы 530 млн. АҚШ долл.) негізінен «Шеврон» американдық корпорацияның «Теңізшевройл» БК ЖШС-дегі бес проценттік мемлекеттік қатысу үлесін және «Сентрал Эйша Петролеум Компани» ЖШС индонезиялық компанияның «Маңғыстаумұнайгаз» ААҚ-ның отыз проценттік мемлекеттік акцияларының пакетін сатуы жөнінде 2000 жылы жасалған келісім-шарттар бойынша қаражаттың түсуі есебінен қамтамасыз етілді.

Теңіз, Шығыс Қашаған, Қарашығанақ, Құмкөл кен орындарын барлау, игеру мен инфрақұрылымын дамыту және Каспий құбырын салу бойынша ірі инвестициялық жобаларды іске асыру ұлтаралық компаниялардың өздерінің еншілес қазақстандық кәсіпорындарын қаржыландыруды едәуір ұлғайтуына себеп болды. Қайта инвестицияланған пайданы қоспағанда, 2001 жылы кәсіпорындардың акционерлік емес капиталына түсімдер 3,4 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл 2000 жылға қарағанда (2 млрд. АҚШ долларынан астам) 1,7 есе көп.

⁴ Теңгенің нақты тиімді айырбас бағамы республиканың ресми тауар айналымының 87%-ін қамтитын негізгі сауда әріптестерінің – 20 елдің валюталарына теңгенің айырбас бағамдарының орташа алынған өзгеруі және бағалардың салыстырмалы өзгеруі ретінде есептеледі. Индекстің жоғарылауы/төмендеуі ұлттық валютаның елдер валюталарына қатынасы бойынша нақты қымбаттауын/арзандауын білдіреді.

Айналым қаражатын және күрделі салымдарды қаржыландыру көбінесе тікелей инвесторлардың кредиттері мен заемдары түрінде беріледі. Өндіріс көлемінің белсенді түрде өсуіне олардың жағдай жасауы тікелей инвестициялары бар кәсіпорындарға алынған пайданың өсуі есебінен борыштық міндеттемелерін өтеу төлемдерін ұлғайтуға мүмкіндік берді. 2001 жылы бас компаниялар алдындағы міндеттемелерді өтеу сомасы есептелген проценттерді капиталдандыруды қосқанда 1,8 млрд. АҚШ долларына жуық болды, бұл 2000 жылға қарағанда 26% артық. Сонымен бірге осы әкетілген соманың төрттен үш бөлігі өндіру саласындағы кәсіпорындарға тиесілі. Қазақстандық кәсіпорындардың, сол сияқты шетелдік бас компаниялардың да міндеттемелерін өтеуге төлем жасауын ескергенде, шетелдік тікелей инвестициялардың Қазақстанға нетто-әкелінуі 2,7 млрд. АҚШ долл. болып, 2000 жылғы осындай көрсеткіштен екі еседен астам болды.

Тікелей инвестициялардың шыққан елдері бойынша құрылымы мұнайгаз саласының бірлескен кәсіпорындарындағы шетелдік компаниялардың үлестік қатысуымен айқындалды – Қазақстанға шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы әкелінуінің 33%-і – АҚШ-тан, 17%-і – Канададан, 14%-і – Ұлыбританиядан, 11%-і – Италиядан, Қытай мен Ресей Федерациясынан 5%-тен түсті. Тікелей шетелдік инвестициялардың тұтас ағыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Қоры қаражатының шетелдік активтеріне орналастырылу арқылы ішінара өтелді. Портфельдік инвестициялары бар жеке сектордың операциялары – Қазақстан Республикасы Үкіметінің еурооблигацияларымен операцияларды қоспағанда, оң сальдомен қалыптасты, бұл позиция бойынша таза түсім 17 млн. АҚШ доллары болды.

Капиталдың халықаралық рыноктарында заем ресурстарының арзандауы республиканың жеке секторының аффилирленбеген кредиторлардан кредиттер мен заемдар тартуын тиімді етті. 2000 жылмен салыстырғанда республика банктерінің орташа және қысқа мерзімді несиелерді игеру көлемі 1,9 есе, республика кәсіпорындарының игеруі – бір жарым еседен астам ұлғайды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заем операциялары бойынша, оған тәуелсіз кепілдіктермен қамтамасыз етілген кредиттерін қосқанда, бұрын тартылған кредиттерді өтеу жаңа игерудің көлемінен асты, бұл мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш деңгейін төмендетуді қамтамасыз етті.

2001 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстанның жалпы сыртқы борышы 14,9 млрд. АҚШ доллары болып, бір жыл ішінде 2,3 млрд. АҚШ долларынан астам ұлғайды. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш бойынша міндеттемелер 3,8 млрд. АҚШ долларына дейін азайып, сыртқы борыштың өсуі республиканың банктері мен кәсіпорындарының тәуелсіз кепілдіктермен қамтамасыз етілмеген (кепілдік берілмеген сыртқы борыш) заем операцияларымен толық қамтамасыз етілді. Кепілдік берілмеген сыртқы борыштың 77%-тен астамын тікелей инвестициялары бар қазақстандық кәсіпорындардың бас компаниялар алдындағы міндеттемелері құрайды. 2001 жылдың аяғында тікелей инвесторлар алдындағы міндеттемелер (фирмааралық берешек) 8,6 млрд. АҚШ доллары болып, бір жылда 1,7 млрд. АҚШ долларына ұлғайды. Елдің сыртқы берешегінің ауыртпалығын бағалай отырып, тікелей инвестициялаудың негізгі мақсаты еншілес кәсіпорын қызметіндегі ұзақ уақыттық мүдде болып табылатынын және мұндай берешекті өтеудің көлемдері мен мерзімдері бойынша талаптар көбінесе, кәсіпорын алатын пайдаға тәуелді екенін назарда ұстау керек. Осындай заемдар бойынша дефолттың төмен тәуекелі, сөйте тұра, борыштың мұндай санатының мәнін төмендетпейді, өйткені олар бойынша төлем жасау басқа сыртқы заемдардың ағымдағы кірістерінің есебінен қызмет көрсету мүмкіндігіне ықпал етеді. 2001 жылы аффилирленбеген кредиторлар алдындағы кепілдік берілмеген борыштық міндеттемелер (тікелей инвесторлар алдындағы міндеттемелерді қоспағанда) үштен бірден астам ұлғайды – 2001 жылдың аяғында олар 2,4 млрд. АҚШ долларына бағаланды. Борыштың өсуі орташа мерзімді және қысқа мерзімді міндеттемелер есебінен тең дәрежеде болды. 2001 жылдың аяғындағы жағдай бойынша қысқа мерзімді міндеттемелердің үлесіне борыштың осы санатының 45%-іне жуығы тиесілі.

1.3.3-кестеде сыртқы борыштың негізгі санаттары бойынша тікелей инвесторлар алдындағы сыртқы борыштық міндеттемелерді қайта қарау ескерілген 1996 жылдан бергі жалпы сыртқы борыштың динамикасы келтірілген.

1.3.3-кесте

Жалпы сыртқы борыштың динамикасы, млн.АҚШ долл., кезеңнің аяғында

	1997	1998	1999	2000	2001
Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш	3 290,0	4 007,0	4 055,6	3929,5	3799,9
Жиынтықтан %-пен	42,5	40,3	33,6	31,3	25,5
Мемлекет кепілдік бермеген сыртқы борыш	4 459,5	5 925,2	8025,3	8636,6	11105,3
Жиынтықтан %-пен	57,5	59,7	66,4	68,7	74,5
оның ішінде фирмааралық берешек	2 504,1	3 371,9	6 162,6	6 912,9	8615,8
жиынтықтан %-пен	32,3	33,9	51,0	55,0	57,8
Жиынтығы	7 749,5	9 932,2	12 080,9	12566,1	14905,2

2001 жылы жалпы сыртқы борышты өтеу және қызмет көрсету шығыстары 6,2 млрд. АҚШ долл. болып, 2000 жылмен салыстырғанда 21% ұлғайды. Борыштық қызмет көрсету бойынша төлемдердің өсуі негізінен тікелей инвестициялары бар кәсіпорындардың сыртқы борышқа қызмет көрсетуі бойынша төлемдерінің ұлғаюы есебінен болды – 2001 жылы тікелей шетелдік инвесторлар алдындағы міндеттемелердің өтелуі 2,1 млрд. АҚШ доллары болды, 2000 жылға қарағанда 14% жоғары. 1.3.4-кестеде республиканың соңғы үш жылдағы сыртқы борышының негізгі көрсеткіштері келтірілген.

1.3.4-кесте

Қазақстан Республикасы сыртқы борышының абсолюттік және салыстырмалы өлшемдері

	1999	2000	2001
А. Абсолюттік өлшемдер, млн. АҚШ долл.			
1. Жалпы сыртқы борыш, кезеңнің аяғында	12081	12566	14905
оның ішінде фирмааралық берешек	6163	6912	8616
2. Борышқа қызмет көрсету бойынша есептелген жиынтық төлемдер:	1890	5293	6219
оның ішінде фирмааралық берешек бойынша	655	1898	2165
Б. Салыстырмалы өлшемдер			
1. Халықтың жан басына шаққанда жалпы сыртқы борыш, АҚШ долл.	808	847	1006
2. ЖІӨ-ге жалпы сыртқы борыш, %-пен	71,6	68,9	66,7
3. Тауар және қызмет көрсету экспортынан жалпы сыртқы борыш, %-пен	174,7	120,6	143,4
4. Тауар және қызмет көрсету экспортынан борышқа қызмет көрсету бойынша төлемдер, %%-мен	27,3	50,8	59,8
5. Тауар және қызмет көрсету экспортына сыйақы төлемдері, %-пен	4,7	6,9	6,6
Анықтама үшін:			
Халықтың орташа алғанда бір жылдағы саны, млн. адам	15,0	14,8	14,8
ЖІӨ, млрд. АҚШ долл.	16,87	18,25	22,36

II. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ

2.1. Ақша-кредит саясаты

2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі инфляцияның төменгі қарқынын қамтамасыз етуге бағытталған ақша-кредит саясатын жүргізді. Сонымен қатар жүргізіліп отырған саясаттың басымдықтарының бірі экономикалық өсу мен өндірісті кеңейтудің байқалған қарқынымен бірдей елдегі ақша ұсынысының ұлғаюы болды.

Соған сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы міндеттерді орындау шеңберінде бір жағынан бағаның өсуін шектеу саясатын, екінші жағынан, жанама реттеу құралдарын пайдалана отырып, ақша ұсынысын кеңейту мақсатында ақша-кредит саясатын бірте-бірте жұмсартуды жүзеге асыруға тиіс еді. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2001 жылы теңгенің еркін өзгермелі айырбас бағамын сақтай отырып, тұтастай алғанда қойылған міндеттерді орындады.

2001 жылы тұтыну бағасының индексі негізінде *есептелген жылдық инфляция деңгейі* 2000 жылғы 9,8%-тен төмендеп, 6,4% болды (желтоқсаннан желтоқсанға қарай). Қол жеткен деңгей Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген мақсаттарға сәйкес келеді және Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесіп 2001 жылға белгіленген инфляцияның индикативті деңгейінен төмен.

Айырбас бағамының тұрақтылығы (*теңгенің АҚШ долларына шаққандағы құнсыздануы* 3,8% болды), инфляцияның және ақша агрегаттарының икемділігінің азаюы, қаржы секторының тереңдеуі, сондай-ақ жүргізіліп отырған саясатқа сенімнің артуы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің іс-қимыл сабақтастығы және айқындылық 2001 жылы инфляцияның төмендеуіне жағдай туғызған негізгі факторлар болды. Нәтижесінде экономикадағы инфляциялық күту айтарлықтай төмендеді.

Экономикалық өсу жағдайында ақша ұсынысының бірдей артуы болашақта экономикалық дамудың тұрақты қарқынын сақтаудың негізгі шарттарының бірі болып табылады. Соған сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі елде ақша ұсынысын арттыру жөнінде белсенді саясат жүргізді. Нәтижесінде 2001 жылы:

- ақша базасы - 30,2 %-ке 175 млрд. теңгеге дейін, оның ішінде қолма-қол ақша (M0) – 23,3%-ке 131,2 млрд. теңгеге дейін өсті;
- ақша массасы (M3) 43,3 %-ке 569,1 млрд. теңгеге дейін өсті.

Жағымды макроэкономикалық ахуалмен қатар елімізде ақша ұсынысының өсуіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясатының бұдан әрі жұмсартуы ықпал етті. Инфляция деңгейін және қаржылық рыноктардағы жағдайларды ескере отырып Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің *ресми ставкалары* жыл ішінде кезең бойынша төмендеді. Қайта қаржыландыру ставкасы 14 %-тен 9%-ке дейін, ресми есептік ставка – 12,5%-тен 8%-ке дейін, овернайт заемдары бойынша ставка – 17%-тен 12%-ке дейін төмендеді.

Ақша базасының (резервтік ақшаның) деңгейі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ақша-кредит саясатын жүзеге асыру барысында пайдаланатын негізгі белсенді көрсеткіштердің бірі болып қалды. Ақша базасын кеңейту негізінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкідегі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің есепшоттарына шетел валютасының түсуі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ішкі валюта рыногында валюта сатып алуы есебінен өскен таза халықаралық резервтердің ұлғаюына себеп болды.

Ақша базасының мөлшерін реттеу жанама құралдардың тікелей көмегімен жүзеге асырылды. Сонымен қатар жыл ішінде ақша базасы мөлшерінің өзгеруі әдеттегідей маусымдық сипатқа ие болды. Азаюдың ең жоғары қарқыны (7%-ке) қаңтарда байқалды. Желтоқсанда байқалған ең жоғары кеңею қарқыны (11,3%-ке) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкідегі Қазақстан Республикасы Үкіметі депозиттерінің күрт азаюына байланысты болды (жыл аяғында Қазақстан Республикасы Үкіметі шығыстарының маусымдық көбеюі салдарынан).

2001 жылы *айналыстағы қолма-қол ақшаның (М0)* 23,3%-ке өсуі негізінен жағымды макроэкономикалық жағдайлардың нәтижесінде (жалақының өсуі, зейнетақы және жәрдемақы мөлшерінің өсуі және т.б.) халықтың номиналдық және нақты кірісінің едәуір өсуіне негізделген. Айналыстағы қолма-қол ақшаның ең жоғары өсуі, әдеттегідей желтоқсанда байқалды (12,1%-ке), бұл маусымдық факторға, 2001 жылғы қарашаның аяғында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жасаған әлеуметтік төлемдер бойынша өткен жылдардағы берешекті өтеуге байланысты болды.

2001 жылы белгіленген *ақша массасының өсуі (М3)* басқа ақша агрегаттарының өсу қарқынынан айтарлықтай алда болды. Ақша массасы 569,1 млрд. теңгеге дейін өсті. Нәтижесінде экономиканы монетизациялау деңгейі жыл ішінде 15,3%-тен 17,3%-ке дейін өсті, бұл Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері экономикадағы ең жоғары көрсеткіш болып табылады.

2001 жылы ақша массасының өсуіне мемлекеттің 2001 жылғы маусым – шілдеде азаматтардың капиталын жария ету бойынша акция өткізуі жағдай жасады. Банк жүйесіне депозиттер ағынын туғызған осы акцияны өткізу нәтижесінде ақша массасының ең жоғары өсуі маусымға (13,5%-ке) сәйкес келді. Банкердің ресурстық базасы өсуінің жалғасуы, өз кезегінде, кредиттік рынокта банкер операцияларының жандануына жол ашты. Сонымен, банк жүйесінің экономиканың басқа секторларына (Қазақстан Республикасының Үкіметінен басқа) талаптары 86,7%-ке өсті. Бұл өсу, банк жүйесінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне таза талаптарының 37,6%-ке және банк жүйесінің өзге де таза ішкі активтерінің 36,9%-ке азаюына қарамастан, банк жүйесінің ішкі активтерінің 2,8 еседен артық (Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының активтерін есептемегенде) көбеюіне жағдай жасады.

Осылайша, ақша массасының өсуіне банк жүйесінің ішкі активтерінің өсуі көбірек дәрежеде, банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің өсуі азырақ дәрежеде ықпал етті (3,6%-ке).

Ақша массасының құрылымындағы айналыстағы қолма-қол ақшамен салыстырғанда депозиттердің қарқындап өсуі нәтижесінде банк жүйесіндегі депозиттер үлесі өсуінің оң үрдісі сақталды. 2001 жылдың ішінде бұл көрсеткіш 73,2%-тен 77,0%-ке дейін өсті, мұның өзі ақша мультипликаторы мәнінің 2,95-ден 3,25-ке дейін өсуіне себеп болды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өтімділікті реттеу жөніндегі *негізгі құралдары* ашық рынок операциялары және қысқа мерзімді меншік ноттарының эмиссиясы болып табылды.

2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өтімділікті реттеу процесінде жаңа бағыттарды анықтау жөніндегі жұмысты бастады. Реттеу акценттері бірте-бірте ақша рыногындағы операцияларға араласатын болады. 2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы жұмыс шеңберінде ашық рыноктағы операциялар көлемін едәуір ұлғайтты. Жыл басынан бастап РЕПО операцияларының көлемі 49,1 %-ке 78,1 млрд. теңгеге, кері РЕПО операциялары – үш еседен артық 37,6 млрд теңгеге дейін өсті. РЕПО операциялары көлемінің өсуі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қайталама рынокта Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алудың, сол сияқты сатудың да төмендеуімен қатар жүрді. Сату 2000 жылғы сату көлемінің 75 % (13,5 млрд. теңге), ал сатып алу - небары 3% (470,8 млн.теңге) болды.

Ашық рыноктағы операциялар көлемінің өсуі есебінен 2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ноттарының эмиссиясы 12,2%-ке 116,4 млрд. теңгеге дейін төмендеді, айналыстағы ноттар көлемі 2,8 есе 17,6 млрд. теңгеге дейін азайды. Ноттар бойынша жыл ішіндегі орташа алынған тиімді кірістілік 9,11%-тен 5,91%-ке дейін азайды. Эмиссия және айналыс көлемдерінің төмендеуіне қарамастан, қысқа мерзімді ноттар 2001 жылы өтімділікті реттеудің негізгі құралдарының бірі болып қалды.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі операциялар көлемінің салыстырмалы түрде төмен болуынан ақша рыногындағы жағдайға әзірше елеулі ықпал

жасамайтын басқа реттеу құралдарын пайдаланды. Мұндай құралдарға, ең алдымен, вексельдерді қайта есептеу бойынша операциялар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің заемдар беруі жатады.

2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі вексельдерді қайта есептеу жүйесін іс жүзінде енгізу бойынша жұмысты бастады. Бірінші класты эмитенттер саны 2-ден 4-ке дейін көбейді («Қазатомпром ҰАҚ» ЖАҚ, «Қазақтелеком» ААҚ, «Қазақстан Теміржолы» ЖАҚ және «Қазақстан электр желілерін басқару жөніндегі компаниясы» ААҚ). Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің вексельдерді қайта есептеу туралы бас келісімі 13 банкпен жасалды. 2001 жылы барлығы «Қазатомпром ҰАҚ» ЖАҚ-ның 181 векселі 122,1 млн. теңге сомасына қайта есептеуге қабылданды және өтелді («ТұранӘлем Банкі» ААҚ-ның және «Казкоммерцбанк» ААҚ-ның есептеу кеңселерінен бір айдан екі айға дейінгі өтеу мерзімімен). Қайта есептеуге қабылданған өтелмеген вексельдер қалдығы 2002 жылғы 1 қаңтарда 7,1 млн. теңге болды.

2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жалпы сомасы 601,2 млн.теңге 10 заем берді. 2001 жылы 816,5 млн. теңге банктік заемдар қайтарылды. Сонымен қатар, 2001 жылғы желтоқсанда 2000 жылғы 28 қарашадағы № 383/1 Кепіл шартына сәйкес «Наурызбанк» ААҚ («Қазақстан акционерлік агроөнеркәсіп банкі» ААҚ-ның құқықтық мұрагері) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 563,8 млн. теңге сомасына регресстік талаптарын өтеді. 2002 жылғы 1 қаңтарда берілген банктік заемдар бойынша борыштың жалпы сомасы 1542,5 млн.теңге болды, оның ішінде алтын өндіру өнеркәсібінің кредитор банктерінің консорциумына кіретін банктер бойынша – 1214,3 млн. теңге және Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы – 328,2 млн.теңге.

Ай сайын несие портфелін жіктеу жүргізілді. 2001 жылы берілген заем бойынша ықтимал шығындардың орнын жабу үшін «Қазақстан Халықтық жинақ банкі» ААҚ жеке тұлғалардың депозиттері бойынша және «Көмірбанк» ААҚ-ына зейнетақы активтері есебінен орналастырылған депозиттер бойынша талаптар құқығын сатып алу үшін 2579 млн. теңге мөлшерінде провизия құрылды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік заемдар беру ережесіне сәйкес екінші деңгейдегі 19 банкпен «овернайт» банктік заемын беру туралы шарттар жасалды.

Заемшыларды тарату процесінің аяқталуына және шығынды заемдарды есепке алу мерзімінің аяқталуына байланысты нормативтік құқықтық актілерге сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жалпы сомасы 637 млн. теңге болатын өткен жылдардағы банктік заемдары бойынша борышының күші жойылды, заемшылар 9,4 млн. теңге сомасындағы шығынды банктік заемдарды қайтарды.

Мерзімі өткен, есептен шығару мерзімі жетпеген банктік заемдар бойынша 2001 жылдың аяғында 1,8 млрд.теңге сомасына банктік заемдар бойынша шығынды берешек есепте қалып отыр.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алдындағы берешегі мәселелері туралы» қаулысымен «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Медетші Қоры» РМК-ның 4,7 млрд. теңге мөлшеріндегі берешегі бойынша борыштың қалдығы есептен шығарылды. «Казвоенторгснабсбыт» РМК-мен әскери сауда кәсіпорындарының өткен жылдардағы мерзімі өткен берешегін қайта ресімдеу туралы 54 млн. теңге сомасына шарт жасалды.

Ақша-кредит саясатының мақсаттары үшін *нақты сектор мониторингі* өткізіледі, оған сұрақ-жауап конъюнктура сауалнамасы негізге алынады. Мониторингті өткізу басталғаннан бері оған қатысушылар 406-дан 812-ге дейін (2 есе) өсті. Негізінен бұлар өнеркәсіп, құрылыс, көлік және байланыс, ауыл шаруашылығы салаларының ірі және орташа кәсіпорындары. Қатысушылардың басым көпшілігі Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан облыстарына және Алматы қаласына сәйкес келеді.

2.2. Алтынвалюта активтері

2001 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жалпы және таза алтынвалюта активтерінің өсу қарқыны бірдей болды (19,7%). Жыл аяғында олардың мөлшері тиісінше 2508,0 млн. АҚШ долл. және 2505,7 млн. АҚШ долл. болды.

Жалпы алтынвалюта активтері көлемінің өзгеруіне еркін айналыстағы валютадағы активтердің 402,9 млн. АҚШ долларына өсуі және қымбат металдардағы активтердің 9,2 млн. АҚШ долларына өсуі ықпал етті.

Активтердің валюта бөлігіндегі өсу факторларының бірі - ішкі валюта рыногында валюта сатып алу болды. 2001 жылы Қазақстанның Қор биржасында шетел валютасын нетто-сатып алу 104,8 млн. АҚШ долл., ал банкаралық валюта рыногында – 218,4 млн. АҚШ долл. болды.

Сол сияқты жалпы валюта активтері көлемінің өсуіне Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің пайдасына 832,5 млн. АҚШ долл. сомасындағы шетел валютасының түсуі ықпал етті. Неғұрлым елеулі сома «Теңізшевройл» компаниясынан (497,7 млн. АҚШ долл.) салық төлеу түрінде, «Байқоңыр» ғарыш айлағын жалға беруден (115,0 млн. АҚШ долл.), «Қазақмыс» компаниясын жекешелендіруден (80,7 млн. АҚШ долл.), «Қазақойл» ҰМК төлемдерінен (55,2 млн. АҚШ долл.) және Қазақстан Халықтық Банкі ААҚ мемлекеттік акциялар пакетін сатудан (37,0 млн. АҚШ долл.) түсті.

Сонымен қатар, жалпы валюта активтері көлемінің өзгеруіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы борышы бойынша 395,6 млн. АҚШ долл. сомасындағы төлемдері және Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорына 568,0 млн. АҚШ долл. сомасындағы шетел валютасын сату әсер етті.

Қымбат металдардағы активтер құнының өсуі алтынның әлемдік бағасының өсуі нәтижесінде орын алды.

Алтынвалюта активтерін басқару бойынша операциялық қызмет. 2001 жылы алтынвалюта активтерін басқару олардың сақталуын, өтімділігін қамтамасыз ету және кірістілікті арттырудың негізгі принциптеріне сүйеніп жүргізілді.

Шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен кері РЕПО операцияларын жасау нәтижесінде орташа сыйақы ставкасы жылдық 4,41% болған жағдайда АҚШ-тың Федералды Резервтік Банкімен операциялар бойынша РЕПО есепшотындағы овернайт 184,6 млн. АҚШ долл. болды. АҚШ долларымен, еуромен және ағылшын стерлинг фунтымен орташа мерзімі 7 күн болатын жалпы сомасы 513,7 млн. АҚШ долларына балама сомаға 14 кері РЕПО мәмілесі жасалды.

Балама бойынша, АҚШ Үкіметінің бағалы қағаздар портфелі 134,0 млн. АҚШ долл., 449,0 млн. АҚШ долл. дейін ұлғайды, Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздар портфелі 507,4 млн. АҚШ долл. 35,6 млн. АҚШ долл. дейін қысқарды, еуро аймағы елдерінің бағалы қағаздар портфелі 250,5 млн. АҚШ долл. 363,6 млн. АҚШ долл. дейін ұлғайды, Ұлыбритания Үкіметінің бағалы қағаздар портфелі 13,8 млн. АҚШ долл. 57,0 млн. АҚШ долл. дейін қысқарды, АҚШ және Германия агенттіктерінің бағалы қағаздар портфелі 320,6 млн. АҚШ долл. 330,6 млн. АҚШ долл. дейін өсті. Бағалы қағаздар портфелінің құрылымы 2.2.1- кестеде келтірілген.

2.2.1-кесте

Бағалы қағаздар портфелінің құрылымы, %

Бағалы қағаздар атауы	2000 жыл аяғында	2001 жыл аяғында
АҚШ БҚ	29,95	36,33
ХҚҰ БҚ	51,62	2,88
ЕУРО аймағы Үкіметтерінің БҚ	10,75	29,42
Ұлыбритания БҚ	6,73	4,61
АҚШ және Германия агенттіктерінің БҚ	0,95	26,75
Жиынтығы:	100,00	100,00

31.12.2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі инвестицияларды басқару бойынша 4 Келісім жасады. 2001 жылдың аяғында сыртқы басқаруға берілген портфельдің рыноктық құны 619,3 млн. АҚШ долл. немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын валюта активтерінің 24,7%-і болды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі *алтын активтерімен операциялар* жүргізу кезінде сыртқы алтын активтерінің бір бөлігін Англия Банкіндегі депозиттік есепшотта орналастыру арқылы кредиттік тәуекелді азайту стратегиясын ұстанды. Осылайша, 2001 жылы сыйақы ставкасы 0,94% болғанда, жалпы сомасы 3388,7 млн. АҚШ долл. болатын 337 депозиттік операция, 20,7 млн. АҚШ долл. көлемінде алтын сатуға 4 опцион, сондай-ақ жалпы сомасы 23,1 млн. АҚШ долл. алтынды сатып алу/сату бойынша 104 операция және 8,3 млн. АҚШ долл. көлемінде 1 проценттік своп операциясы жасалды.

Қарсы әріптестермен валюталық депозит операциялары бекітілген лимиттерге сәйкес жүргізілді. 2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жалпы сомасы 6323,7 млн. АҚШ долл. болатын АҚШ долларымен валюталық активтерді орналастыру бойынша 195 операция, сондай-ақ еуромен 4 операция және ағылшын стерлинг фунтымен 4 операция жалпы балама сомасы тиісінше 15,3 млн. АҚШ долл. және 38,8 млн. АҚШ долл. жүзеге асырды.

Сонымен қатар, 2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі екінші деңгейдегі банктерден жалпы сомасы 307,9 млн. АҚШ долл. болатын АҚШ долларымен 76 депозит, еуромен 3 депозит және жапон йенімен 2 депозит балама сомасы тиісінше 17,6 млн. АҚШ долл. және 11,4 млн. АҚШ долл., сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен жалпы сомасы 2488,5 млн. АҚШ долл. болатын АҚШ долларымен 61 депозит тартылды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің депозиттері бойынша жалпы сыйақы сомасы АҚШ долларымен теңгедегі баламасы 3 млрд. теңгеге жуық болды.

Сыртқы рынокта 395,4 млн. АҚШ долл. 102 *валюта айырбастау операциялары* жүргізілді, оның ішінде – 31 операция 187,5 млн. АҚШ долл. сомасына алтынвалюта активтерінің портфелін қайта құрылымдау мақсатында жүргізілді. Сондай-ақ, жыл басынан бері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі валюта айырбастау бойынша арбитраждық 1 операцияны және қолма-қол АҚШ долларын сатып алу бойынша 1 операцияны жүзеге асырды.

Алтынвалюта активтерімен операциялар бойынша кіріс және оның құрылымы. Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтерімен жасалатын операциялардан кірісі 2000 жылғы кіріс көрсеткішімен салыстырғанда 2001 жылы 71,9%-ке 192,0 млн. АҚШ долл. дейін өсті. Алтынвалюта активтерімен жасалатын операциялардан кірістер бойынша жиынтық деректер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кезең соңындағы ресми бағамы бойынша қазақстандық теңгемен салыстырғанда АҚШ долларымен есептелді. Операция түрлері бойынша кірістер құрылымы 2.2.2-кестеде келтірілген.

Есептеу әдісі бойынша кірістер құрылымы, (кірістің жалпы сомасынан %-пен)

№	Операция атауы	2000 жылы	2001 жылы
1.	Валюталық операциялар	11,86	2,56
2.	Ақша рыногындағы операциялар	6,40	4,62
3.	БҚ рыногындағы операциялар	67,61	69,96
4.	Алтынмен операциялар	2,54	1,95
5.	Сыртқы басқару	11,59	20,91
	Жиынтығы:	100,00	100,00

Ұзақ мерзімді болашақта активтердің кірістілігін арттыру мақсатында барынша жоғары өтімділік деңгейі сақталған жағдайда, сондай-ақ инвестициялау тәртібін нығайту үшін алтынвалюта активтері шартты түрде ұзақ мерзімді портфельге, қысқа мерзімді портфельге және алтын портфельіне бөлінді. Аталған портфельдердің әрқайсысына эталондық портфельдер және тәуекелдің негізгі көрсеткіштері бойынша жол берілетін ауытқулар бекітілді. Қысқа мерзімді портфель үшін – Merrill Lynch 3-month US Treasury Bill Index индексі, ұзақ мерзімді портфель үшін 70% Merrill Lynch US Treasuries&Agencies 1-3 years, 25% Merrill Lynch German Federal Governments 1-3 years, 4% Merrill Lynch U.K. Gilts 1-3 years Index және 1% Merrill Lynch Japanese Governments 1-3 years индекстері эталонды портфель болып табылады.

Ұзақ мерзімді портфель бойынша жыл ішіндегі АҚШ долларындағы кірістілік дербес басқаруда 8,65% (эталондық портфель кірістілігі – 8,26%), еуроғағы ұзақ мерзімді портфель бойынша – 4,93% (эталондық портфель кірістілігі – 5,61%), ағылшын стерлинг фунтындағы ұзақ мерзімді портфель бойынша – 6,11% (эталондық портфель кірістілігі – 6,18%), дербес басқарудағы қысқа мерзімді портфель бойынша АҚШ долларындағы кірістілік – 5,21% (эталондық портфель кірістілігі – 4,42%).

Кредиттік тәуекелді басқару. Ай сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің активтерін жіктеу және олар бойынша провизиялар құру жөніндегі жұмыс жүргізілді, тоқсан сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қарсы әріптестері рейтингтеріне мониторинг жүргізіледі және лимиттер белгіленеді.

2.3. Валюталық реттеу және бақылау

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің валюталық реттеуді жетілдіру жөніндегі қызметінің негізгі бағыттары 2001 жылы валюталық рынокты тікелей реттеудің ажырамайтын бөлігі болып табылатын валюталық бақылау рәсімдерін тәртіпке келтіру, сондай-ақ сыртқы экономикалық операцияларға қатысушылардың жауапкершілігін және іс жүзінде валюталық заңдарды бұзғандарды жауапкершілікке тарту тетігі болмағандықтан оларға қойылатын талаптарды арттырудан көрінеді.

Қазақстан Республикасының Президенті және үкіметтік бағдарламалар алға қойған міндеттерді орындау үшін 2001 жылғы 2 ақпаннан бастап күшіне енгізілген «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне валюталық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы әзірленіп, және қабылданды.

Осы Заңды іске асыру мақсатында валюталық реттеу және бақылау мәселелері бойынша бірқатар нормативтік құқықтық актілер әзірленіп, қабылданды, атап айтқанда:

- Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесі (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 20.04.01ж. №115 қаулысымен жаңа редакцияда бекітілді),
- Капитал қозғалысымен байланысты валюталық операцияларды тіркеу ережесі (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.01ж. №88 қаулысымен жаңа редакцияда бекітілді),

- Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау ережесі (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 06.08.01ж. №306 қаулысымен жаңа редакцияда бекітілді),
- Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулық (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 05.09.01ж. №343 қаулысымен жаңа редакцияда бекітілді),
- Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа толықтырулар мен өзгерістер (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 20.04.01ж. №111 және 01.12.01ж. №478 қаулыларымен бекітілді),
- Қазақстан Республикасының валюта заңдарын сақтау мәселелері бойынша тексеру ұйымдастыру және жүргізу ережесіне толықтырулар (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 02.06.01ж. №188 қаулысымен бекітілді).

Валюта заңдарына негізгі өзгерістер. «Валюта заңдары» ұғымы айқындалды, себебі бұрын осы ұғым болмағандықтан оны бұзғандарды жауапқа тарту қиын болды. Резиденттер мен резидент еместер арасында ұлттық валютамен операциялар жасау кезінде валюталық құндылықтарға жатқызылды. Сонымен қатар теңгемен жасалатын осындай операциялар шетелдік валюталармен жасалатын операциялармен бірдей валюталық бақылауға жатады. Айырбастау пункттерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған шаралар қабылданды, атап айтқанда айырбастау пункттерінің үй-жайларына қойылатын және оларды техникалық жарақтандыру талаптары күшейтілді. Капиталдың республикадан тыс жерлерде айналыс мерзімін қысқарту мақсатында ағымдағы валюталық операцияларды жүргізу мерзімі 180 күннен 120 күнге дейін азайтылды.

Резидент заңды тұлғалар үшін ішкі валюта рыногында шетел валютасын сатып алуға қосымша негіздер көзделді, ал резидент емес заңды тұлғалар оны шектеусіз сатып алу құқығына ие.

Қолма-қол валюта рыногының тұрақты өсуі жеке тұлғалар үшін қолма-қол шетел валютасын республикадан әкету нормасын 3 мыңнан 10 мың АҚШ долл. баламасына дейін өсіруге мүмкіндік берді, сондай-ақ уәкілетті банктер арқылы біржолғы аударым жасау нормасы да 10 мың АҚШ долл. дейін өсірілді.

Валюта заңдарына енгізілген өзгерістермен айырбастау пункттері арқылы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізу кезінде анықтама-сертификатты міндетті жазып беру талабы күшін жойды. Енді анықтама-сертификатты клиенттің қалауымен жазып береді. Мұндай жағдайда жеке басын куәландыратын құжаттар ретінде жеке куәлігін ғана емес, қызметтік төлқұжат және әскери билетті көрсетуге де рұқсат етіледі. Айырбастау операцияларын жүргізудің осындай оңайлатылған тәртібі ТМД аумағында іс жүзінде жалғыз тәртіп болып табылады.

Валюталық операциялардың жекелеген түрлері мемлекеттік органдар тарапынан артық бақылаудан босатылды, мұның өзі оны неғұрлым тартымды етеді. Атап айтқанда, есеп айырысудың құжаттамалық нысандарын пайдалана отырып жасалған операциялар үшін және мемлекеттің кепілдік беруімен тартылған мемлекеттік емес сыртқы заем шарттары бойынша ішкі валюталық рынокта сатып алынған шетелдік валютаны пайдалануға жеңілдік шаралары көзделген.

Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті лицензиялаудың жаңа ережелерінде лицензияланатын операциялар тізбесін елеулі қысқарту көзделді. Сонымен қатар лицензиялау рәсімін оңайлату мақсатында лицензия алу келісілетін мемлекеттік органдардың және өтініш беруші ұсынатын құжаттардың тізбесі қысқартылды.

Шынайы әрі толық статистикалық есепті қамтамасыз ету, сондай-ақ резидент еместер алдындағы қаржылық міндеттемелерді ұлғайтуды асыра пайдалануды болдырмау үшін Валюталық операцияларды тіркеу ережесінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тіркелген мәмілелер бойынша банктерге және Кеден комитетіне мәліметтер беру

көзделген. Екінші деңгейдегі банктер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тіркелген шарттар бойынша қаражат қозғалысы жөнінде ақпарат ұсынады.

2001 жылы экспорт-импорт бақылауы бойынша жұмыс жүргізілді. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде қазіргі уақытта кеден органдарын техникалық жарақтандыруда орын алып отырған проблеманың салдарынан экспорттық түсімнің қайтарылмауы және импорт бойынша тауарлардың түспеу мөлшері бойынша сенімді ақпарат болмауына байланысты Экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы жаңа нұсқаулық қабылданды. Осы Нұсқаулықта көзделген экспорт-импорт валюта бақылауы схемасын іске асыру үшін валюталық бақылау бойынша автоматтандырылған ақпараттық жүйені әзірлеу басталды.

Лицензиялық қызмет және валюта заңдарын бұзуга қатысты әкімшілік іс жүргізу. 2001 жылы:

- ҚР резидент заңды тұлғаларына шет елдегі шетелдік банктерде есепшоттар ашуға - 57 ;
- капитал қозғалысымен байланысты операциялар жүргізуге - 1152;
- резиденттердің тауар (жұмыс, қызмет) экспортына ақы төлеуге валюталық түсім алу мерзімін тауар (жұмыс, қызмет) экспортталған күннен бастап 120 күннен астам мерзімді көздейтін операцияға - 366;
- қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуге (2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған айырбастау пункттерінің саны – 2436) - 202 лицензия берілді.

2001 жылғы 25 ақпаннан бастап Қазақстан Республикасының валюта заңдарының нормаларын бұзғаны үшін заңды және жеке тұлғалардың әкімшілік жауапкершілігін көздейтін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің күшіне енгізілуіне байланысты 2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарын ескере отырып):

- әкімшілік құқық бұзушылық туралы 817 материал қаралды, оның ішінде – 376 материал бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 141 істі қарады, олар бойынша жалпы сомасы 9,4 млрд. теңгеге айыппұл санкциялары салынды.

III. ҚОЛМА-ҚОЛ АҚША АЙНАЛЫМЫН РЕТТЕУ

Эмиссиялық жұмыс және қолма-қол ақша айналымы. 2001 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің резервтік қорларынан 235,4 млрд.теңге сомаға қолма-қол

ақша, оның ішінде эмиссиялық орауда 97,4 млрд. теңге айналысқа шығарылды, 206,3 млрд. теңге айналыстан шығарылды. 2001 жылы қолма-қол ақшаның таза эмиссиясы 4,8 есе өсті және 29,1 млрд.теңге болды. Айналыстағы қолма-қол ақша эмиссиясының өсуі шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық белсенділігінің өсуіне және тиісінше, олардың қолма-қол ақшаға қажеттілігінің өсуіне байланысты.

2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша айналыста 131,2 млрд. теңге болды (3-косымша).

Екінші деңгейдегі банктердің кассаларына қолма-қол ақшаның түсу көлемі 2001 жылы 2000 жылмен салыстырғанда 24%-ке 1529,4 млрд.теңгеге дейін, беру көлемі - 27%-ке 1546,6 млрд. теңгеге дейін өсті. Қолма-қол ақша айналысының өсуі іс жүзінде барлық түскен ақша мен берілген ақша баптары бойынша белгіленді.

Аймақтарға қатысты, Алматы қаласын қоспағанда барлық облыстарда оң эмиссиялық нәтижелер белгіленді. Алматы қаласы бойынша қолма-қол ақшаны айналымнан шығару көлемі 2001 жылы 9,3 млрд. теңгеге көбейді және 100,8 млрд. теңге болды, бұл республиканың басқа аймақтарынан осы аймаққа қолма-қол ақшаның миграциясы көлемінің ұлғайғанын көрсетеді. Эмиссиялық көрсеткіштердің төмендеуі Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында ғана байқалды. Неғұрлым эмиссияланатын облыстар, өткен кезеңдердегідей, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстары болып табылады. Қолма-қол ақша эмиссиясы Шығыс Қазақстан облысында 80%-ке 24,8 млрд. теңгеге дейін, Атырау облысында - 41%-ке 14,2 млрд. теңгеге дейін, Павлодар облысында –2 еседен астам 6,8 млрд. теңгеге дейін едәуір көбейді. Қалған облыстар бойынша эмиссия көлемінің шамалы ғана көбеюі байқалды.

Банкноттар мен металл ақшаны айналыстан шығару, тозған банкноттарды жою, жалған ақша жасаудың алдын алу. 2001 жылдың ішінде тозған банкноттарды жою жөніндегі жұмыс едәуір жанданды. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айналыстан шығарылған ескі үлгідегі банкноттар мен тозған банкноттарды жоспарлы түрде жою мақсатында банкноттарды жоюдың жетілдірілген автоматтандырылған жүйесін сатып алды. 2001 жылы 60,4 млрд.теңге жойылды, бұл ұлттық валюта енгізілген кезден бастап жойылған банкноттардың жалпы көлемінің 80%-і болды (75,9 млрд.теңге). 2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұлттық валюта ақша белгілерінің сапалы жай-күйін қолдау жөніндегі жұмысты жалғастырды. Атап айтқанда, номиналы 1 – 50 теңгелік банкноттарды кейін металл ақшаға ауыстыра отырып, айналыстан шығару жөнінде жұмыс жалғастырылды. 2001 жылғы кезең ішінде айналыстан шығарылған номиналы 1 – 50 теңгелік банкноттар сомасы 827,9 млн.теңге болды, осылайша 2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша осы номиналдағы айналыстағы банкноттардың барлығы 554,7 млн. теңге (номиналы осындай дайындалған банкноттың жалпы сомасынан 4%) болды. 2001 жылдың ішінде номиналы осындай банкноттарды айналыстан шығару қарқыны төмендеді, бұл осындай номиналы бар банкноттарды қолма-қол ақша айналыстан шығару барысының біртіндеп аяқталуын көрсетеді.

Қолма-қол ақша айналысын ұсақ номиналды ақша белгілерімен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі екінші деңгейдегі банктерді ұсақ металл ақшамен уақтылы қамтамасыз етті. 2001 жылғы кезең ішінде айналыстағы циркуляциялық металл ақша сомасы 1,3 млрд. теңгеге, 2,8 млрд. теңгеге дейін көбейді.

Қолма-қол ақша белгілері – тиындар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен және 1993 жылғы үлгідегі циркуляциялық металл ақша (теңге) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен Қазақстанның ақша айналысынан шығарылады.

2001 жылғы 1 қыркүйекте жаңа және ескі үлгідегі номиналы «200 теңгелік» және «500 теңгелік» банкноттардың айналыста қатар жүру кезеңі аяқталды, ол кезең ішінде 92,8% ескі үлгідегі банкноттар айналыстан шығарылды.

2001 жылы 2418 күмәнды ақша белгілері бойынша сараптама жүргізілді. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарын техникалық және ақпараттық жарақтандыру бойынша жалған ақша жасаудың алдын-алуға және онымен күресуге бағытталған іс-шараларды жүргізуге дайындық жүзеге асырылды.

Жаңа үлгідегі банкноттарды, мерейтойлық және ескерткіш металл ақшаларды шығару. 2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қолдан жасаудан қорғайтын күшейтілген элементтері бар номиналы «1000 теңгелік» және «2000 теңгелік» жаңа үлгідегі банкноттар, сондай-ақ номиналы «5000 теңгелік» 2001 жылғы үлгідегі циркуляциялық банкнотты ішінара өзгертілген дизайнмен енгізді.

2000-2005 жылдарға арналған мерейтойлық және ескерткіш металл ақшаларды шығару тұжырымдамасына сәйкес 2001 жылы:

- номиналы «500 теңгелік» (925/1000 сынам), саны 3000 дана: «Қазақстанның Қызыл кітабы» сериясынан «Ілбіс» және «Сайғақ», «Қолданбалы қолөнері» сериясынан «Нарқобыз», «Қазақстан Петроглифтері» сериясынан «Умай» ескерткіш күміс ақшасы;

- номиналы «1000 теңгелік» (999/1000 сынам) «Архитектуралық және тарихи ескерткіштер» сериясынан «Алтын Адам» 2000 дана ескерткіш алтын ақшасы айналысқа шығарылды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10-жылдығына үш түрлі: «нейзильбер» қоспасынан жасалған номиналы «50 теңгелік» (50 мың дана), 925/1000 сынамды күмістен жасалған номиналы «500 теңгелік» (3 мың дана) және 925/1000 сынамды күмістен жасалған номиналы «5000 теңгелік» (100 дана) мерейтойлық металл ақшасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10-жылдығына арналған мерейтойлық жазуы бар 2001 жылғы үлгідегі номиналы «5000 теңгелік» банкноттар (1 млн. дана) айналысқа шығарылды.

IV. ҚАРЖЫ РЫНОГЫ

4.1. Валюта рыногы

2001 жылдың ішінде ішкі валюта рыногындағы қолданылып жүрген үрдістер негізінен Қазақстанның экономикалық дамуындағы оң үрдістердің одан әрі күшеюіне байланысты болды. Сондай-ақ валюта рыногының тұрақтылығына валюталық түсімдер ішкі валюта рыногындағы шетел валютасының маңызды ағынын құрайтын елдің негізгі экспорттық позициялары бойынша салыстырмалы тұрақты ахуал ықпал етті.

2001 жыл бойы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шетел валютасын сатып алу, сол сияқты сату бойынша операцияларды жүзеге асырды. Жалпы алғанда жыл бойы АҚШ долларын сатып алу көлемі сату көлемінен асып кетті, бұл елдің алтынвалюта резервтерін толықтыруға ықпал етті.

2001 жылдың аяғында теңгенің АҚШ долларына айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 150,94 теңге, ал бір жылғы орташа алынғаны - 1 АҚШ доллары үшін 147,22 теңге болды.

Конверсиялық операцияларды жүзеге асырудың негізгі валютасы АҚШ доллары болды. 2001 жылы доллар позициясындағы биржалық сауда көлемі 1952,0 млн. АҚШ доллары болды, ол 2000 жылғы деңгейден 12,8%-ке асты.

Биржадан тыс айналым биржалық айналымнан едәуір асып кетті: биржадан тыс валюта рыногындағы резидент банктер арасындағы мәмілелер көлемі баламасы бір жылда 13,8%-ке ұлғайып, 3647,8 млн. АҚШ долларына жетті.

Валюта рыногының биржалық және биржадан тыс бөліктері айналысында неміс маркасымен және еуромен жасалған операциялардың үлесі шамалы ғана болды және төмендей берді. Биржа рыногында неміс маркасымен және еуромен жасалған операциялар көлемі 21,1 және 8,5 есе қысқарып, тиісінше 45 мың неміс маркасы және 85 мың еуро болды. Биржадан тыс валюта рыногында неміс маркасымен конверсиялық операциялар көлемі 16,2%-ке 18,5 млн. неміс маркасына дейін төмендеді, ал еуромен операциялар көлемі 67,6%-ке 18,2 млн. еуроға дейін көбейді.

2001 жылы валюта рыногының биржалық бөлігінде 1997 жылы тоқтатылған ресей рублімен сауда-саттық қайтадан жаңартылды. 2001 жылғы ресей рублімен операциялар көлемі 86,2 млн. ресей рублі болды.

Ресей рублімен операциялардың негізгі көлемі валюта рыногының биржадан тыс бөлігіне тиесілі, бұл резидент банктердің олармен жүргізілетін операциялар үлесінің өсуіне әкелді. 2001 жылғы операциялар көлемі 2000 жылғы көлеммен салыстырғанда 57,2%-ке өсіп, 1023,8 млн. ресей рублі болды.

Өткен жылдардағыдай қолма-қол шетел валютасы рыногында АҚШ долларына басымдық берілді, және тиісінше рыноктың осы бөлігінде осы шетелдік валютаны сатып алу бойынша операциялар басым болды.

2001 жылы айырбастау пункттерінің АҚШ долларын сату көлемі 2369 млн. АҚШ доллары болып, өткен жылмен салыстырғанда 2,2%-ке көбейді. Айырбастау пункттерінің АҚШ долларын сатудың орташа айлық көлемі 6 млн. АҚШ долларына өсті және 197 млн. АҚШ доллары болды.

Осылайша, әлемдік экономиканың өсу қарқынының баяулауына, Қазақстан экспортының негізгі баптарына арналған әлемдік бағалардың төмендеуіне, сауда талаптарының және елдің төлем балансының ағымдағы операцияларының есепшот сальдосының нашарлауына қарамастан ұлттық валютаның позициясы тұрақты болып отыр. 2001 жылы теңгенің құнсыздануы 3,8% болды, бұл республика тәуелсіздігінің тарихындағы ең төмен көрсеткіштің бірі болып табылады. Бұл халық, отандық және шетелдік инвесторлар тарапынан теңгеге деген сенімнің және ұлттық валютаның айырбас бағамының тұрақтылығына деген сенімділіктің одан әрі нығаюын куәландырады.

4.2. Банкаралық ақша рыногы

2001 жылы банкаралық ақша рыногы тұрақты жұмыс істеді және рыноктың осы бөлігіндегі қысқа мерзімді қарыз алып пайдалану банктердің ағымдағы өтімділігін

реттеудің негізгі құралы болып қала берді. Банктер ақша рыногында қысқа мерзімді теңгелік банкаралық депозиттерді тарту және орналастыру бойынша операцияларды белсенді түрде жүзеге асырды, бірақ іс жүзінде ұлттық валютамен банкаралық кредиттер берілген жоқ. Орналастырылған банкаралық теңгелік депозиттердің жалпы көлемі 2000 жылмен салыстырғанда 25,6%-ке 241,5 млрд. теңгеге дейін көбейді. Банкаралық теңгелік депозиттер кірістілігінің орташа жылдық деңгейі 5,72% (2000 жылы – 7,15%) болды.

Банктер сондай-ақ валюта құралдарының банкаралық рыногында жоғары белсенділік танытты. Осылайша, банктердің қысқа мерзімді валюта операцияларының негізгі түрі болып табылатын банкаралық долларлық депозиттер 17,1 млрд. АҚШ доллары (2000 жылы – 10,5 млрд. АҚШ доллары) сомасында орналастырылды. Банктер 2000 жылмен салыстырғанда 2,2, есе көбейіп, 1,8 млрд. еуро сомаға еуроғағы депозиттерді орналастырды.

Шетел валютасындағы банкаралық қарыз алып пайдаланудың қалған түрлері бойынша операциялар аз көлемде жасалды.

Шетел валютасындағы банкаралық қарыз алып пайдалану бойынша кірістілік динамикасы оның төмендеуінің тұрақты үрдісімен сипатталды. АҚШ долларымен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2001 жылғы желтоқсанда 3,10% (2000 жылғы желтоқсанда – 6,42%), еуромен – 3,01% (2000 жылғы желтоқсанда – 4,60%) болды.

4.3. Депозиттік және кредиттік рыноктар

Жалпы алғанда, 2001 жылы елдің депозиттік және кредиттік рыноктарындағы ахуал елдің қаржы рыногының даму жылдарына қарағанда неғұрлым жағымды болды. Ел экономикасында оң үрдістер күшейтілді, азаматтардың капиталын жария ету бойынша біржолғы акция жүргізілді, халықтың салымдарына кепілдік беру (сақтандыру) жүйесі жетілдірілді және халықтың нақты табысы көбейді.

Депозиттік рыноктағы ахуал банктердің ресурстық базасының біртіндеп өсуімен сипатталды. Банк жүйесіндегі резиденттердің депозиттері 50,7%-ке 437,9 млрд. теңгеге дейін (валюталық баламасы – 2,9 млрд. АҚШ долларынан астам) өсті.

Заңды тұлғалардың депозиттері 25,1%-ке өсті және 2001 жылдың аяғында 253,1 млрд. теңге болды. Заңды тұлғалардың депозиттерінің жартысынан астамын талап ету депозиттері (53%) құрайды. Тиісінше, заңды тұлғалар ағымдағы операцияларды жүзеге асыру үшін депозиттік есепшоттардағы, әсіресе талап ету есепшоттарындағы ақшаны пайдаланған жағдайлары әлсін-әлсін туындап отырды.

Банк жүйесінде халық салымдары өсуінің оң үрдісі сақталды. Салымдар көлемінің орташа айлық өсімі 4-5 млрд. теңге (2000 жылы – 3 млрд. теңгеге жуық) болды.

Маусым және шілде айларында азаматтардың капиталын жария ету жөнінде жүргізілген акция маңызды оқиға болды, ол банк секторына қосымша ресурстар тартуға себепші болды. Осы акция нәтижесінде 480 млн. АҚШ долларына жуық ақша жария болды. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалауы бойынша, осы акция нәтижесінде азаматтардың 60%-ке жуық барлық жария болған ақшасы әр түрлі банктік салымдарға қайта ресімделді.

Нәтижесінде, жалпы алғанда 2001 жылы халықтың салымы (резидент еместерді ескергенде) 2 еседен аса өсті және 185,5 млрд. теңге (валюталық баламасы 1,2 млрд. АҚШ долларынан астам) болды.


Халықтың депозиттер құрылымында талап ету депозиттерімен және ағымдағы есепшоттармен салыстырғанда мерзімді депозиттердің басым түрде өсуі негізгі оң жағдай болды (4.3.1-сурет). Мерзімді депозиттер бір жылдың ішінде 2,3 есе 146,8 млрд. теңгеге дейін, талап ету депозиттері (ағымдағы есепшоттарды ескергенде) – 43,7 %-ке 38,6 млрд. теңгеге дейін өсті. Нәтижесінде халықтың мерзімді депозиттерінің үлес салмағы 70,7%-тен 79,2%-ке дейін көбейді.

Макроэкономикалық жағдайдың жақсаруы және инфляция қарқынының төмендеуі тартылатын депозиттер бойынша номиналды ставкалардың біртіндеп төмендеуіне себепші болды. 2001 жылы жеке тұлғалардың теңгелік мерзімді депозиттері бойынша сыйақының орташа алынған ставкасы 15,6%-тен 12,8%-ке дейін, шетел валютасымен депозиттер бойынша – 8,6%-тен 7,3%-ке дейін төмендеді. Тартылатын депозиттер бойынша ставкалардың біртіндеп төмендеуі банктік кредиттер бойынша ставкалар деңгейінің төмендеуіне ықпал етеді.


Банктер қолайлы макроэкономикалық жағдайдың және депозиттік базаның өсуімен қатар **кредиттік рыноктағы** өздерінің қызметін айтарлықтай жандандырды. 2001 жылы банктердің экономикаға кредиттерінің жалпы көлемі 77,3%-ке 489,8 млрд. теңгеге (валюталық баламасы – 3,2 млрд. АҚШ долларынан астам) дейін өсті, бұл орайда банк активтерінің құрылымында экономиканы кредиттеу үлесі 52,3%-тен 60%-ке дейін өсті.

2001 жылы экономиканың нақты секторында кредиттеудің жалпы өсімі кезінде шетел валютасындағы кредиттердің басымдылықпен өсуі жалғастырылды (4.3.2-сурет). 2001 жылы ұлттық валютадағы кредиттер 4,4%-ке өсті және 141,2 млрд. теңге болды, шетел валютасымен кредиттер 2,5 есе өсіп, 348,6 млрд. теңге немесе 2,3 млрд. АҚШ доллары болды. Нәтижесінде теңгелік кредиттердің үлес салмағы 49,0%-тен 28,8%-ке дейін төмендеді. Шетел валютасындағы кредиттер үлесінің өсімі ресурстық база құрылымында шетел валютасымен көрсетілген міндеттемелер үлесінің көбеюіне байланысты.

4.3.1-сурет



4.3.2-сурет



2001 жыл бойы мерзімдері бойынша кредиттер құрылымында оң өзгерістер болды, мұндағы орташа және ұзақ мерзімді кредиттер қысқа мерзімді кредиттермен салыстырғанда басым сипатта өсті. Орташа және ұзақ мерзімді кредиттер 86,9%-ке өсіп, 248,7 млрд. теңге болды, қысқа мерзімді кредиттер – 68,4%-ке өсіп, 241,1 млрд. теңге болды. 2001 жылғы орташа және ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 48,2%-тен 50,8%-ке дейін көбейді.

Кредиттік қызмет көрсету рыногындағы банктердің негізгі заемшылары корпоративтік клиенттер – кәсіпорындар және ұйымдар болып қалуда. Бұл орайда корпоративтік клиенттерге берілген кредиттердің үлес салмағы, кредиттердің экономикадағы жалпы көлемінде өткен жылы 94,7%-тен 93,7%-ке дейін төмендеді, ал жеке тұлғалардың кредиттері бойынша 5,3%-тен 6,3%-ке дейін көбейді. Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлесі шамалы ғана көбейсе де, ол оң бағаланып отыр, себебі банктердің халыққа ұсынатын кредиттік қызметінің кеңейтілгенін көрсетеді.

2001 жылғы банктердің шағын кәсіпкерлікке кредиттер көлемі 64,3%-ке өсіп, 122 млрд. теңгеге жуық немесе кредиттердің экономикаға жалпы көлемінен 24,9% болды.

Макроэкономикалық жағдайларды жақсарту және қаржы секторын тұрақты дамыту жағдайында Қазақстан Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасын төмендетуі банктік кредиттер бойынша кірістіліктің төмендеуіне ықпал етті. Заңды тұлғаларға берілген теңгелік кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы жылдық 18,8%-тен 15,4%-ке дейін, жеке тұлғаларға берілгені бойынша - 27%-тен 24,5%-ке дейін төмендеді. Заңды тұлғаларға берілген кредиттер бойынша белгіленген ставка елдің кредит рыногының дамуында ең төменгі болып табылады.

4.4. Бағалы қағаздар рыногы

2001 жылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің орналастырылған *мемлекеттік бағалы қағаздар* көлемі іс жүзінде 2000 жылғы деңгейде қалды және 25,9 млрд. теңге болды, бұған заемдық қысқа мерзімді қаражатқа бюджеттің төмен тапшылығы себепші болды.

Сонымен қатар мемлекеттік бағалы қағаздар рыногы сапалы дамыды: орташа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздар ауқымы едәуір кеңейді. Осылайша, 2001 жылдың ішінде 4 және 5-жылдық купондық және инфляция бойынша индекстелген 3,4,5,7-жылдық мемлекеттік бағалы қағаздар айналымға енгізілді. Бұл орайда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бағалы қағаздар айналымының жалпы көлемінде айналым мерзімі 12 ай және одан астам болатын құралдар үлесі (МЕАКАМ-ның арнайы он жылдық міндеттемелерін ескермегенде) 2000 жылдың аяғында 81,7%-тен 2001 жылдың аяғына 95,8%-ке дейін көбейді. Эмиссияның сақталған көлемі кезіндегі «ұзақ» қағаздар үлесінің көбеюі айналымдағы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бағалы қағаздар көлемінің ұлғаюына (15,8%-ке 70,6 млрд. теңгеге дейін) әкеп соқты және кірістіліктің төмендеуімен қатар жүрді. Мысалы, үш айлық қысқа мерзімді бағалы қағаздар бойынша дисконтталған құны бойынша орташа алынған кірістілік 6,75%-тен 5,39%-ке дейін төмендеді.

Мемлекеттік емес бағалы қағаздар рыногында ахуалдың жалпы жақсару үрдісі жалғасты. Негізгі оң нәтижелердің бірі акциялармен және мемлекеттік емес облигациялармен жасалған мәмілелер көлемінің ұлғаюы болды.

2001 жылы мемлекеттік емес бағалы қағаздарды сатып алу-сатудың биржалық мәмілелер көлемі екі есе (30 млрд. теңгеден астам) көбейді. Акциялар, сондай-ақ облигациялар бойынша мәмілелер көлемі көбейді. Облигациялармен мәмілелер үлесі екі есе көбейді және мемлекеттік емес бағалы қағаздармен сатып алу-сатудың биржалық мәмілелерінің жалпы көлемінен 60,2% болды.

Мемлекеттік емес бағалы қағаздармен РЕПО биржалық мәмілелер көлемі айтарлықтай өсіп, жыл ішінде 9 есе (28,0 млрд. теңгеге дейін) көбейді, бұл мемлекеттік

емес бағалы қағаздармен биржалық мәмілелерінің жалпы көлемінен 48,2% болды. Сонымен бірге, биржалық рынокта мемлекеттік емес бағалы қағаздарды бастапқы орналастыру бойынша мәмілелердің көлемі (2,5 еседен астам, 6,9 млрд. теңгеге дейін) көбейді.

Сонымен қатар, 2001 жылы Қазақстан қор биржасында «Қазақмыс» корпорациясы» ААҚ-ның он және бес проценттік мемлекеттік акциялар пакеті саудаға түсті. Он проценттік мемлекеттік акциялар пакеті бірыңғай лотпен толық көлемде сатылды, ал жинақтаушы зейнетақы қорларына сатуға арналған беспроценттік пакеттің сатуға қойылған 246 лоттың 17-і ғана сатылды. Осы мемлекеттік акциялар пакеттері бойынша мәмілелердің жиынтық көлемі 9,4 млрд. теңге болды.

Мемлекеттік емес бағалы қағаздармен сатып алу-сатудың биржалық мәмілелері көлемінің ұлғаюы, біріншіден, Қазақстан қор биржасының сауда жүйесіне «А» санатындағы ресми тізім бойынша айналымға жіберілген бағалы қағаздар тізімінің кеңейтілуінен, екіншіден, негізгі инвесторлар тарапынан (ең алдымен, зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар тарапынан) акцияларға және мемлекеттік емес облигацияларға сұраныстың артуынан болды.

Қазақстан қор биржасының тізімдеріне енгізілген акциялардың биржалық рыногын капиталдандырудың жиынтық көрсеткіші⁵ 2001 жылы 56,8%-ке өсіп, 2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 181,6 млрд. теңге болды. Облигациялар бойынша осы көрсеткіш 4,3 есе көбейді және 84,6 млрд. теңге болды.

Биржадан тыс рынокта брокер-дилерлер жасаған мәмілелер көлемі 20,7 млрд. теңге болды, бұл орайда бастапқы орналастыру бойынша мәмілелер көлемі 19,6 млрд. теңге болды.

4.5. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің серпінді дамуы жалғасты және 2001 жылғы шілдеде (зейнетақы реформасы басталғаннан кейін 3,5 жылдан соң) зейнетақы жинақ ақшасының жалпы көлемі 1 млрд. АҚШ долларынан астам болды. Зейнетақы активтерінің өсуі ғана бағалы қағаздар рыногындағы жоғары сұранысқа себепші болды, бұл кәсіпорындардың облигацияларды шығаруы бойынша белсенділігінің айтарлықтай артуына әкелді.

2001 жылдың аяғында Қазақстанда 15 жинақтаушы зейнетақы қорлары (1 мемлекеттік және 14 мемлекеттік емес), 7 зейнетақы активтерін басқару компаниясы және 11 кастодиан-банк өз қызметін жүзеге асырды.

Бір жыл ішінде жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері 61,9%-ке өсіп, 182,4 млрд. теңгеге жетті, бұл валюта баламасында 1,2 млрд. АҚШ доллары болды. (4.5.1-кесте)

Жинақтаушы зейнетақы қорларының 2002 жылғы 1 қаңтардағы инвестициялық портфелінің құрылымы 4.5.2-кестеде көрсетілген. Жинақ ақшаның негізгі бөлігі мемлекеттік бағалы қағаздарға инвестицияланған. Алайда, мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфелінде 2001 жылы мемлекеттік емес бағалы қағаздардың үлесі – 26,9%-тен 39,7%-ке дейін едәуір өсті (Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерін құралдардың осы түріне инвестициялауға құқылы емес).

4.5.1-кесте

Зейнетақы активтерінің жай-күйі, млрд. теңге

	01.01.99	01.01.00	01.01.01	01.01.02
--	-----------------	-----------------	-----------------	-----------------

⁵ 2001 жылғы 1 шілдеден бастап акциялар бойынша капиталдандыру акциялары Қазақстан қор биржасының ресми тізімдеріне енгізілген компаниялардың ғана рыноктық құнының сомасы ретінде есептеледі.

МЕЖЗҚ	5,59	30,64	68,79	123,49
МЖЗҚ	17,95	33,87	43,86	58,88
Барлығы	23,54	64,51	112,65	182,38

4.5.2-кесте

**Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфелінің құрылымы
(2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша), %**

	Барлық қорлар	Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры	Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорлары
Мемлекеттік бағалы қағаздар	60,81	69,7	56,6
оның ішінде:			
Қазақстан Республикасының еурооблигациялары	44,1	45,7	43,3
мемлекеттік бағалы қағаздар	16,1	23,9	12,4
муниципальдық облигациялар	0,7	0,1	0,9
халықаралық ұйымдардың бағалы қағаздары	3,7	9,6	0,8
мемлекеттік емес бағалы қағаздар	26,9	0,0	39,7
банктердің депозиттері	8,7	20,9	2,9

2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың зейнетақы активтерін инвестициялау бойынша мүмкіндіктерін жоспарлы түрде кеңейтуге байланысты жүйелі жұмыс жүргізді. Мемлекеттік емес зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін мемлекеттік емес бағалы қағаздарға инвестициялау лимиті 40%-тен 45%-ке, шетелдік кәсіпорындардың бағалы қағаздарына 10%-тен 15%-ке дейін көбейді, отандық кәсіпорындардың ипотекалық облигацияларына (кемінде 5%) және «Қазақстан Даму Банкі» ЖАҚ облигацияларына (кемінде 5%) инвестициялаудың жаңа лимиттері белгіленді.

Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорына арналған инвестициялау лимиті 2001 жылы өзгерген жоқ.

V. ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ ФУНКЦИЯЛАРЫ

5.1. Банк секторы⁶ (4-қосымша)

2001 жылы банк секторын шоғырландыру және сауықтыру процесі өз жалғасын тапты. Нәтижесінде, екінші деңгейдегі банктердің жалпы саны өткен жыл ішінде 48 банктен 44-ке дейін қысқарды. Екі мемлекеттік банктің ("Эксимбанк Қазақстан" ЖАҚ, "Қазақстан Даму Банкі" ЖАҚ) және бір мемлекетаралық банктің (Орталық Азия Ынтымақтастық және Даму Банкі) банк секторының жиынтық активтеріндегі үлесі 2001 жыл ішінде елеусіз болды және жыл соңына 3,5% болды.

2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 12.12.1996ж. № 292 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу бағдарламасын іске асыру жалғастырылды. 2001 жылдың қорытындысы бойынша жоғарыда аталған Бағдарламаны орындады деп танылған банктердің саны 1-ден 12-ге дейін өсті, ал орындамағандар саны 7-ден 4-ке дейін қысқарды. Бағдарламаның талаптарын орындады деп танылған банктердің, сондай-ақ Бағдарламаға сай бірінші немесе екінші

⁶ Қаржылық есеп жөніндегі деректер қорытынды айналымдарды ескермей берілген.

топқа жатқызылған банктердің банк секторының жиынтық активтеріндегі активтерінің үлесі 89,1%-тен 90,5%-ке дейін ұлғайды.

Банк қызметінің халықаралық стандарттарына сәйкес қазіргі уақытта ең үздік әлемдік банк тәжірибесі болып тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйелері танылды. Осыған орай, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы № 567 қаулысына сай банктер рәсімдері халықаралық тәжірибеде танылғандарға сәйкес келетін әрі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұсынып отырған тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйелерін құру бойынша шараларды қолдануы қажет және 2003 жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиісті аудиторлық растауды ұсынулары тиіс.

Қазіргі уақытта қызметі жоғарыда аталған Бағдарламаның талаптарына сәйкес келмейтін деп танылған банктерге қатысты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі оларды кредиттік серіктестіктерге қайта ұйымдастыру немесе еріксіз тарату бойынша тиісті шараларды қолданып отыр.

Халықаралық рейтинг агенттіктерінен кредиттік рейтингтері бар Қазақстан банктерінің саны 2001 жыл ішінде өзгерген жоқ және олар 8 болды. Көрсетілген банктердің банк жүйесінің жиынтық активтеріндегі активтер үлесі 2001 жыл ішінде 66,9%-тен 73%-ке дейін ұлғайды.

Банктер капиталы⁷. 2002 жылдың 1 қаңтарына Қазақстан Республикасы банктерінің жиынтық меншікті капиталының мөлшері бір жылда 24,7 млрд. теңгеге немесе 25,3%-ке ұлғайып, 122,3 млрд. теңге болды (валютадағы баламасы - 809 млн. АҚШ доллары).

Банктердің меншікті капиталының ұлғаюына мынадай факторлар негіз болды. Біріншіден, банк жүйесінің жиынтық активтерінің ұлғаюына, оның ішінде банктердің тәуекелді активтерінің бір жарым еседен астам ұлғаюына байланысты банктерге бір жыл ішінде меншікті капиталының мөлшерін тәуекелді активтермен бірдей деңгейде қолдап отыру қажет болды. Екіншіден, банк жүйесінің меншікті капиталының өсуі банктердің реттелген міндеттемелерінің белсенді өсуіне байланысты болды. Үшіншіден, банк секторын капиталдандырудың өсуіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктердің жарғылық және меншікті капиталдарының ең төменгі мөлшеріне қойылатын талаптарды арттыруы әсерін тигізді және олар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 02.06.2001 ж. № 190 қаулысына сай былайша өзгерді. Банктердің жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері 2 млрд. теңге, меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері 1 млрд. теңге, оның ішінде аймақтық банктер үшін 0,5 млрд. теңге деңгейінде белгіленді.

Банк жүйесінің меншікті капиталының ұлғаюы көп жағдайда бірінші деңгейдегі капиталдың 17,7%-ке өсуі есебінен қол жеткізілді, бұл банктердің жиынтық жарғылық капиталының 8,1 млрд. теңгеге ұлғаюына байланысты болды. Мұндайда, 2001 жылдың қорытындысы бойынша банктер алған бөлінбеген кіріс 8,7 млрд. теңгені құрады және ол өткен жылғы көрсеткіштен 77,6%-ке артық болды.

Екінші деңгейдегі капиталдың 41,8%-ке өсімі банктердің 6,6 млрд. теңге мөлшерінде ағымдағы кіріс алуына және банктердің реттелген міндеттемелерінің 5,2 млрд. теңге сомасына өсіміне байланысты болды.

Банктердің жиынтық жарғылық капиталының құрылымында отандық капиталдың үлесі 77%-тен 82,4%-ке дейін ұлғайды. Сонымен қатар, банк жүйесінің жиынтық акционерлік капиталындағы мемлекеттік меншік үлесінің 10,9%-тен 31,6%-ке дейін ұлғаюы байқалды және ол негізінен "Қазақстан Даму Банкі" ЖАҚ-ын құру мен қызметінің басталуына байланысты болды.

⁷ Осы бөлімде меншікті капиталдың есебі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 23.05.1997ж. № 219 қаулысымен бекітілген Пруденциалдық нормативтер туралы ережеге сәйкес жасалды.

Банк жүйесінің жиынтық жарғылық капиталындағы шетелдік капиталдың үлесі 23,2%-тен 17,6%-ке дейін қысқарды. Меншік түрі және резиденттігі бойынша банк жүйесінің жарғылық капиталының құрылымы 4 қосымшада берілді.

Банктердің меншікті капиталының өсу қарқынынан едәуір асқан банк секторының жиынтық активтері мөлшерінің өте жоғары өсу қарқынына қарамастан, банктердің меншікті капиталының жеткіліктігі 2001 жыл ішінде жоғары деңгейде сақталды.

Банктердің активтері. 2001 жыл ішінде банк секторының жиынтық активтері 54,9%-ке 818 млрд. теңгеге дейін өсті (валютадағы баламасы - 5,5 млрд. АҚШ доллары).

Шетел валютасымен деноминирленген активтер үлесі 48,4%-тен (255,4 млрд. теңге) 67,2%-ке дейін (549,7 млрд. теңге) ұлғайды және ол негізінен банк жүйесіне шетел валютасының ағынымен, яғни банктердің валюталық міндеттемелерінің жиынтық өсуімен негізделді.

2001 жыл ішінде жиынтық активтердің өсімі сомасында ең көп ұлғаю банктердің несиелік портфеліне тиесілі және оның банк жүйесі активтерінің жиынтық өсіміндегі үлесі 79,3% болды. Ең жоғары төмендеу жыл қорытындысы бойынша абсолюттік шамада 4,9 млрд. теңге құраған банктердің бағалы қағаздар портфелінде байқалды. Жыл ішінде банк заемдары ауыл шаруашылығы (несиелік портфелінің 9,9%), өндіру салалары (8,1%), тамақ өнеркәсіп саласы (7,1%), құрылыс (4,5%), сауда (23,4%) сияқты экономика секторларында шоғырланды.

2001 жыл ішінде жиынтық активтер мөлшерінің едәуір ұлғаю жағдайында активтер сапасы елеулі өзгерген жоқ. Сонымен, жиынтық активтер 289,8 млрд. теңгеге ұлғайған жағдайда, жиынтық активтердегі стандартты активтердің үлесі 62,0%-тен 67,0%-ке дейін ұлғайды, жиынтық активтердегі күмәнді активтердің үлесі 12,5%-тен 19,6%-ке дейін ұлғайды, үмітсіз активтер - 1,1%-тен 1,8%-ке дейін ұлғайды.

Банктердің несиелік портфелі өсімінің банк жүйесі активтерінің жиынтық динамикасы құрылымындағы үлесі 79,3% болғанын ескере отырып, активтер сапасы көп жағдайда банк заемдарының сапасымен айқындалады. 2001 жылдың соңына жыл басымен салыстырғанда күмәнді кредиттердің үлесі 21,1%-тен 28,6%-ке дейін, ал үмітсіз - 2,1%-тен 2,3%-ке дейін ұлғайды. Жіктелген кредиттер үлесінің елеусіз өсуіне, сондай-ақ жиынтық кредиттердегі стандарттық кредиттер үлесінің 76,8%-тен 69,1%-ке дейін төмендеуіне қарамастан банк жүйесінің несиелік портфелінің жиынтық өсімінде (230,1 млрд. теңге) стандартты кредиттердің ұлғаюы 69,8% болды.

Банктердің міндеттемелері. 2001 жылы банктердің жиынтық міндеттемелерінің мөлшері 57,2%-ке өсіп, 2002 жылдың 1 қаңтарына 686,0 млрд. теңге құрады (жиынтық міндеттемелердің валютадағы баламасы - 4,6 млрд. АҚШ доллары). 2001 жылы жиынтық міндеттемелердің өсімі 2000 жылғы көрсеткіштен 51%-ке немесе 84,1 млрд. теңгеге асып түсті. Банк жүйесінің жиынтық міндеттемелеріндегі шетел валютасымен деноминирленген міндеттемелердің үлесі жыл ішінде 57,1%-тен 69,6%-ке дейін өсті.

Банк секторы міндеттемелерінің барлық баптары бойынша оң динамика байқалды. Банк жүйесінің жиынтық міндеттемелерінің өсуіне жеке және заңды тұлғалардың (банктерден басқа) депозиттері ең көп әсерін тигізді және олардың банктердің жиынтық міндеттемелері құрылымындағы үлесі 70,2%-тен 70,3%-ке дейін ұлғайды. Банкаралық депозиттік және кредиттік рыноктардың жандануы 2001 жыл ішінде банк жүйесінің жиынтық міндеттемелерінің 63,3 млрд. теңгеге немесе 25,4%-ке өсімін қамтамасыз етті.

2001 жыл ішінде жеке тұлғалардың салымдарына міндетті ұжымдық кепілдік беру жүйесінің объектілері болып табылатын жеке тұлғалардың депозиттер сомасы 37,3 млрд. теңгеге немесе 62,1%-ке ұлғайды. Мұндайда, банк жүйесінде орналастырылған халықтың жиынтық депозиттеріндегі кепілдік берілген салымдарының үлесі 65,5%-тен 52,4%-ке төмендеді.

Банктердің өтімділігі. Банк жүйесінің өтімділік деңгейі 2001 жыл ішінде артық шығу сипатында болды. Ағымдағы өтімділіктің жиынтық коэффициенті 2001 жыл ішінде

0,8 төмен емес деңгейде сақталды және 2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 0,83 болды (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген осы нормативтің ең төменгі мәні - 0,3). Банк секторының ағымдағы өтімділігінің жоғары деңгейі 2001 жыл ішінде өтімді және тез жұмсалатын активтердің өсу қарқынының талап етуге дейінгі міндеттемелердің өсу қарқынынан асып түсуімен негізделіп отыр. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген өтімділіктің ең төменгі коэффициентін банктер активтер мен міндеттемелердің барлық мезгіл топтары бойынша ұстап отырды.

Барлық мезгіл топтары бойынша активтер мен міндеттемелер қатынасының ең төменгі мәні 2001 жыл ішінде 0,43 болды (2000 жылдың соңына - 0,42). 2001 жыл ішінде банк жүйесінің жоғары өтімді активтерінің талап етуге дейінгі депозиттерден асып түсуі біршама төмендеді (0,2 млрд. теңгеге), бірақ 2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 51,5 млрд. теңге болды.

Банк секторының жиынтық активтер сомасындағы өтімді активтердің үлес салмағы бір жылда төмендеді (31,2%-тен 19,8%-ке дейін), ал жиынтық міндеттемелер сомасындағы талап етуге дейінгі міндеттемелердің үлес салмағы 38,5%-тен 27,4%-ке дейін қысқарды.

Банктер берген кредиттер сомасының клиенттердің тартылған депозиттер сомасына қатынасы 2002 жылғы 1 қаңтарда - 1,1 болды (осы коэффициенттің 2000 жылғы шамасы 0,94 болды).

Банктердің кірісі мен шығысы. Банк секторының салықтарды төлегеннен кейінгі жиынтық таза кірісі 2002 жылдың 1 қаңтарына 6,6 млрд. теңге болды (2001 жылдың 1 қаңтарына - 6,7 млрд. теңге), оның ішінде сыйақы алуға байланысты таза кіріс 43,1 млрд. теңге (27,4 млрд. теңге), банктердің өзге қызметінен болған шығын - 36,6 млрд. теңге (-20,7 млрд. теңге) болды. Банктер кірісінің құрылымында ең көп үлес банктердің заем операцияларын жүргізгеннен түскен кіріске тиесілі (35,9%), ал банктердің едәуір шығыстары міндеттемелерді қайта бағалауға және жіктелген активтер бойынша провизияларды қалыптастыруға қаржы бөлуге байланысты (тиісінше 18,9% және 27%).

2001 жылы банк секторының кірістілігін сипаттайтын коэффициенттер 2000 жылғы көрсеткіштерден шамалы ғана асады.

2001 жылы банк секторы кірістілігінің төмендеуі сыйақыны төлеуге байланысты емес шығыстардың өсуімен, атап айтқанда жіктелген активтер бойынша шығындарға қарсы провизияның қажетті деңгейін қалыптастыру үшін банктер жұмсаған шығыстардың өсуімен негізделіп отыр. Банк жүйесінің жиынтық проценттік емес шығыстарындағы көрсетілген шығыстардың үлесі 2001 жыл ішінде 14,5%-тен 24%-ке дейін ұлғайды.

Банктерді қадағалау. 2001 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қадағалау тәжірибесін банк қызметін реттеу мен қадағалаудың халықаралық стандарттарына жақындатуы жөнінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шаралар қолданды. Сонымен, атап айтқанда 2001 жылдың наурызында банк қызметін реттейтін заң актілеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шоғырландырылған қадағалау бойынша өкілеттіктерін көздейтін нормалар енгізілді, ал кейіннен 2001 жылдың соңына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шоғырландырылған қадағалаудың ережесін белгілейтін құжаттардың негізгі пакетін бекітті.

Шоғырландырылған қадағалау шеңберінде банктің аффилирленген тұлғаларын белгілеу, олардың банк қызметіне ықтимал теріс ықпалын шектеу, банктің аффилирленген тұлғалармен операцияларын бақылау, сондай-ақ олардың банктің қаржылық жағдайының тұрақтылығын және оның банк заңдарының талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз ету мақсатында банктің аффилирленген тұлғаларына ықпал ету шаралары мен санкциялар қолдану көзделіп отыр.

Банктерді лицензиялау. 2001 жылы банк операцияларын жүргізуге 4 банкке лицензия берілді, оның ішінде екі банкке - осы банктерді кейіннен кредиттік серіктестіктер етіп қайта құру үшін кредиторлармен және дебиторлармен есеп айырысуды аяқтау

мақсатында, бір банкке құрылуына байланысты берілді, тағы бір банктің банк операцияларын жүргізуге лицензиясы қалпына келтірілді.

12 банкті ашуға және банктің 21 филиалын жабуға келісім берілді. Сонымен қатар, банктердің жаңадан ашылған 223 есеп айырысу-кассалық бөлімдері тіркелді, мұндайда бір жыл ішінде 155 есеп айырысу-кассалық бөлім жабылды.

Пруденциалдық қадағалау. 2001 жылы 2000 жылмен салыстырғанда пруденциалдық нормативтерді бұзатын банктердің саны 2 есе қысқарды және 2002 жылдың 1 қаңтарына 6 банк болды (2001 жылдың 1 қаңтарына - 13 банк). Мұндайда, барлық пруденциалдық нормативтерді бұзған банктер саны 2-ден 1-ге дейін азайды.

Банк заңдары талаптарының бұзылуына жол берген екінші деңгейдегі банктерге қолданылып жүрген банк заңдарына сәйкес шектелген ықпал ету шаралары және санкциялар қолданылды.

2001 жылы банк заңдары талаптарының бұзылуына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ықпал ету шараларын орындамауына жол берген банктерді қайта ұйымдастыру рәсімі жалғасын тапты. Атап айтқанда, "Қазақстан Өнеркәсіп Банкі" ААҚ "Алматы Сауда-Қаржы Банкі" ААҚ-на бірігу арқылы қайта ұйымдастырылды, "Ажи-банк" ААҚ кредиттік серіктестік, "ТрансАзия Сауда Банкі" ААҚ кредиттік-депозиттік серіктестік болып қайта құрылды.

2001 жылы Қазақстан Республикасының сегіз банкінен банк операцияларын жүргізуге лицензиялары қайтарылып алынды. "Көмірбанк" ААҚ-ның банк операцияларын жүргізуге лицензиясын қайтарып алу жөніндегі шешім оның банк заңдарының талаптарын орындамауына, төлемдерді жасау мен ақша аударуға байланысты клиенттердің алдында шарттық міндеттемелерді жүйелі түрде ойдағыдай орындамауына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2001 жылғы 11 қазан - 11 желтоқсан аралығындағы кезеңде "Көмірбанк" ААҚ-да консервациялау режимін енгізу шеңберінде қолданған шаралар нәтижесінде банктің қаржылық жағдайын сауықтыру фактілерінің болмауына байланысты қабылданды.

Нәтижесінде 2001 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банк операцияларын жүргізуге лицензияларына ие екінші деңгейдегі банктер саны 48-ден 44-ке дейін қысқарды.

Банктерді инспекциялау. 2001 жыл ішінде банктер қызметіне 14 инспекциялық тексеру, оның ішінде 11 кешенді және 3 іріктеп тексеру жүргізілді. Банктер қызметін инспекциялау нәтижесінде 2001 жылы мынадай негізгі кемшіліктер анықталды:

- меншікті капиталдың жетіспеушілігі;
- активтердің сапасын әр түрлі етіп көрсету және тиісінше қалыптастырылған провизиялардың жеткіліксіз көлемі мен банк кірістерін әр түрлі етіп көрсету;
- көптеген жағдайларда банкке іс жүзінде бір топ иелік етеді;
- бір заемшыға тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің коэффициентін елеулі бұзумен байланысты тұлғалар (акционерлер) топтарын нақты кредиттеу.

Қазіргі уақытта кейбір банктердің меншікті капиталын қалыптастыру мәселесінде жеткілікті айқындылық жоқ. Инспекция активтер сапасын тексерген кезде жиі кездесіп тұратын тағы бір кемшілік кепілдің жеткіліксіздігі және қаржы жағынан тұрақсыз субъектілерді кредиттеу болып табылады.

Банктерді инспекциялаудың тиімділігін арттыру мақсатында келесі жылы инспекциялауды жетілдіру жөніндегі заңдарға өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау бойынша жұмыс жалғастырылады.

Банктердің аудиті. 2002 жылдың 1 қаңтарына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік аудит жүргізуге лицензиясына 23 аудиторлық ұйым (18 қазақстандық және 5 халықаралық аудиторлық ұйым) және 41 аудитор ие болды.

Халықаралық аудиторлық ұйымдар 2000 жылы 37 банкке (жиынтық активтер банк жүйесі бойынша активтердің жалпы сомасының 95,4% болды) аудит жүргізді. 2001 жылы

аудит жүргізуге банктер жасаған келісім-шарттар туралы деректер негізінде 2001 жылдың соңына халықаралық аудиторлық ұйымдар 34 банкті немесе банк секторының жиынтық активтерінің 98,9%-ін тексеретін болады.

2001 жылы банктік аудит жүргізуге лицензия беруге 11 өтініш (4 аудиторлық ұйымдардан және 7 аудиторлардан) келіп түсті. Өткізілген мәжілістер қорытындысы бойынша 4 аудиторлық ұйымға және 4 тәуелсіз аудиторға лицензия беру туралы шешім қабылданды.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар секторы.

Банктік емес ұйымдар табысы аз азаматтарды, жеке кәсіпкерлерді, ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерді қоса алғанда, халықтың басым бөлігіне, ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің кредиттеу, оның ішінде жеңілдік талаптармен (кредиттік серіктестіктер, ломбардтар, заем операцияларын және қаржы лизингін жүзеге асыратын ұйымдар) қажетін қанағаттандырумен, сондай-ақ мамандандырылған банк қызметін (заңды және жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау - "Казпочта" ААҚ, клиринг операциялары - "Тимей" қаржы-өнеркәсіптік компаниясы" ЖШС) көрсетумен бірге әр түрлі банктік қызмет түрлерін көрсетеді.

Жалпы мәліметтер. 2002 жылдың 1 қаңтарына банктік емес ұйымдардың жалпы саны 97 болды (2001 жылдың 1 қаңтарына – 101), оның ішінде 19 кредиттік серіктестік, 45 ломбард, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 33 ұйым. Сонымен қатар, 2002 жылдың басында банктік емес ұйымдардың 51 филиалы және ломбардтың 155 қабылдау пункттері жұмыс істейді.

97 банктік емес ұйымның 24 ұйымы мемлекет қатысатын заңды тұлға болып табылады. Бұл шағын және орташа кәсіпкерлікті дамыту, халықтың табысы аз бөлігіне қолдау көрсетудің әлеуметтік бағдарламаларын іске асыру саласында мемлекеттік саясатты жүргізу қажеттігінен туындап отыр.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Аграрлық секторды кредиттеу мәселелері туралы" 2001 жылғы 25 қаңтардағы № 137 қаулысын қабылдауына байланысты, көрсетілген кезеңде ауылдық кредиттік серіктестіктер белсенді түрде құрыла бастады. 2001 жыл ішінде 11 ауылдық кредиттік серіктестік құрылды.

Банктік емес ұйымдар республиканың барлық аймақтарында кеңінен таралған, алайда ұйымдардың шоғырлануы аймаққа қатысты көп ерекшеленеді, бұл әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың әр түрлілігімен, оның ішінде олар көрсететін қызметке сұраныстың деңгейімен және қаржыландыру үшін тиімді жобалардың болуымен түсіндіріледі. Мәселен, Алматы қаласында және Алматы облысында орналасқан банктік емес ұйымдардың саны - 36 немесе жалпы санының 37 %-і, Астана қаласында және Ақмола облысында - 26 немесе 26,8%.

Банктік емес ұйымдардың жиынтық меншікті капиталы бір жылда 2,7 млрд. теңгеге немесе 32,8%-ке өсіп, 2002 жылдың 1 қаңтарына 8,3 млрд. теңге болды. Сонымен қатар, 2001 жылдың ішінде төленген жарғылық капиталдың 1,2 млрд. теңгеге көбеюі өсімнің негізгі себебі болып табылады. 2001 жылдың қорытындысы бойынша меншікті капиталдың кірістілігі 2000 жылғы 9,8%-ке қарағанда 8,5% болды.

Банктік емес ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 2001 жыл ішінде 1,6 млрд. теңгеге азайып, 74,8 млрд. теңге болды. Оның ішінде ақша көлемі (банктік есепшоттарды қоса алғанда) 2,9 млрд. теңгеге және заңды тұлғалардың капиталына қатысу 1,1 млрд. теңгеге азайды. Бір мезгілде негізгі құрал-жабдықтар 1,3 млрд. теңгеге және ұзақ мерзімді инвестициялар 1,0 млрд. теңгеге өсті.

2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 7 ұйымға, 6 ломбардқа және 13 кредиттік серіктестікке лицензия берді. Қолданылып жүрген банк заңдарының нормаларын бұзуға байланысты 1 ломбардтан банк операцияларын жүргізуге лицензиясы және 1 ломбардты

ашуға рұқсат қайтарылып алынды. Банктік емес ұйымдардың қызметін ерікті тоқтату туралы өтініштері негізінде 1 ломбардтан, 3 кредиттік серіктестіктен және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 1 ұйымнан банк және өзге де операцияларды жүргізуге лицензиялары қайтарылып алынды.

Банктік емес ұйымдардың қызметіне қадағалау жасаған кезде олардың қолданылып жүрген банк заңдарының талаптарын бұзу фактілері анықталып, оларды жою мақсатында банктік емес ұйымдарға қатысты қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жазбаша ескертулерді, нұсқауларды және міндеттеме хаттарды талап етуді қоса алғанда, 20 жағдайда шектелген ықпал ету шаралары қолданылды.

5.2. Сақтандыру қызметін көрсету секторы

2001 жылы сақтандыру қызметін көрсету рыногы дамуының жоғары қарқыны белгіленген болатын. Оның айрықша ерекшелігі сақтандыру сыйлықақылары және ерікті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру төлемі көлемінің елеулі ұлғаюы болды. Міндетті сақтандыру үлесі шамалы ғана өсті. Осы үрдістер сақтандыру ұйымдарын капиталдандыру деңгейінің елеулі өсу жағдайында болды.

2001 жылы *сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемі* 70,1%-ке 13,9 млрд. теңгеге (ЖІӨ-ге 0,4%) ұлғайды. Мұндайда, сақтандыру сыйлықақысының халықтың жан басына шаққандағы орташа сомасы 927 теңге (2000 жылы - 543,7 теңге) болды (5 қосымша).

Сақтандыру төлемінің жиынтық көлемі 96,2%-ке 2,2 млрд. теңгеге өсті. Сақтандыру төлемінің халықтың жан басына шаққандағы орташа сомасы 2001 жылы шамамен 147 теңге (2000 жылы - 74,7 теңге) болды.

Қайта сақтандыру операциялары бойынша сақтандыру сыйлықақысы 9,5 млрд. теңге сомасына (2000 жылы - 5,6 млрд. теңге), оның ішінде шетелге - 9,2 млрд. теңге (2000 жылы - 5,5 млрд. теңге) немесе 96,8% тапсырылды.

2002 жылдың 1 қаңтарына Қазақстанда сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына 38 сақтандыру ұйымының лицензиясы бар, оның ішінде 2 - мемлекеттің қатысуымен, 5 - шетелдік қатысумен және 1 - өмірді сақтандыру бойынша. Сақтандыру ұйымдары бас офистерінің негізгі бөлігі Алматы қаласында (27 сақтандыру ұйымы) орналасқан. Сақтандыру қызметін көрсетуге қол жеткізу сақтандыру ұйымдарының филиалдары арқылы қамтамасыз етіледі. Жыл аяғына республикада сақтандыру ұйымдарының 280 филиалдары мен өкілдіктері болды.

2001 жылы сақтандыру ұйымдарының төленген жарғылық капиталының жиынтық мөлшері 8,4 % өсіп, 4,1 млрд. теңге болды. Сақтандыру ұйымдарының жарғылық капиталы тек ақшамен қалыптастырылады. Сақтандыру ұйымдарының *меншікті капиталының жиынтық мөлшері* жылына 15,2%-ке ұлғайып, 2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 5,3 млрд. теңге болды. Сақтандыру резервтерінің жалпы көлемі 3,8 есе өсіп, 8,6 млрд. теңге болды.

Сақтандыру сыйлықақылары көлемінің едәуір өсуі сақтандыру ұйымдары *активтерінің* ұлғаюына әсерін тигізді және олар 2001 жылы 88,9% өсіп, 15,8 млрд. теңге болды. Мұндайда, сақтандыру ұйымдары активтерінің сапасы мен өтімділігінің айтарлықтай жақсаруы байқалды, қаржы тұрақтылығы және өздеріне қабылдаған міндеттемелерді орындау сенімділігі арта түсті. Өтімділігі жоғары активтердің (депозиттерге салынған және екінші деңгейдегі банктерде сақталған активтер) сомасы 1,9 есе өсіп, 4,6 млрд. теңге болды, оның ішінде сақтандыру ұйымдарының екінші деңгейдегі банктерде мемлекеттік бағалы қағаздар түрінде сақталған активтерінің ағымдағы дисконтталған құны 1,7 млрд. теңге болды.

Сақтандыру ұйымдарының екінші деңгейдегі банктердегі сақтандыру сыйлықақыларының, сақтандыру төлемдерінің, активтерінің құрылымы және соңғы 5 жыл ішіндегі сақтандыру рыногы бойынша салыстырмалы деректер 5-қосымшада көрсетілген.

2001 жылы сақтандыру брокерлеріне - 3, сақтандыру рыногындағы актуарийге - 15 және сақтандыру ұйымдарына аудит жасауға уәкілетті аудиторға - 21 лицензиялар берілді.

Сақтандыру заңдарын, сақтандыру қызметін реттеу әдістерін жетілдіру және сақтандыру рыногының жаңа инфрақұрылымын қалыптастыру оның кәсіби қатысушыларының қызмет деңгейін, сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығы мен төлем жасау қабілетін, сақтанушылардың қаржы рыногының осы бөлігіне деген сенімін едәуір арттыруға жағдай жасады. Сақтандыру қызметін реттеу және оған қадағалау жасау Сақтандыруды қадағалау органдарының Халықаралық қауымдастығының (IAIS) негізгі принциптері мен стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сақтандыру ұйымдарына 15 тексеру жүргізді.

2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына шоғырландырылған қадағалау туралы ережені, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының басшы қызметкерлері лауазымына үміткер адамдардың кандидатураларын келісу тәртібін қоса алғанда, сақтандыру қызметі және сақтандыруды қадағалау туралы 18 заңға сәйкес келтірілген нормативтік құқықтық актілерді қабылдап, оларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеді. Шетелдік қайта сақтандыру ұйымдарында қайта сақтандыру операцияларын жүзеге асыруға қатаң талаптар (оларда халықаралық рейтинг агенттіктерінің тиісті рейтингтерінің болуы туралы талап) қойылды, активтердің сапасы мен өтімділігін бағалауды ескере отырып, меншікті капиталды есептеу әдісі белгіленді. Оффшор аймақтарының құрылтайшылары үшін шектеулер енгізілді. Сақтандыру брокерлері үшін жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері 10 млн. теңге мөлшерінде болды. Сақтандырудың жаппай түрлері бойынша сақтандыру полистерінің бланкілерін жасауға қойылатын техникалық талаптар белгіленді.

Қазіргі уақытта республиканың сақтандыру рыногы сақтандырудың және қайта сақтандырудың халықаралық нобайларына қатысуға едәуір бейімделген.

2001 жылы Қазақстан Актуарий орталығы құрылды, ол сақтандыру және зейнетақы қызметін көрсету рыногында актуарлық қызметтің әдістемелік негізін қамтамасыз етеді, сақтандырудың барлық бағыттары бойынша, оның ішінде әлеуметтік салада қажетті статистикалық және өзге де ақпараттық базаны құруға жағдай жасайды. 2001 жылы автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін және тасымалдаушылардың жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру мәселелері бойынша Заң жобалары әзірленіп, Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына тапсырылды.

Қазақстан Республикасында сақтандыруды дамытудың 2000-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі жоспарға сай ұсыныстарды әзірлеу әрі сақтандыру рыногының көптеген маңызды мәселелерін шешу бойынша және бірінші кезекте міндетті сақтандыру мәселелері бойынша, өндірістік және кәсіпкерлік қызметі саласында мемлекеттік шараларды қабылдау басқа республикалық органдардың құзыретіне жатады.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп зейнетақы қызметін көрсету саласында (зейнетақы аннуитеттерін ендіру арқылы), сондай-ақ міндетті әлеуметтік сақтандыруды және міндетті медициналық сақтандыруды қоса алғанда, әлеуметтік қорғаудың өзге салаларында сақтандыру принциптерін пайдалану бойынша жұмыс басталды.

5.3. Бағалы қағаздар рыногының субъектілері

2001 жылдың шілдесінде қаржы рыногын мемлекеттік реттеу жүйесінің тиімділігін арттыру және қаржы рыногын реттеу жөніндегі бірыңғай мемлекеттік органды құру бойынша шараларды орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының функциялары мен өкілеттіктері берілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымында Бағалы қағаздар нарығын реттеу департаменті құрылды. Тиісінше, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қазіргі уақытта бағалы қағаздар рыногы қатысушыларының қызметін реттейді және қадағалайды, бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиялар мен рұқсаттар береді, бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеуге алады, бағалы қағаздарға ұлттық бірегейлендіру номерлерін береді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы бұрын атқарған басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Бағалы қағаздар рыногының институционалды құрылымына брокер-дилерлер, тіркеушілер, кастодиандар, зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар, бағалы қағаздар портфелін басқарушылар, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдары жатады.

Брокер-дилерлер. 2001 жылдың басты оқиғасы мемлекеттік емес бағалы қағаздар рыногына қызығушылықтың артуы және жаңа брокер-дилерлердің - банктік емес ұйымдардың пайда болуы болды. 2001 жылы банктік емес ұйымдарға бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға барлығы 7 лицензия берілді және қайтарылып алынған лицензиялар мен қолданылуы тоқтатылған лицензияларды ескергенде, брокерлік компаниялардың жалпы саны 26-дан 28-ге дейін өсті. Брокер-дилерлердің-банктік емес ұйымдардың мемлекеттік емес бағалы қағаздарды шығарған кезде андеррайтер және қаржы консультанттары ретінде дамуы жалғасын тапты. Сөйтіп, 2001 жылы қазақстандық брокерлік компаниялар ("Тұран Әлем Секьюритиз" ЖШС, "Казкоммерц Секьюритиз" ААҚ) "TuranAlem Finance B.V." еншілес компанияның еуроноттарын және "КазТрансОйл" мұнайды тасымалдау жөніндегі ұлттық компания" ЖАҚ-ның еуроноттарын орналастырған кезде қатарлас-менеджерлер ролінде алғаш рет жұмыс істеді. Брокер-дилерлер-банктік емес ұйымдар сондай-ақ муниципалдық облигациялардың 5 шығарылымына және мемлекеттік емес облигациялардың 11 шығарылымына қатысты. Брокер-дилерлердің-банктердің саны 2001 жылы 2-ге (23-ке дейін) қысқарды. 2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда барлығы 51 брокер-дилер бар.

Тіркеушілер. 2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда 22 тәуелсіз тіркеуші бар. 2001 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша тіркеушілер қызмет көрсететін эмитенттердің жалпы саны 2548 болды. Тіркеушілердің аумаққа бөлінуі бұрынғыдай әркелкі күйінде қалды. 2001 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 12 тіркеушінің бас офистері Алматы қаласында орналасты.

Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар. 2002 жылғы 1 қаңтарға мемлекеттік емес зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын 7 компания, сондай-ақ өз зейнетақы активтерін басқаруды дербес жүзеге асыратын Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензияларды иеленіп отыр. 2001 жылы Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесінің негізгі принциптері – азаматтардың зейнетақы жинақ ақшасының сақталуын және оларды инвестициялау кезіндегі тәуекелдерді төмендетуді ескере отырып инвестициялау мүмкіндіктерін кеңейту саясаты жалғастырылды.

Бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдары. Қазақстан Республикасының заңдарында өзін-өзі реттейтін ұйымдардың екі нысаны көзделген: бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының қауымдастығы және қор биржасы. 2001 жылдың ішінде өзін-өзі реттейтін ұйымдардың саны өзгерген жоқ. Оларға қор биржасы және бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының 2 қауымдастығы (Қазақстан тізілім ұстаушылар қауымдастығы және Активтерді басқарушылар қауымдастығы) жатады.

Институционалдық инфрақұрылымның басқа субъектілері бойынша 2001 жылы сандық көрсеткіштерінде айтарлықтай өзгерістер болған жоқ және Қазақстанда 2002 жылғы 1 қаңтарға 11 кастодиан және 3 бағалы қағаздар портфелін басқарушылар жұмыс істейді (6-қосымша). Тұтас алғанда бірқатар әлеуметтік-экономикалық, сол сияқты реттеу сипатындағы себептер бойынша Қазақстанда инвестициялық қор сияқты ұжымдық инвестициялау нысаны дамымаған күйінде қалып отыр. 2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бір де бір инвестициялық қор тіркелмеді.

Бағалы қағаздар эмиссияларын мемлекеттік тіркеу, бағалы қағаздарға ұлттық бірегейлендіру нөмірлерін беру жөніндегі жұмыс және басқалары. Қазақстанда 2001 жылы жалпы номиналды құны 31,2 млрд. теңге болатын акциялардың 100 эмиссиясы тіркелді, бұл 2000 жылғы деңгейден тиісінше 53,9 % және 37 % аз. Қорытындысында 2002 жылғы 1 қаңтарға тіркелген акциялар эмиссияларының саны 6879, ал олардың жиынтық номиналды құны – 671 млрд. теңге болды.

Акциялардың тіркелген эмиссияларының жалпы санындағы акциялардың кейінгі эмиссияларының үлес салмағы біршама өсті (69,6 %-тен 88 %-ке дейін). Мұндайда кейінгі эмиссиялардың жалпы санының 39,8 %-ін Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес капиталдандыру деңгейіне және пруденциалдық нормативтерге қатысты мерзімді міндеттемелерін орындау мақсатында сақтандыру компаниялары, зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар, жинақтаушы зейнетақы қорлары, екінші деңгейдегі банктер тіркеді.

2001 жыл ішінде мемлекеттік тіркеу талап етілмейтін, жиынтық номиналды құны 72,0 млрд. теңге болатын 477 акциялар эмиссиясына ұлттық бірегейлендіру нөмірлері берілді, оның ішінде тиісінше 54,3 %-і және 85,8 %-і жабық акционерлік қоғамдарға тиесілі болды. Акциялар шығару және орналастыру қорытындылары туралы 548 есеп бекітілді, жиынтық номиналды құны 8,4 млрд. теңге болатын 87 акциялар эмиссиясы жойылды. 2002 жылғы 1 қаңтарға қолданылып жүрген акциялар эмиссиясының жалпы саны (жойылған немесе жарамсыз деп танылғандарды шегеріп тастағанда) 3375 (жиынтық көлемі 620,4 млрд. теңге) құрады, оның ішінде 2131 эмиссия (386,0 млрд. теңге) тіркелді, 1244 эмиссияны (234,4 млрд. теңге) мемлекеттік тіркеу талап етілмеді.

Өткен жылы мемлекеттік емес облигациялардың 17 эмиссиясы тіркелді (28,5 млрд. теңге сомаға), облигациялардың эмиссияларын өтеу туралы 7 есеп бекітілді. 2002 жылғы 1 қаңтарға жиынтық номиналды сомасы 47,2 млрд. теңге болатын 26 облигациялар эмиссиясы қолданылды. 46,8 млрд. теңге сомадағы 21 эмиссияның облигациялары Қазақстан қор биржасының тізіміне енгізілді. Мемлекеттік бағалы қағаздардың 245 эмиссиясына, оның ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарының 112 эмиссиясына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ноттарының 128 эмиссиясына, жергілікті атқарушы органдар облигацияларының 5 эмиссиясына ұлттық бірегейлендіру нөмірлері берілді.

Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау. Бағалы қағаздар рыногындағы маңызды оқиға бірінші және екінші санаттар бойынша біліктілік куәліктерін алуға үміткерлерді компьютерлік сынақтан өткізу жүйесін әзірлеу болды, бұл жүйе Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткеннен кейін және "Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандарды аттестациялау тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы № 528 қаулысы күшіне енгізілгеннен кейін қолданыла бастайды.

5.4. Дәрменсіз банктер мен сақтандыру ұйымдарын тарату процесі

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шешімі бойынша таратылатын банктерді және олардың филиалдарын тарату өндірісінің жағдайы. 2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сот тәртібінен тыс Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкінің шешімі бойынша таратылатын банктер істерін аяқтауды қамтамасыз ету жөнінде нақты шаралар қабылдады. 21 банкте тарату барысын аяқтау жөнінде іс-шаралар әзірленді, жекелеген аумақтық филиалдарға, оның ішінде тарату есептерін дайындау кезінде нақты көмек көрсетілді. Сонымен қатар несие берешегін өндіру жөніндегі атқарушы өндірісті жылжыту мақсатында әділет органдарымен және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитетпен банктердің тарату комиссияларының мүддесі үшін өзара іс-қимылды белсендіру жөнінде шаралар қабылданды.

Нәтижесінде 2001 жылғы 1 қаңтарға еріксіз (соттан тыс) тарату барысындағы 26 банктің және 48 филиалдың ішінен 9 банкте және олардың 24 филиалында тарату барысы аяқталды. Сонымен қатар 2001 жылғы желтоқсанда банктердің тарату комиссиялары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тарату туралы 12 есеп ұсынды.

2001 жыл ішінде тарату комиссиялары жалпы сомасы 36,7 млн. теңгеге аталған банктердің кредиторларымен есеп айырысты. Міндеттемелердің жыл ішіндегі жалпы сомасы 15,2 %-ке азайды және 2001 жылдың аяғында таратылған 17 банк бойынша 8129,1 млн. теңгені құрады, оның ішінде жеке-тұлғалар-кредиторлардың депозиттер және ақша аударымдары бойынша талаптары 0,5 %ті құрайды. Таратылған банктердің жалпы активтері жыл ішінде тиісінше 45,2 %-ке азайды және 2147,4 млн. теңгені құрады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сот шешімі бойынша және ерікті тәртіппен таратылатын банктердің және сақтандыру ұйымдарының тарату комиссияларының жұмысын бақылау жөніндегі қызметі. 2001 жылы "Сақтандыру қызметі туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне банк қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне банктердің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссияларының қызметін оларды таратудың негізіне қарамастан бақылау өкілеттіктері берілді.

Банктердің және сақтандыру ұйымдарының кредиторларының құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау, экономиканың банк және сақтандыру секторына халықтың сенімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату рәсімін және тарату өндірісін бақылау әдістерін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдірді, банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату жөніндегі іс-шараларды әзірледі, тарату комиссияларының қолданылып жүрген заң талаптарын сақтауын бақылауды жүзеге асырды, банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату барысында туындайтын кемшіліктер мен проблемаларды жою бойынша жұмыс жүргізді, сондай-ақ тарату мәселелері бойынша министрліктермен, ведомстволармен және мемлекеттік органдармен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында, сол сияқты одан тыс өзге де мүдделі тұлғалармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етті.

2001 жылы 15 банктің және 2 сақтандыру ұйымның тарату комиссияларының қызметі тексерілді, бұл Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бақылау өкілеттіктерін беру сәтіне қалыптасқан тарату барысының нақты жай-күйін зерделеуге, сондай-ақ тарату комиссиялары тарапынан жіберілген заң бұзушылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Негізгі назар бірінші кезектегі шараларды жүргізу, мүлікті сату, кредиторлармен есеп айырысу кезінде тарату комиссияларының заң талаптарын сақтау мәселелеріне, олардың қаржылық тәртібінің жай-күйіне және т.б. аударылды. Анықталған заң бұзушылықтар бойынша оларды жою туралы жазбаша ескертпе жіберілді, осы ақпарат банктерді тарату туралы шешім қабылдаған және тарату комиссияларының қызметін бақылауды жүзеге асыратын соттарға жеткізілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына тарату барысын бақылауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша қосымша талаптар енгізілді.



VI. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІ

Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қолдау және ақша-кредит саясатын табысты жүргізу міндеттерін орындау тұрғысынан төлем жүйесінің тиімді жұмыс істеуі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі үшін аса маңызы бар. Шаруашылық процесінің әрбір қатысушысының қаржылық жағдайының тұрақтылығы, түсімдердің бюджетке уақтылы түсуі және тиісінше тұтастай алғанда мемлекеттің экономикалық және саяси тұрақтылығы ақша аудару жылдамдығына және қауіпсіздік деңгейіне байланысты. Сондықтан қолданылып жүрген төлем жүйесін оның ең жоғары тиімділігі және сенімділігі бөлігінде одан әрі жетілдіру Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алдында тұрған аса маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

2000 жылдың аяғында нақты уақытта ақша төлемі мен аударымдарын жүзеге асыратын банкаралық ақша аудару жүйесінің енгізілуіне орай Қазақстан Республикасы төлем жүйелерінің даму деңгейі бойынша ТМД мемлекеттерін көп жағдайда басып озды. Осы кезеңде банкаралық ақша аудару жүйесі әлемдік қаржы институттарының (Халықаралық Валюта Қорының, Халықаралық Есеп айырысу Банкінің) барлық негізгі талаптарына жауап береді және халықаралық сарапшылар өте жоғары бағалады.

Тұтастай алғанда 2001 жылы банкаралық ақша аудару жүйесі және банкаралық клиринг жүйесі арқылы 10,3 трлн. теңге сомаға 11,1 млн. транзакция аударылды. Бұл ретте төлемдердің 34 %-і банкаралық ақша аудару жүйесі арқылы жүргізілді, бұл төлем жүйелеріндегі төлемдердің жалпы көлемінің 94 %-ін құрайды. Экономикалық өсудің оң үрдістерін сақтау, сондай-ақ төлем жүйесіне сенімділікті арттыру нәтижесінде 2000 жылмен салыстырғанда 2001 жылы төлем жүйесіндегі төлемдер санының 12 %-ке және төлем сомаларының 45 %-ке өсуі байқалды.

Банкаралық ақша аудару жүйесі. 2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша осы жүйені пайдаланушылардың жалпы саны 74, оның ішінде 44 екінші деңгейдегі банк, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті және оның 16 аумақтық басқармалары, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 11 ұйымдар болды.

2001 жылы банкаралық ақша аудару жүйесі арқылы жалпы сомасы 9708,6 млрд. теңгеге 3735,3 мың транзакция жүргізілді. 2000 жылмен салыстырғанда төлемдер сомасы 43,5 %-ке көбейгенде, олардың саны 42,6 %-ке азайды. Жүйе жоғары басымдығы бар және шұғыл төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізуге арналғандықтан транзакциялардың жалпы сомасын көбейтуге бағалы қағаздармен жасалған операциялардың 48,5 %-ке өсуі және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті төлемдерінің жалпы санының 29,1 %-ке көбеюі әсер етті. 1997 – 2001 жылдары банкаралық төлем жүйесі арқылы жүргізілген төлемдер көлемінің динамикасы 1-қосымшада келтірілген.

Банкаралық клиринг. 2001 жылы банкаралық клирингті "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" РМК-ны және "Тимей" қаржы-өндірістік компаниясы" ЖШС-і жүзеге асырды.

2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" РМК-ның банкаралық клирингі қатысушыларының саны 53, оның ішінде екінші деңгейдегі 32 банк және "Қазпочта" ААҚ-ы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті және оның аумақтық басқармалары, Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы болды. "Тимей" қаржы-өндірістік компаниясы" ЖШС-нің банкаралық клирингінде 5 екінші деңгейдегі банк (олардың филиалдары) және Солтүстік Қазақстан Қазынашылық басқармасы қатысты.

Банкаралық клиринг жүйесі арқылы жүргізілген төлемдердің саны 2001 жылы 7314,3 мың болды, бұл 2000 жылға қарағанда 2,2 есе көп. Транзакциялардың көлемі 2000 жылмен салыстырғанда 87,4 %-ке көбейді және 583,5 млрд. теңгені құрады. Банкаралық

клиринг жүйесіндегі ақша айналымдылығының коэффициенті 2001 жылы орташа алғанда 3,2-ні құрады.

Осы жүйедегі төлемдер санының және көлемінің өсуіне негізінен банкаралық клиринг жүйесіндегі бір төлем құжатын өңдеуге арналған тарифтердің төмендеуі және клиринг қатысушыларының жалпы санының 56-дан 59-ға дейін көбеюі әсер етті. Жүйенің бөлшек төлемдерді жүзеге асыруға арналғандығына байланысты құжат айналымының және транзакциялар көлемінің өсуіндегі салыстырмалы аздаған сомаларға сонымен қатар осындай түрде жасалған мәмілелердің жалпы санының көбеюі әсер етті.

Төлем карточкалары. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 19 екінші деңгейдегі банкке төлем карточкаларын шығаруға лицензия берді, оның ішінде төлем карточкаларын нақты шығаруды 14 банк жүзеге асырады. Екінші деңгейдегі банктер жергілікті жүйелердің төлем карточкаларын шығарады: "Қазақстан Халықтық жинақ банкі" ААҚ-ы – Алтын кард, "ТұранӘлем Банкі" ААҚ-ы – SmartAlemCard, "Каспийский банкі" ААҚ-ның және "Сити банк" ААҚ-ның карточкалары, сондай-ақ Europay International, VISA International, American Express, Diners Club International халықаралық жүйелерінің карточкалары.

2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан банктері шығарған карточкалардың саны 1,2 млн. осы карточкаларды ұстаушылардың саны 1,17 млн. болды. Салыстырмалы көрсеткіштермен алғанда бұл әрбір мың адамға 82,2 карточкадан, оның ішінде халықаралық және жергілікті жүйелер карточкаларының үлесі тиісінше 81 %-тен және 19 %-тен келетіндігін білдіреді. 2000 жылдың аяғында осы ара қатынас 54 % және 46 % болды. Халықаралық карточкалардың айналыстағы үлесінің көбеюі төлем карточкаларын ұстаушылардың жергілікті жүйеден халықаралық жүйеге өтуіне байланысты болды.

Төлем карточкаларының құрылымындағы негізгі үлес салмақты "жалақы" жобалары алады, олардың үлесі 2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша айналыстағы төлем карточкаларының жалпы санының 55 %-ін құрады.

Жүйе бойынша бөле отырып айналыстағы төлем карточкалары туралы жалпы мәліметтер 6.1-кестеде келтірілген.

6.1-кесте

Айналыстағы төлем карточкаларының саны туралы мәліметтер

	2001 жылғы 1 қаңтарға		2000 жылы шығар ылғаны (алын - ғаны	2002 жылғы 1 қаңтарға		2001 жылы шығар ылғаны (алын – ғаны	Жыл ішіндегі %-пен көрсетілген өзгерістер	
	Айна- лыста- ғы саны, мың дана	Жалпы сандағы үлесі, %		Айна- лыста- ғы саны, мың дана	Жалпы сандағы үлесі, %		Айна- лыста- ғы саны	Айналыс- қа шыға- рылды
Халықаралық:	509,3	54%	357,1	987,2	81%	437,8	94%	23%
оның ішінде								
VISA	447,4	47%	332,2	851,6	70%	404,2	90%	22%
Europay	61,8	7%	24,9	124,3	10%	62,4	101%	151%
Басқалары	0,1	0,01%	0,0	11,3	1%	11,2	98 есе	1394 есе
Жергілікті:	440,6	46%	16,7	231,7	19%	-208,8	-47%	-1349%
оның ішінде								
ALTYN	203,4	21%	-4,9	213,6	18%	10,2	5%	307%
Басқалары	237,2	25%	21,6	18,2	2%	-219,0	-92%	-1113%
Барлығы:	949,9	100%	373,8	1218,9	100%	267,0	28%	-28%

2002 жылғы 1 қаңтарға Қазақстанда қызмет көрсететін желі тауарлар немесе қызмет көрсету үшін төлем карточкаларын қабылдайтын 1343 кәсіпорын арқылы ұсынылды. Төлем карточкаларына қызмет көрсету үшін 2580 төлем терминалы және 1789 импринтер пайдаланылды, қолма-қол ақша алу үшін 539 банкомат жұмыс істеді.

Қазақстан Республикасы банктерінің қызмет көрсететін желілеріндегі төлем карточкаларын пайдалану арқылы жасалған операциялардың жалпы көлемі 2001 жылы 142,2 млрд. теңге сомадағы 14,5 млн. төлемді құрады. Оның ішінде қолма-қол жасалмайтын төлемдердің үлесі 3%-ті, ал қолма-қол ақша беру жөніндегі операциялардың үлесі 97 %-ті құрады. Халықаралық жүйелердің төлем карточкаларын қазақстандық ұстаушылар шетелде белсенді пайдаланды: олар бойынша операциялардың көлемі 11,6 млрд. теңге сомадағы 297,3 мың транзакцияны, оның ішінде қолма-қол жасалмайтын төлемдердің үлесі саны бойынша 47 %-ті, сомасы бойынша 34 %-ті құрады. Осылайша Қазақстандағы төлем карточкаларын ұстаушылар карточкаларды бұрынғыдай негізінен қолма-қол ақша алу үшін пайдаланады және тауарлар немесе қызмет көрсету үшін есеп айырысу құралы ретінде аз пайдаланады.

Қолма-қол ақшаның айналымын тарылту және қолма-қол жасалмайтын төлемдерді көбейту мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін құру жөніндегі жұмысты жалғастырды. 2001 жылы VISA Еуропа халықаралық жүйелердің өкілдерімен "Процессинг орталығы" ЖАҚ-ы арқылы халықаралық төлем карточкалары бойынша транзакцияларды өңдеуді ұйымдастыру мәселелері бойынша келіссөздер жүргізілді. Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесіне қойылатын талаптардың жобасы әзірленіп, екінші деңгейдегі банктермен келісілді.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасында микропроцессорлық карточкалар негізінде төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін дамыту бағдарламасының жобасын, сондай-ақ оны іске асыру бойынша Іс-шаралар жоспарының жобасын әзірледі. Жаңа ақпараттық технологияларды мемлекеттік деңгейдегі бөлшек төлем жүйелерінде енгізу, қолма-қол ақшаның көп бөлігін қолма-қол жасалмайтын айналымға аудару есебінен экономиканың нақты секторына инвестициялауға арналған қаржы қаражатының әдәуір көлемін Қазақстан Республикасының банктік жүйесіне шоғырландыру, ақша айналымына бақылауды күшейту, қолма-қол ақшаның қалтарысты айналымын азайту, қолма-қол жасалмайтын нысандағы бюджеттік (салық, кеден) және өзге де міндетті алымдарды жүзеге асыру үшін микропроцессорлық карточкаларды мемлекеттік құрылымдарда қолдану арқылы сыбайлас жемқорлықпен күрес бағдарламасына ықпал ету осы Бағдарламаны іске асырудың негізгі мақсаты болып табылады.

Өзге төлем құралдары. 2001 жылы екінші деңгейдегі банктердің қолма-қол жасалмайтын төлемдерді жүзеге асыруының негізгі тәсілі төлем тапсырмалары болып табылды. 11,2 триллион теңге сомаға 14,4 млн. құжат өткізілді, бұл барлық төлем құралдарының жалпы санының және сомасының 94,4 %-ін және 98,1 %-ін құрайды. Ақша төлемі мен аударымдарын жүзеге асырудың басқа тәсілдерінің тиісінше 1,5 %-і және 1,4 %-і инкассалық өкімдерге, 2,9 %-і және 0,05 %-і төлем карточкаларына, 0,03 %-і және 0,04 %-і тауарлар мен қызмет көрсету үшін есеп айырысуға арналған чектерге, 0,95 %-і және 0,24 %-і талап ету–төлем тапсырмаларына, 0,2 %-і және 0,14 %-і банктік есепшоттарды тікелей дебеттеуге тиесілі.

VII. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚЫЗМЕТ

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2001 жылы сақтандыру қызметін және сақтандыруды қадағалауды реттеу мәселелері бойынша 18 нормативтік құқықтық акт қабылдады және күшіне енгізілді. Оларда сақтандыру ұйымдарының басшы қызметкерлерінің және сақтандыру брокерлерінің біліктілік деңгейіне аса жоғары талаптар белгіленді, қайта сақтандыруды, оның ішінде республикадан тыс жүргізу талаптары нақтыланды.

Сонымен қатар автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін және тасымалдаушылардың жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру мәселелері бойынша заң жобалары әзірленді, олардың қабылдануы жаппай сақтандыруды қамтамасыз ету есебінен сақтандыру қызметінің құнын төмендетуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп зейнетақы және медициналық қызмет көрсету рыноктарын одан әрі реформалауға қатысты (зейнетақы аннуитеттерін қоса алғанда зейнетақы жүйесінде сақтандыру принциптерін пайдалану қажеттілігі көзделетін "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының заң жобасы, Қазақстан Республикасында міндетті медициналық сақтандыруды енгізу тұжырымдамасы).

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сақтандыру ұйымдарына және сақтандыру рыногының сақтандыру ұйымдарының инвестициялық қызметін кеңейту үшін қосымша мүмкіндіктер беретін басқа қатысушыларына салық салу талаптарын нақтылады (жаңа Салық кодексінің жобасы), басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп міндетті сақтандыру түрлерінің тізбесін айқындау жөнінде жұмыс жүргізді.

2001 жылғы 2 ақпаннан бастап "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне валюталық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енгізілді, оған сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында және сыртқы экономикалық қызметте жүргізілетін валюталық операцияларға мемлекеттің бақылауы күшейтіледі.

2001 жылғы 6 желтоқсанда Қазақстан Республикасының халықаралық қаржы ұйымдарына мүше болу мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін бір ізге келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірлеген "Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта қорына, Халықаралық қайта құру және Даму Банкіне, Халықаралық қаржы Корпорациясына, Халықаралық Даму қауымдастығына, Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігіне, Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталыққа, Еуропа қайта құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне мүшелігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Сыртқы экономикалық қызмет субъектілері жүргізетін экспорт-импорт операцияларына мемлекет тарапынан валюталық бақылауды күшейту мақсатында "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне банк қызметі, валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң жобасы дайындалды.

Сонымен бірге, валюталық қаражатты қайтару жөніндегі міндеттемелерді орындау мерзімдерін әдейі ұзартуды болдырмау мақсатында "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында капитал қозғалысымен байланысты операцияларды жүргізуге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін лицензиялардың мерзімдеріне шектеу қою бөлігінде біржолғы лицензиялар ұғымы нақтыланды.

Лицензия алуға байланысты шығыстармен (лицензиялық алым) салыстырғанда сомасы көп болмайтын капитал қозғалысымен байланысты валюталық операцияларды

лицензиялау қажеттілігін болдырмау мақсатында лицензияланатын операциялардың ең төменгі сомасы енгізілді.

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногын жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарында кездесетін, резидент еместердің аса өтімді активтер болып табылатын бағалы қағаздарымен брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыруға уәкілетті банктердің құқығы болмайтын қайшылықтар жойылды.

Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының және Тәжікстан Республикасының **Парламентаралық Комитетінің заң шығарушылық қызметінің** жоспарына сәйкес орталық (ұлттық) банктердің мемлекеттердің валюта рыноктарындағы қызметінің негізгі принциптері және валюта рыноктарының қатысушыларына қойылатын негізгі талаптар айқындалатын "Валюта рыноктарын ұйымдастырудың және жұмыс істеуінің жалпы принциптері туралы" Заңның үлгі жобасы әзірленді.

Банктік қызметті реттеу саласында 2001 жылғы 12 наурызда "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне банк қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енгізілді, оның мақсаты банктер ұшырайтын барлық тәуекелдерді есепке алу және объективті бағалау үшін заң талаптарын құру үшін банк қызметін шоғырландырып қадағалауды, сондай-ақ банктердің тарату комиссияларының қызметін бақылауды енгізу болып табылады.

Осы Заңды іске асыруға байланысты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 6 нормативтік құқықтық акт қабылдады.

Сондай-ақ "Қаржылық қызмет көрсетуді мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қаржы рыногын мемлекеттік реттеудің және онда қалыптасқан қатынастарды қадағалаудың бірыңғай жүйесін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарының жобалары әзірленді, оларға сәйкес қаржылық қызмет көрсетуді мемлекеттік реттеуді және қадағалауды Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін қаржылық қызмет көрсетуді мемлекеттік реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

Экономиканы кредиттеуді реттеу саласында "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне ипотекалық кредиттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленді, оның қабылдануы азаматтардың тұрғын үй сатып алуын тікелей кредиттеуді жүзеге асыратын рынок субъектілерінің қызметін жандандыруды қамтамасыз етеді.

"Микрокредиттік ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленді, ол микрокредиттік ұйымдарды құрудың және қызметін жүзеге асырудың жеңілдетілген рәсімін енгізу үшін негіз жасайды. Заңның қабылдануы кәсіпкерлікті, оның ішінде ауылдық жерлерде жандандыруға ықпал етеді, кредиттеу рыногындағы бәсекелестікті арттырады және халықтың әл-ауқатын арттыруға жағдай жасайды.

"Кредиттік серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленді, оның қабылдануы табысы төмен және орташа деңгейлі халықтың және коммерциялық емес ұйымдардың қаржы қызметін көрсетудегі мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін өзара кредит беру секторын дамытуға ықпал етеді.

Бағалы қағаздар рыногын реттеу саласында "Акционерлік қоғамдар туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бағалы қағаздар рыногы және акционерлік қоғамдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарының жобалары әзірленді, олардың қабылдануы акциялардың бағалы қағаздардың қайталама рыногындағы айналыс тәртібін жеңілдетуге, бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыру тәртібін нақтылауға, акционерлік қоғамдарды корпоративтік басқару аспектілерін реттеуге мүмкіндік жасайды.

Сонымен қатар "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бағалы қағаздар рыногы және акционерлік қоғамдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасында "бағалы қағаз", "облигация" және "акция" ұғымдарының жаңа анықтамалары беріледі, бағалы қағаздарға құқықтарды растау принциптері нақтыланады, заңды тұлғалардың (тек акционерлік қоғамдардың ғана емес) құрылтай құжаттарына қатысты жаңа нормалар белгіленеді, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер қатысушыларының санын шектеу жойылады (бұл қатысушыларының саны көп болғандықтан ғана еріксіз акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында жұмыс істейтін ұйымдардың санын қысқартуға мүмкіндік береді), облигациялар иеленушілердің құқықтарын қорғау жөніндегі қосымша нормалар енгізіледі.

2001 жыл ішінде бағалы қағаздар шығаруды және айналымға жіберуді, бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметін реттейтін, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногында қалыптасқан қатынастарды мемлекеттік реттеу тәртібін және құрылымын айқындайтын құқықтық инфрақұрылымды жетілдіру бағытында заң шығару жұмысы жалғастырылды.

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жаңа нұсқасының жобасы әзірленді, ол бағалы қағаздарды шығару, айналымға шығару және өтеу, бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларын және бағалы қағаздар рыногының инфрақұрылымын құрайтын ұйымдарды құру және қызметінің тәртібін, бағалы қағаздар рыногын реттеу жөніндегі уәкілетті органның құқықтық мәртебесін және құзыретін реттейтін нормаларды жетілдіреді.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының "Бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың аудиторлық есептерді ұсынуы туралы" 2001 жылғы 14 мамырдағы № 825 қаулысына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 2001 жылғы 29 маусымда № 1560 тіркеген) сай уәкілетті орган берген лицензияның негізінде бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыратын барлық ұйымдар 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап уәкілетті органға жыл сайын соңғы аяқталған қаржылық жылдың жылдық қаржылық есебінің аудиторлық есебін ұсынуы тиіс.

"Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру, сондай-ақ азаматтардың ақшасын жариялауы бойынша акцияларды жүргізу мақсатында **ақшаны жариялау бойынша арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібін реттейтін** бірқатар нормативтік құқықтық актілер әзірленді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында **төлем жүйесін** дамыту мақсатында клирингтік ұйымдардың қызметін лицензиялау және реттеу, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің инспекциялау тәртібін, төлем карточкалары жүйесін жетілдіруді, Қазақстан Республикасы төлем жүйесінің мониторингін жүргізуді реттейтін нормативтік құқықтық актілер әзірленді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі эмиссиялаған бағалы қағаздардың айналым тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ шетел валютасымен, қымбат металдармен және аффинирленген алтын ақшамен орташа алынған құны бойынша жасалған операциялар бойынша жұмсалған кірістер мен шығыстарды белгілеу ережесі әзірленді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, екінші деңгейдегі банктердің және сақтандыру ұйымдарының **бухгалтерлік есебін жетілдіру** үшін бірқатар нормативтік құқықтық актілер: № 21 "Банктердің қаржылық есеп беруі", № 30 "Сақтандыру ұйымдарының есебі және есеп беруі" бухгалтерлік есеп ережесін (стандартын) бекіту туралы", бухгалтерлік есеп стандарттары, Екінші деңгейдегі банктердің Бас бухгалтерлік кітабын жасау үшін бухгалтерлік есептің жан-жақты есепшоттар жоспары әзірленді.

Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе оның аумағына әкелінетін вексель қағазына қойылатын талаптарды, елтаңбалық қағаз шығаруды

лицензиялау тәртібін, айналымға қолма-қол "еуроны" енгізуді анықтайтын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шетелдік банктерге және мамандандырылған компанияларға сыртқы басқаруға берілген алтынвалюта активтерін есепке алу бойынша нормативтік құқықтық актілер әзірленді.

2001 жылы уәкілетті орган *КУПА инвестициялау* мүмкіндіктерін кеңейту саясатын одан әрі жалғастырды. Осы саясатты іске асыру шеңберінде бірқатар қаулылар қабылданды.

Банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату бөлігінде нормативтік құқықтық базаны құру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тарату комиссияларының қызметін және кредиторлар комитетінің өкілеттігін, тексеру жүргізу және тарату комиссияларының қызметіне бақылауды жүзеге асыру, тарату комиссияларының есеп ұсыну және қалыптастыру тәртібін, кредиторлардың тізілімін және басқа мәселелерді реттейтін 8 нормативтік құқықтық акті әзірленді, оның 3-і әділет органдарында тіркелген. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бастамасы бойынша жаңа Салық кодексіне мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссияларының сотқа несие берешегін өндіріп алуға және борышкерлерді банкрот деп тануға өтініш беру кезінде мемлекеттік баж салығын төлеуден босатуды көздейтін ережелер енгізілді.

Қолданылып жүрген заңдарға банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын мәжбүрлеп тарату бойынша жекелеген шығыстарын оларда қаражат жоқ болған жағдайда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаржыландыру жағдайын реттейтін, тарату комиссиялары төрағаларының әкімшілік жауапкершілігін, сондай-ақ мәжбүрлеп таратылатын банктердің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссиялары төрағаларының қызметін дайындаудың және лицензиялаудың бірыңғай тәртібін енгізуді көздейтін нормалар туралы ұсыныстар әзірленіп, енгізілді.

2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі халықаралық қаржы ұйымдарының Қазақстанға ұсынған заемдарына қызмет көрсетуді және жұмсауды жалғастырды.

Екінші деңгейдегі банктермен твиннингтік келісімдер бойынша, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметкерлерін оқыту бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмыс жүргізілді. Ераусом компаниясының заемы қаражатына Қазақстан Республикасының төлем жүйесіне шолу жасалды, "Артур-Андерсен" ЖҰАҚ компаниясының қаражатына – 100 ірі заемшыға шолу жасалды. LN3867 KZ және LN3642KZ заемдары бойынша сыйақылар мен комиссиялар және негізгі борышты төлеуді жүзеге асыру жөнінде іс-шаралар жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы шілдеде ХҚҚДБ-нің LN3867 KZ (оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бөлігінің) заемының пайдаланылмаған бөлігінің күшін жою жөніндегі шешімінің қабылдануына байланысты заемдарды жұмсауды аяқтау және заем қаражатына жасалған келісім-шарттарды аяқтау бойынша жұмыс жүргізілді.

Екінші деңгейдегі банктермен ЕҚҚДБ-нің кредиттік бағыты бойынша жұмыс жалғастырылды, атап айтқанда А транш қаражатына "Казкоммерцбанк" ААҚ-ның жасаған келісімдері бойынша мониторинг ("Интеротель" жобасы) жүзеге асырылды.

2001 жылы ТМД үкіметтерімен және орталық банктерімен ынтымақтастықты дамыту бойынша жұмыс жалғастырылды. Қазақстан Республикасы мен ТМД елдері арасында борыштық міндеттемелерді реттеу бойынша жұмыс жүргізілді. 1994 жылғы 8 шілдедегі Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкін құру туралы Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы Келісімге өзгерістер енгізу туралы Хаттамаға (2001 жылғы 5 қаңтар), 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразия экономикалық қоғамдастығы туралы Шартқа қатысушы-мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктері басшыларының кеңесі туралы Келісімге (2001 жылғы 15 ақпан), Еуразия экономикалық қоғамдастығын құру жөніндегі Шартқа қатысушы-мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктері арасындағы ақпарат-талдама және консультативтік ынтымақтастық жөніндегі Келісімге (2001 жылғы 14 қараша) қол қойылды.

2001 жылғы қарашада ТМД орталық банктерінің, қаржы ұйымдарының, екінші деңгейдегі банктердің, сақтандыру компанияларының, зейнетақы қорларының және Қазақстан Республикасындағы шетелдік компаниялардың өкілдіктерінің басшылары қатысқан Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 10 жылдығына арналған іс-шаралар өткізілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілдері экономикалық ынтымақтастық жөніндегі екі жақты үкіметаралық комиссияларға (Өзірбайжанмен, Латвиямен, Тәжікстанмен, Өзбекстанмен – 1992-1993 жылдардағы өзара есеп айырысу нәтижелері бойынша пайда болған берешекті реттеу мәселелері бойынша, сондай-ақ Түркиямен, Пәкстанмен, Жапониямен, Египетпен, Польшамен, Румыниямен, Катармен, Словакиямен қаржы-банк саласында ынтымақтастық мәселелері бойынша) қатысты.

Жұртшылықпен жұмыс істеуді дамыту шеңберінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ашық имиджін қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілді. БАҚ-да 300-ден астам жарияланым мен сөз сөйлеу, оның ішінде Қазақ радиосында 51 сөз сөйлеу, 16 баспасөз конференциясы, 16 PR-акциясы (сақтандыру және ипотекалық компаниялар, екінші деңгейдегі банктер, университеттер, бойынша, Ашық есік күндері, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының "Хабар" телеарнасында сөз сөйлеуі) ұйымдастырылды. Қараша айынан бастап ай сайын "Казахстанская правда" – "Национальный Банк Казахстана комментирует, разъясняет, отвечает" деген арнайы бет шығады.

2001 жылы Қазақстан Республикасы *банк жүйесінің* қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына көшуі шеңберінде қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына сәйкес келтірілген № 21 "Банктердің қаржылық есеп беруі" бухгалтерлік есеп стандарты бекітілді. Қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарында қабылданған рыноктық құн тұжырымдамасына сай активтердің рыноктық құнына теңбе-тең жақындау үшін екінші деңгейдегі банктерге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне есеп беру кезінде теңгенің шетел валюталарына қатысты орташа алғандағы биржалық бағамын пайдалану жөнінде нұсқаулар берілді.

Ақшаны жария ету бойынша акцияны іске асыру мақсатында екінші деңгейдегі банктердің ақшаларын жариялауына байланысты рақым жасалған Қазақстан Республикасының азаматтарына арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты әзірлеуге қатысты, атап айтқанда азаматтардың арнайы есепшоттардағы ақшаларының бухгалтерлік есепте көрсетілу тәртібі дайындалды және Екінші деңгейдегі банктердің Бас бухгалтерлік кітабын жасау үшін Екінші деңгейдегі банктердегі Бухгалтерлік есептің есепшоттар жоспарына және Бухгалтерлік есептің жан-жақты есепшоттар жоспарына тиісті өзгерістер енгізілді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бухгалтерлік есеп және аудит мәселелері жөніндегі методологиялық Кеңесі жұмысының шеңберінде 2001 жыл ішінде банктердегі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарындағы бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру бөлігінде "Бухгалтерлік есеп туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын дайындауға қатысты, сондай-ақ "Қаржылық есепті дайындаудың және ұсынудың концептуалдық негіздері" және қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына сәйкес келтірілген "Қаржылық есепті ұсыну" бухгалтерлік есептің қазақстандық стандарты жобалары қаралды.

Жұмыс топтарының екінші деңгейдегі банктердің қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына көшуі бойынша 2000 жылғы жұмысын тексеру нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына көшудің түпкілікті мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдады, сондай-ақ банктерге Автоматтандырылған банктік ақпараттық жүйені сертификаттау, Бас бухгалтерлік кітап және қосалқы бухгалтерлік журналдар мәселелері бойынша ескертпе хат және түсіндірме жіберілді. 2001 жылы екінші деңгейдегі банктердің қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына көшуі бойынша атқарған жұмыстары туралы есептері негізінде аралық бақылау және талдау жүзеге асырылды. 2001 жылы банктердің қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына көшуі бойынша ахуалды анықтау үшін Қосалқы есепке алуды конвертациялау және екінші деңгейдегі банктердегі есепшоттар жоспары бойынша Бас бухгалтерлік кітапты жүргізу жөніндегі Үйлестіру комитеті ірі банктердің есептерін тыңдады, банктер жүргізген жұмыстардың кемшіліктеріне тиісті нұсқаулар дайындалды және оларды жою жөнінде ұсыныстар берілді. Сонымен қатар екінші деңгейдегі жекелеген банктердің 2001 жылғы қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына көшуі бойынша жұмысына тексеру жүргізілді.

Екінші деңгейдегі банктердің қаржылық есепті жасау және ұсыну тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің шоғырландырылған қаржылық есебін жасау ережесіне өзгерістер мен толықтырулар әзірленді.

Банктің меншігіне көшетін кепіл мүлкін есепке алу бойынша, екінші деңгейдегі банктер пайдаланған ақша чектерін есепке алу, сақтау және жою рәсімі бойынша, айналымнан алынуына байланысты тиынның артық шығуы мен кем шығуын бухгалтерлік есепте көрсету бойынша, номиналды құны шетел валютасында көрсетілген жарғылық

капиталды реконвертациялау бойынша, Еуропа Экономикалық және Валюта Одағына мүше елдердің ұлттық валюталарын еуроға айырбастау бойынша бухгалтерлік жазба жасау тәртібі бойынша, сондай-ақ қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына сәйкес РЕПО және кері РЕПО операцияларын бухгалтерлік есепте көрсету бойынша ұсыныстар дайындалып, екінші деңгейдегі банктерге жіберілді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі бухгалтерлік есеп жүйесі 2001 жылдың ішінде оның әрі қарай дамуына және қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына жақындай түсуіне бағытталды. Осыған байланысты әзірленіп, қабылданған 2001 жылға арналған есеп саясаты халықаралық стандарттардың талаптарына және сыртқы аудитордың ұсыныстарына негізделіп отыр. Есепте есепке алу саясаты белгілеген, "Қаржы құралдары: тану және бағалау" № 39 қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің активтерін жіктеу және негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтер бойынша маңыздылық принципі қолданылады. Қаржылық активтерді есепке алу орташа алынған биржалық бағам бойынша, ал бағалы қағаздардікі - әділ құны бойынша жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бухгалтерлік рәсімдерін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде, оның ішінде жұмсалған және жұмсалмаған кірістер/шығыстар бойынша, аккредитивтермен жасалған операциялардың есебі бойынша, жарғылық және резервтік капиталдың есебі және қайта бағалау есепшоттары бойынша, дебиторлық берешекті өндіріп алу бойынша, тауар-материалдық құндылықтарды (қорларды) есепке алуды жетілдіру бойынша, негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді, дебиторлық және кредиторлық берешектерді есепке алу бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Бухгалтерлік есебінің есепшоттар жоспарын жетілдіру бойынша сипаттау жөніндегі жұмыс жүргізілді. 2001 жылы өткізілген шаралардың ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мүлкін бағалау және есептен шығару рәсімдерін жетілдіруді айрықша атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы халықаралық стандарттардың талаптарына және сыртқы аудитордың ұсыныстарына сәйкес әзірленген қаржылық есеп берудің нысандарын бекітті.

Қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына барынша тиімді көшуі мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалдарының қосалқы бухгалтериясы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жұмысы жүргізілді.

Х. ҚАРЖЫ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының активтерін басқару. 2001 жылдың 18 мамырынан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының есепшотына алғашқы сомалар түсе бастады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 23 тамыздағы №

402 Жарлығына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорын сенімгерлік басқару туралы 2001 жылғы 11 маусымдағы № 299 шартқа сай Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорын басқаруды жүзеге асырды. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі маусым айында Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының инвестициялық стратегиясын әзірлеп, ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен мақұлданды. Стратегия Қордың инвестициялық операцияларын жүзеге асырудың жалпы тәртібін айқындайды, Қорды басқару кезінде туындайтын тәуекелдерді басқару тәртібін, эталонды портфельді тандауды, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорын сенімгерлік басқару бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі алдындағы есебінің кезеңділігі мен мазмұнын белгілейді.

2001 жылғы маусымда Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының есепшотына Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының атынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне орналастырған депозит мерзімінің өтуіне орай 674,4 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі сома есептелді. Жоғарыда аталған депозит түскеннен кейін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының портфельін басқару жөніндегі белсенді операцияларға кірісті.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Қоры валюталық портфельінің жалпы рыноктық құны 2001 жылғы 31 желтоқсанда 1240,4 млн. АҚШ долларын құрады. 2001 жылғы 31 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының барлық активтері рыноктық құны барлық активтерінің рыноктық құнының 20%-інен кем болмауы тиіс тұрақтандыру портфельін құрады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының активтерімен есепті кезеңде жасаған операцияларының ішінде 65 бағалы қағаздар сатып алынды және 34 бағалы қағаздар сатылды.

2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының активтерін ақша рыногының құралдарына, атап айтқанда, 2001 жылғы 31 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Қоры портфельіндегі үлесі 27,84% болған АҚШ-тың мемлекеттік бағалы қағаздарына орналастырды. АҚШ агенттіктерінің бағалы қағаздары 71,44% үлесінде портфельдің ең ірі бөлігін құрады. Қазақстан Республикасының Ұлттық Қоры портфельінің 0,72% мөлшеріндегі шамалы бөлігі 2001 жылғы 31 желтоқсанда бір күнде бағалы қағазға кепіл ретінде АҚШ-тың Федералдық Резервтік Жүйесі арқылы шетел банктеріне орналастыратын ақшаны құрады. Активтердің бөліну құрылымы 10.1-кестеде көрсетілген.

10.1-кесте

Қазақстан Республикасының Ұлттық Қоры валюталық активтерінің бөліну динамикасы

	2001 жылдың 31 маусымында	2001 жылдың 30 қыркүйегінде	2001 жылдың 31 желтоқсанында
Бағалы қағаздар	93,67%	98,21%	99,28%
оның ішінде			
АҚШ МБҚ	16,56%	11,88%	27,84%
ХҚҰ	9,99%	9,56%	0,00%
Агенттік қағаздар	67,11%	76,76%	71,44%
Депозиттер	6,26%	1,79%	0,72%
Ағымдағы есепшоттағы ақша	0,07%	0,00%	0,00%
Барлығы	100%	100%	100%

Кірістілік және тәуекелдер. Тұрақтандыру портфельінің кірістілігі 2001 жылғы 1 маусым - 31 желтоқсан аралығында 2,86% немесе жылдық 4,87% болды (Salomon 6-month US Treasury Bill Index эталондық портфельінің кірістілігі осындай кезеңде 2,13% немесе жылдық 3,66% тең болды). Тұрақтандыру портфельінің эталондық портфельмен

салыстырғанда жоғарырақ кірістілігіне дюрацияны басқару нәтижесінде қол жеткізілді. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кезең ішінде дюрацияны қысқа мерзімді проценттік ставкалардың өзгерісінен күтілетіндерге қарай 0,67 деңгейге дейін көтерді және 0,44 деңгейге дейін төмендетті. Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының инвестициялық операцияларды жүзеге асыру ережесіне сай тұрақтандыру портфелінің дюрациясы 0,75 көрсеткішінен аспауы тиіс. Сондай-ақ кірістіліктің артуына бағалы қағаздар портфелі құрамына арақатынастың өзгерісті басқару және бағалы қағаздарды басқару уақытында кірістілік 6 айға дейін депозиттер мен бағалы қағаздардың кірістілігінен жоғары болған 6 айдан 12 айға дейінгі секторды таңдау ықпал етті.

2001 жылғы (18 мамыр - 31 желтоқсан) шетел валютасындағы жалпы кіріс 30,96 млн. АҚШ доллары болды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының активтерін сыртқы басқару. Ережеге сай Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының бір сыртқы басқарушыға беретін активтерінің рыноктық құны 150 млн. АҚШ долларынан аспауы тиіс. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Global Fixed Income және Global Equities мандаты түрлері бойынша сыртқы басқарушыларды таңдауға тендер өткізді. Global Fixed Income мандаты түрі бойынша тендерге 16 компания қатысты, Global Equities мандаты түрі бойынша 8 компаниядан түскен ұсыныс қаралды. Тендер қатысушылары санының аз болуы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тендердің әлуетті қатысушыларына қоятын жоғары талаптарына байланысты. Сыртқы басқарушыларды таңдау кезінде барынша маңызды критерийлерге мандаттың жалпы, сол сияқты жеке түрі бойынша оның басқаруындағы активтер көлемі, портфельдік менеджерлер мен талдаушылардың жұмыс тәжірибесі және кәсіби деңгейі, тұрақты қаржылық жағдайы, мандаттардың осы түрі бойынша соңғы 5 жылдағы басқару нәтижелері жатады. Нәтижесінде 6 сыртқы басқарушы таңдалды: Global Fixed Income мандаты түрі бойынша – 3 сыртқы басқарушы (Deutsche Asset Management, State Street Global Advisors, BNP Paribas Asset Management/FFTW) және Global Equities мандаты түрі бойынша - 3 сыртқы басқарушы (Morgan Stanley Investment Management, HSBC Asset Management, Credit Suisse Asset Management). 2001 жылғы 28 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі барлық таңдап алынған сыртқы басқарушылармен Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының активтерін басқару жөніндегі келісімге қол қойды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының кастодианын таңдау. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2001 жылдың аяғында шартқа қол қойылған бір бас кастодианмен жұмыс істеуде. Осы шешімнің объективтік себептеріне осы кезеңде акцияларға инвестицияларды есепке алу мен есеп айырысу бойынша жеткілікті тәжірибенің болмауы, салықтық есеп айырысуды жүргізу (эталондық портфельге сай 21 елдің бағалы қағаздарына инвестициялау болжанды), шоғырландырылған есепті алудың басымдылығы, портфельдегі барлық бағалы қағаздарды есепке алуда бірыңғай тәсіл жатады. Берілген тапсырыстар негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бас кастодианды таңдау бойынша жұмыс жүргізді. Кастодианды таңдау кезінде маңызды критерийлерге негізгі кастодиандық қызметтер, сондай-ақ қосымша қызметтердің сапасы мен аясы және оның құны болды. Берілген барлық өтініштер зерделенгеннен кейін ABN AMRO Mellon Global Securities Services компаниясы Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының бас кастодианы ретінде таңдап алынды. ABN AMRO Mellon компаниясы өз клиенттеріне талап етілетін қызметтердің толық аясын (core & Value Added) бір пакетте ұсынады. Оның қызметінің құны барынша бәсекеге тұрақтырақ болды.

Кастодиандық қызмет көрсету және сенімгерлік басқару жөніндегі басқа да қызмет көрсету. 2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 1999 жылғы 1 ақпанда жасалған № 148 кастодиан шартына сәйкес **"Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-на қызмет** көрсетуді жалғастырды. 2001 жыл ішінде "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның кастодиандық есепшотына 175,1

млрд. теңге сомаға қаражат түсті, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары 8,9%-ті, басқа ҰЖЗҚ-нан аударымдар – 0,1%-ті құрады, инвестициялар аяқталғаннан кейін қайтарылғаны - 91% болды. "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның кастодиандық есепшотынан 173,1 млрд. теңге сомасында қаражат есептен шығарылды, оның ішінде зейнетақы жинақ ақшасының төлемдері 0,7%, зейнетақы жинақ ақшасының мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларына аударымдары – 3,8%, инвестицияларға орналастырылғаны – 95,5% болды.

2001 жылы Банктік сервис бюросы "Банк-кастодиан" автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйесінің бұрын қолданылған прототипін пысықтауды жүргізді, соның нәтижесінде 2001 жылдың қазанынан бастап "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның барлық инвестицияларын есепке алу жасалған автоматтандырылған бағдарламада жүзеге асырылды.

"Қазақстанның жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру қоры" ЖАҚ-на сенімгерлік қызмет көрсету. 2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ақшаны сенімгерлік басқару туралы жасалған келісімге сәйкес "Қазақстанның жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру қоры" ЖАҚ-на сенімгерлік қызмет көрсету бойынша қызмет көрсетуді жалғастырды.

2001 жылы сенімгерлік басқаруға түскен қаражат сомасы 963,1 млн. теңге болды. "Қазақстанның жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру қоры" ЖАҚ-ның сенімгерлік басқаруға қабылданған қаражаты Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі эмиссиялаған мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырылды.

2001 жылы сенімгерлік басқарудан алынған қаражаттың жалпы көлемі 40,72 млн. теңге болды.

"Қазақстан ипотекалық компаниясы" ЖАҚ-на сенімгерлік қызмет көрсету. 2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ақшаны сенімгерлік басқару туралы жасалған келісімге сәйкес "Қазақстан ипотекалық компаниясы" ЖАҚ-на сенімгерлік қызмет көрсету бойынша қызметті жүзеге асыра бастады.

2001 жылы сенімгерлік басқаруға түскен қаражат сомасы 1,5 млрд. теңге болды. "Қазақстан ипотекалық компаниясы" ЖАҚ-ның сенімгерлік басқаруға қабылданған қаражаты Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі эмиссиялаған мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырылды.

2001 жылы сенімгерлік басқарудан алынған қаражаттың жалпы көлемі 574,9 млн. теңге болды.

"Процессинг орталығы" ЖАҚ-на сенімгерлік қызмет көрсету. Сонымен бірге 2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ақшаны сенімгерлік басқару туралы жасалған келісімге сәйкес "Процессинг орталығы" ЖАҚ-на сенімгерлік қызмет көрсету бойынша қызметті жүзеге асыра бастады. 2001 жылы "Процессинг орталығы" ЖАҚ-нан сенімгерлік басқаруға 977,65 млн. теңге түсті, олар Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі эмиссиялаған мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырылды.

2001 жылы сенімгерлік басқарудан алынған қаражаттың жалпы көлемі 3,18 млн. теңге болды.

"Қазақстан даму банкі" ЖАҚ-на брокерлік қызмет көрсету. Брокерлік қызмет көрсету туралы жасалған шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі "Қазақстан Даму банкі" ЖАҚ сатып алған бағалы қағаздарына брокерлік қызмет көрсету және сақтау бойынша қызметті жүзеге асыра бастады. 2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша "Қазақстан Даму банкі" ЖАҚ-ның бағалы қағаздар портфелінде 18,6 млрд. теңгеге бағалы қағаз болды.

XI. ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ІШКІ ҚЫЗМЕТ

11.1. Ұйымдық құрылым

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымы мен жалпы штаттық саны (4000 адам) Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Ұлттық

Банкінің ережесі мен құрылымын бекіту туралы» 1999 жылғы 11 тамыздағы № 188 Жарлығымен бекітілген.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұйымдық құрылымына орталық аппарат, 16 аумақтық филиал, Алматы қаласындағы екі филиал (Банкнот фабрикасы және Кассалық операция және құндылықтарды сақтау орталығы), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ресей Федерациясындағы Өкілдігі кіреді. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының құрылымында 9 департамент, 11 дербес басқарма және 1 дербес бөлім (7-қосымша) жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұйымдық құрылымында 2001 жылы мынадай өзгерістер болды:

1) Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының функциясы мен өкілеттігінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне берілуімен байланысты орталық аппараттың құрылымында:

- бағалы қағаздар нарығын реттеу департаменті құрылды;
- бухгалтерлік есеп департаментіне, ақпарат технологиясы департаментіне, шаруашылық басқармасына, құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау басқармасына жаңа бөлімдер және заң департаментіне жаңа басқарма енгізілді;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы және Ақмола облыстық филиалдары құрылды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 4 бағынышты ұйымы («Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы», «Банктік сервис бюросы», «Қазақстан теңге сарайы», «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Автобазасы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорындары) бар және мынадай еншілес кәсіпорындардың құрылтайшыларының бірі болып табылады: 2001 жылы «Банкаралық және қаржы телекоммуникациялар орталығы» жабық акционерлік қоғамының қосылуы арқылы құрылған «Ұлттық ақпарат технологиясы» ЖАҚ (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жарғылық капиталдағы үлесі 71,8% болады); 1999 жылғы қарашада құрылған «Қазақстанның жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру (сақтандыру) қоры» ЖАҚ. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2000 жылғы желтоқсанда «Процессинг орталығы» және «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» жабық акционерлік қоғамдарының құрылтайшысы болды.

11.2. Кадр саясаты және қызметкерлерді оқыту

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қызметкерлерінің штаттық саны 2001 жылғы 31 желтоқсанда филиалдар мен ұйымдарды есептегенде 3641 адам болды (нақты саны - 3472 адам), оның ішінде: орталық аппарат бойынша - 1083 адам (956 адам), филиалдар бойынша – 1950 адам (1916 адам), ұйымдар бойынша - 608 адам (600 адам) (8-қосымша).

2001 жылдың аяғына кадрлар орталық аппарат бойынша 87,5%, аумақтық филиалдар және КОҚСО бойынша - 97,7%, Банкнот фабрикасы бойынша - 91,1%, ұйымдар бойынша - 98,7% болды. Штаттық саны 2000 жылғы 31 желтоқсанмен салыстырғанда 2001 жылғы 31 желтоқсанда 166 адамға, оның ішінде орталық аппарат бойынша - 146 адамға, филиалдар бойынша - 33 адамға көбейді. Штаттық саны ұйымдар бойынша 13 адамға азайды.

Жоғары білімді қызметкерлер орталық аппарат бойынша – 76,9%, филиалдар бойынша – 48,4%, ұйымдар бойынша – 42,6%, арнаулы орта білімі барлар – орталық аппарат бойынша – 10,0%, филиалдар бойынша – 24%, ұйымдар бойынша – 18,5%, орта білімі барлар орталық аппарат бойынша – 13,1%, филиалдар бойынша – 27,6%, ұйымдар бойынша – 38,8% болады.

Орталық аппаратта Бағалы қағаздар нарығын реттеу департаментінің құрылуымен, сондай-ақ Алматы облыстық және Ақмола филиалдарының құрылуымен байланысты 2001 жылы 2000 жылмен салыстырғанда мемлекеттік қызметшілердің штаттық саны 23%-ке көбейді.

2001 жылы орталық аппараттан 175 адам, филиалдардан – 256 адам, ұйымдардан – 68 адам жұмыстан шықты. Орталық аппаратқа – 255 адам, филиалдарға – 260 адам, ұйымдарға – 90 адам жұмысқа қабылданды. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әкімшілік мемлекеттік қызметке 4 конкурс жариялады. Конкурсқа қатысу үшін 843 өтініш келіп түсті, 806 адам сынаққа жіберілді, конкурсқа 641 адам қатысты, 100 адам конкурстан өтіп, жұмысқа қабылданды, 43 адам Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің кадр резервіне алынды.

Сондай-ақ 2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің 4 аттестациясы өткізілді. Аттестациядан өткен қызметкерлердің жалпы саны – 39 адам. Аттестациядан өткен қызметкерлердің жалпы санының 37-і атқаратын қызметіне лайықты, 1 адам аттестациядан қайта өтеді, 1 адам атқаратын қызметіне лайықты емес.

2001 жылы орталық аппараттан 844 маман, аумақтық филиалдардан 864 маман, басқа ұйымдардан 95 маман оқыды. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2001 жылы оқыған мамандарының саны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қызметкерлерінің тізімдегі орташа санының 82,8%-ін құрайды. Қазақстан Республикасының аумағында оқығандарының саны – 1629 адам. Оның ішінде басқа ұйымдардың мамандарын қосқанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базасында – 857 адам, оқу орталықтарында – 84 адам, ағылшын тілі курсына – 62 адам, қазақ тілі курсына – 626 адам оқыды.

2001 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кадр резервімен жұмыс жүргізілді. 2001 жылғы 30 желтоқсанда резервте 109 адам болды. 2001 жылы резервтегі 30 адам жұмыстан кетті, 32 адамның қызметі жоғарылады, 13 адамның қызметі төмендеді. Қызметті төмендету 2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының қайта құрылуымен және оның басқару құрылымын оңтайландырумен байланысты жүргізілді.

Қызметкерлердің еңбек ақысын және әлеуметтік төлемдерін төлеу. 2001 жылы әлеуметтік салық пен әлеуметтік төлемдерді қоса есептегенде еңбек ақысын төлеу қоры бойынша нақты шығыстар 3234,4 млн. теңге болады, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджеті есебінен қаржыландырылатын құрылымдық бөлімшелер бойынша – 2494,0 млн. теңге немесе бекітілген бюджеттің 96,8%-і, Банкнот фабрикасы бойынша – 245,7 млн. теңге (99,1%), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұйымдары бойынша – 494,7 млн. теңге (96,7%).

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджеті есебінен қаржыландырылатын бөлімшелер қызметкерлерінің жалақысын төлеуге жұмсалатын нақты шығыстардың үлес салмағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жалпы шығыс көлемінің 10,7%-ін (2000 жылы – 6,6%), ал монетарлық емес қызмет бойынша жалпы шығыс көлемінің 40,9%-ін (2000 жылы – 11,7%) болады.

Дербес ұйымдар бойынша қызметкерлердің жалақысын төлеуге жұмсалатын нақты шығыстардың үлес салмағы ұйымдардың жалпы шығыстар көлемінің тиісінше:

- Банкнот фабрикасы – 13,8% (2000 жылы – 11,5%);
- “ҚБЕО” РМК – 19,7% (17,2%);
- “БСБ” РМК – 62,6% (60,7%);
- “ҚТС” РМК – 25,3% (26,3%);
- “Автобаза” РМК – 36,5%-ті (54,1%) құрады.

Көрсетілген көрсеткіштегі “Банктік сервис бюросы” РМК-ның жоғары деңгейі программистердің өндіріс барысындағы жоғары деңгейдегі еңбек шығынымен байланысты.

Бір қызметкердің жинақтаушы зейнетақы қорына аударатын он проценттік міндетті аударымы мен салықтардан тұратын орташа алғандағы бір айлық жалақысы 2001 жылы орташа алғанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жүйесі бойынша 60161 теңге болды, оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бюджетінің есебінен қаржыландырылатын құрылымдық бөлімшелер бойынша – 62794 теңге, Банкнот

фабрикасы бойынша – 50272 теңге; Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұйымдары бойынша – 54622 теңге.

11.3. Ақпарат технологияларын дамыту

Жобалау және зерттеу жұмыстары. Жүргізілген жобалау және зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақпарат жүйелерін алдағы уақытта дамытуға бағытталды. 2001 жылы автоматтандырылған ақпарат жүйелерін әзірлеу және енгізу жөнінде 42 жоба бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілді, оның 22 жобасы өткен жылы аяқталды.

Жобалау және зерттеу жұмыстары 2001 жылы мынадай негізгі бағыттар бойынша жүргізілді:

- «Төлем балансы бойынша деректерді жинау және өңдеу» шағын жүйесін дамыту;
- «Экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындар мониторингі» ақпараттық-талдау шағын жүйесін әзірлеу және енгізу;
- «Сақтандыруды қадағалау» шағын жүйесін әзірлеу және енгізу;
- «Заңгер» НҚА шағын жүйесін әзірлеу және енгізу;
- орталық аппаратта «Электронды құжат айналымы» шағын жүйесін әзірлеу және енгізу;
- «Экспорттық-импорттық валюталық бақылау нәтижелерін жинау және талдау» шағын жүйесін әзірлеу;
- «Төлемдер бойынша есеп беру және статистикалық ақпаратты жинау және талдау» шағын жүйесін әзірлеу;
- Data Warehouse базасында деректер қоймасын құру жөніндегі толық ауқымды жобаны әзірлеу.

Ақпарат технологиясын дамыту және стандарттау. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі елде бірыңғай ақпарат кеңістігін құру жөніндегі жұмыстар шеңберінде үкімет бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысты, болашағы бар жаңа технологияны зерттеу, дербес ақпараттық сайты дамыту жөнінде жұмыстар жүргізді. Жаңа интерфейске өтіп, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі SWIFT желісіне дербес қосылды.

Қолданылып жүрген ақпарат жүйелеріне қызмет көрсету және қолдау. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бөлімшелері мен филиалдарында пайдаланылатын ИААЖ-нің 23 шағын жүйесі бойынша қызмет көрсету және басқару жөніндегі жұмыстар орындалды. «ҚҰБАЖ-ЗЦ» ААЖ пайдаланушыларының тапсырыстары бойынша 43 есеп әзірленіп, түрлендірілді. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар бойынша айлық және жылдық есептерді алу жөніндегі бағдарламалық қамтамасыз ету пысықталып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарына (24 нысан) және кредиттік серіктестіктерге (13 нысан) жіберілді. Ай сайын және жылдың аяғында ақпарат өңделіп, есеп беру нысаны түрінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мынадай бөлімшелеріне беріледі: Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасы, Төлем жүйесі басқармасы, Қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаменті, Бухгалтерлік есеп департаменті, Зерттеу және статистика департаменті, Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (247 нысан).

2001 жылы Зерттеу және статистика департаментінің, Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаментінің, Төлем жүйесі басқармасының жұмысын автоматтандыруға мүмкіндік берген 11 жаңа шағын жүйеге қызмет көрсетуді тестілеу және қабылдау бойынша іс-шаралар орындалды. 10 шағын жүйе бойынша пайдаланылатын шағын жүйелерді дамытумен байланысты пысықтаулар енгізілді.

Қолданылып жүрген ақпарат жүйесін басқару және пайдалану. Арна үшін ақының төленуі белгіленген Frame Relay хаттамасына барлық филиалдар мен бөлімшелерді ауыстыру аяқталды. Бұл іс-шара ақпарат алмасу жылдамдығын біршама арттырады және

қосылудың сенімділігін арттыруды қамтамасыз етеді, басқа міндеттерді (оның ішінде ФАСТИ ВИДО және АСТРа сияқты міндеттерді) шешу үшін ТСП/ІР хаттамасы бойынша филиалдармен қосудың қосымша мүмкіндігі пайда болады.

Қолданылып жүрген жүйелердің үстеме шығыстарын азайту мақсатында өнеркәсіптік пайдалануға «Gamma Technologies» «Тұмар-7» криптографиясының модулі орнатылған және почта жүйесінің кең көлемдегі сервистері бар ФАСТИ ВИДО 2.0 почта клиентінің жаңа нұсқасы енгізілді және клиенттік жұмыс орындары қондырылып, пайдаланушылар оқытылды.

ТУМАР-7 криптографиясының пакетімен кілттерді ауыстыру сеансын жүргізуге мүмкіндік беретін АСТРа-ның жаңа жүйесі енгізілді. Бұл өзгерістер SCO UNIX 5.0.5 сервер бөлігінде және клиент пен әкімшілік бөліктердің БҚ-мен жұмыс орындарында жүргізілді. Жаңа нұсқаның қондырылуы қосылудың сенімділігін жақсартады, пакеттерді криптографиялау арқылы ақпарат беру жылдамдығын арттырады.

RISC тәжірибелік пайдалануға HP_UX (Superdome) серверлері қабылданды, кластерлерді тексеру жөнінде тестілеу – басқа торапты қосу және ол істен шыққан жағдайда оны Oracle серверімен алмастыру жұмыстары жүргізілді. Oracle өкілдігімен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аса маңызды шағын жүйелерін Unix-платформасына ауыстырудың келесі кезеңдерін жүзеге асыруға арналған HP_UX үшін уақытша лицензия алу туралы келіссөздер жүргізілді. Бұл іс-шаралар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақпарат технологиясын дамыту шеңберінде орындалуда.

Техникалық инфрақұрылымды жетілдіру. Орталық аппаратта 1513 компьютерлік жабдық жұмыс істейді (2000 жылдың соңында – 1421). Оның ішінде: 112 сервер (оның ішінде филиалдар), 926 дербес компьютер, 70 шағын компьютер, 361 лазерлік принтер, 25 матрицалық принтер, 12 Genicom, 30 сканер бар. 2001 жылы нақты және моральды тозған 7 сервер және 61 дербес компьютер пайдаланудан шығарылды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарында 80 сервер, 1202 дербес компьютер (оның ішінде 2-і шағын), 632 принтер, оның ішінде ұжымдық пайдаланатын 22 Genicom, 455 матрицалық принтер, 16 РМ-815 (есептен шығарылатын), 296 UPS, 40 сканер бар.

Байланыс және телекоммуникация жүйелерін пайдалану және техникалық қызмет көрсету. Телекоммуникация және байланыс құралдарын бұдан әрі жетілдіру, сондай-ақ оларды дамыту мақсатында қазіргі заманғы техникалық құралдарды енгізу, құрылымдық кабель желісін, телефон станцияларын және ұялы байланысты кеңейту және сапалы дамыту жұмыстары жүргізілді, қолда бар байланыс және телекоммуникация жабдығына техникалық қызмет көрсетілді.

Жиналыстар өткізуге арналған видеоконференция жабдығы жеткізіліп, орнатылды, «Алматы – Астана» демонстрация сеанстары ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мамандарын кәсіби жағынан, сол сияқты тілдерге, оның ішінде мемлекеттік тілді оқытудың сапасын арттыру мақсатында Қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаменті үшін 12+1 АРМ лингафон класы сатып алынып, орналастырылды. Сатып алынған және қондырылған «Алкатель 4400» АТС-нің есебінен 5ЕSS-2000 АТС-нің сервистік қызмет көрсету мүмкіндігі артты. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мекемелерімен болашақта корпоративті желілік байланыс орнату мақсатында «Алкатель» фирмасының 16 басқару АТС сатып алынды және олармен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 15 филиалы мен орталық аппараты қамтамасыз етілді. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Резервтік Орталығы үшін КОҚСО қосымша ТС-мен (серверлермен) жабдықталып, СКС 94 АРМ-ға түрлендірілді. РО-ның (КОҚСО-да) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Астана қаласындағы филиалымен байланыс орнату жабдығын қондыру және спутник арнасын жалға алу шарты жасалды.

Есептеу, ұйымдастыру және арнайы техниканы сатып алу, жабдық пен құрылымдық кабель желісін кеңейту және жетілдіру. Компьютерлік жабдық паркін

жаңарту мақсатында мынадай жаңа техникалық құралдар сатып алынып, өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдары үшін «Dell» фирмасының 42 сервері, Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасының бөлімі және Банкнот фабрикасы үшін түрлі-түсті ағынды принтерлерімен бірге графикалық станцияның 2 жиынтығы;
- Қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаменті үшін лингафон класы (12+1 АРМ) және видеоконференция жабдығы;
- кластерге бас серверлер (RISC серверлер) жеткізілді, жабдық ЭЕМ залына қойылды;
- «СОМРАQ» фирмасының 580 ДЭЕМ (оның ішінде 50 шағын) жеткізілді.

Желілік қауіпсіздік жүйесінің қолданылуын арттыру мақсатында PIX FireWall желі аралық экранының Cisco 520, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарында – Cisco 1720, КОҚСО-да, БФ-да және АҚФ-да – Cisco 2621 жабдығы қондырылып, үйлестірілді. РО үшін 500 KVA-лық СБЭП және төтенше жағдайлар бола қалған жағдайда қала сыртындағы аймақ үшін 100 KVA-лық дизель-генератор сатып алынуда.

11.4. Ішкі аудит

2001 жылы ішкі аудит жүйесін жетілдіру жөніндегі негізгі жұмыс оны халықаралық стандарттарға интеграциялау және енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды есепке ала отырып Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру мақсатында ішкі аудиттің нормативтік құқықтық базасын дамытуға бағытталды. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бөлімшелерінің қызметіне аудит жүргізу тәртібін көрсететін Ішкі аудит жүргізу ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Аудит саласының тізбесі пысықталды.

Аудиттің әдістері мен рәсімдерін жетілдіру және оның сапасын арттыру үшін аудиттің төрт саласы бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді, аудиттің 2 саласы бойынша қолданылып жүрген әдістемелік ұсынымдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бөлімшелерінің бірінің жөнсіздіктері мен кемшіліктерінің жіктеушісін, жөндеу-құрылыс жұмыстарына аудит жүргізу кезінде пайдалануға арналған сауалнаманы әзірлеу жөнінде жұмыс жүргізілді, аудиттің осы саласындағы жұмыс кестелерін бірегейлендіру, эмиссиялық-кассалық операциялардың аудиті бойынша аралық анықтаманың нысандарын бірегейлендіру және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарында құндылықтарды сақтауды қамтамасыз ету жөнінде жұмыс басталды.

Жоспарлау жөніндегі ішкі құжаттардың жаңа редакциясын әзірлеу, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бөлімшелерінде аудиторлық тексеру жүргізуді, ол бойынша жұмыс құжаттамасын дайындауды және қалыптастыруды, оның нәтижелері бойынша пост-ревизиялық бақылау жүргізуді және ресімдеуді ұйымдастыру жөнінде жұмыс жүргізілді.

2001 жылы 23 жоспарлы аудиторлық тексеру жүргізілді, олардың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жұмсаған шығыстары мен алған кірістерінің негізділігін талдау; Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақпаратын, сондай-ақ техникалық құралдары мен бағдарламалық қамтамасыз етуінің қорғалуы мен қауіпсіздігін бағалау; Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін сақтау; ішкі бақылау шараларының жеткіліктілігін талдау; Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бөлімшелерінің жүктелген міндеттер мен функцияларды толық орындауын талдау; бөлімшелердің көзделген міндеттерді тиімді жүзеге асыруы үшін қолданылатын рәсімдердің жеткіліктілігін талдау болып табылды.

Аудиторлық тексерулердің нәтижелері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бөлімшелерінің жекелеген жөнсіздіктер мен кемшіліктер анықталғанмен, тұтастай алғанда өздеріне жүктелген функциялар мен міндеттерді орындауды қамтамасыз еткендігін растайды. Тексерулер нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің

бөлімшелеріне анықталған жөнсіздіктер мен кемшіліктерді жою жөнінде ұсынымдар жіберілді.

Одан басқа 2 жоспардан тыс тексеру жүргізілді.

2001 жылдың бірінші жарты жылдығында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2000 жылғы жылдық есебіне және қаржы-шаруашылық қызметіне “Артур Андерсен” ЖАҚ-мен аудит жүргізу, аудит нәтижелерімен келісу кезінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бөлімшелерінің қызметін үйлестіру жөніндегі жұмыс жүргізілді. Сыртқы аудитордың шартты орындауына талдау жасалды, сыртқы аудиторлардың ұсынымдарды орындауы жөнінде іс-шаралар әзірленді.

2001 жылдың екінші жарты жылдығында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2001 жылғы аудитін ұйымдастыру жөнінде жұмыстар жүргізіліп, “Артур Андерсен” ЖАҚ-мен шарт жасалды.

Бас ревизор қызметіне кандидатура таңдау, бас ревизорлардың қызметін үйлестіру және оларға әдістемелік көмек көрсету жөнінде жұмыс жүргізілді, олардың істеген жұмыстары туралы есебі талданды, тексеруді жоспарлау, жүргізу және іске асыру материалдары қаралды.

11.5. Қаржы-шаруашылық қызмет

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жүйесі бойынша кіріс 46,2 млрд. теңге, шығын – 25,5 млрд. теңге, таза пайда (салық салуды және азшылық үлесін қоса есептегенде) – 20,6 млрд. теңге, оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұйымдарының таза пайдасы – 391,0 млн. теңге болды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кірісі 24,8 %-ке өсіп, 43,4 млрд. теңгені құрады, шығын - 18,3 %-ке қысқарып, 23,2 млрд. теңгені құрады. Нәтижесінде бөлінбеген таза пайда (1089,1 млн. теңге мөлшеріндегі жалпы провизияларды есептемегенде) 20,2 млрд. теңге болды (9-қосымша).

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің *алтынвалюта активтері деңгейінің* 19,7 %-ке 2508,0 млн. АҚШ долларына дейін өсуімен байланысты кіріс пен осы активтерді басқаруға жұмсалған шығын тиісінше 37,8 млрд. теңге және 7,5 млрд. теңгені құрап, 26,6 %-ке және 2,4 есе өсті. Алтынвалюта активтерін басқарудан түскен орташа кірістілік 2001 жылы 7,2%-ті құрады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтерінің негізгі үлесін шетелдік мемлекеттердің бағалы қағаздары құрайды (61%-тен астам). Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің портфелінде шетел валютасындағы бағалы қағаздар санының өсуі және олардың баға деңгейінің ауытқуы нәтижесінде бағалы қағаздармен жүргізілетін операциялар бойынша кіріс пен шығын тиісінше 83,5%-ке және 4,5 есе өсіп, 20,3 млрд. теңге (алтынвалюта активтері бойынша кірістен 53,7%) және 5,4 млрд. теңгені (72,3%) құрады.

Бұдан басқа 2001 жылы сыртқы басқаруға қосымша 300,0 млн. АҚШ долларына жуық мөлшерде активтер берілді, нәтижесінде сыртқы басқарудағы активтердің жалпы сомасы жыл аяғында 619,0 млн. АҚШ долларынан астам болды, оның 90%-і бағалы қағаздарға салынды. Соған байланысты осы активтер бойынша кіріс 3,9 есе өсіп, 6060,3 млн. теңгені, шығын – 1713,7 млн. теңгені құрады.

Шетел валютасымен жүргізілетін операциялар бойынша кіріс пен шығын, негізінен халықаралық қаржы ұйымдарының алдындағы міндеттемелердің азаюы есебінен, тиісінше 35,5% және 82,5 %-ке қысқарды. Нәтижесінде шетел валютасымен жүргізілетін операциялар бойынша кіріс 10,9 млрд. теңге, шығын – 323,9 млн. теңге болды.

2001 жылы алтын бойынша сыйақының орташа ставкасының өсуімен байланысты (2000 жылы 0,34%-тен 2001 жылы 0,95 %-ке дейін) тазартылған қымбат металдармен жүргізілетін операциялар бойынша кіріс 37,7%-ке өсіп, 565,9 млн. теңге болды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2001 жылы сыртқы рынокқа алтын шығарған жоқ және алтынды сатып алу-сату жөнінде аз ғана көлемде мәмілелер жасау

нәтижесінде тазартылған қымбат металдармен жүргізілетін операциялар бойынша шығын 30,7%-ке қысқарып, 27,1 млн. теңгені құрады.

Нәтижесінде алтынвалюта активтерімен жүргізілетін операциялар бойынша 30,3 млрд. теңге мөлшерінде таза пайда алынды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ішкі рыноктағы қарыз алып пайдалану көлемін төмендетуіне байланысты *Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ішкі рынокта бағалы қағаздармен жүргізетін операцияларының көлемі* қысқарды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің портфеліндегі ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздар (МЕАКАМ-10) саны оларды сату салдарынан азайды. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ішкі рыноктағы кірісі 25,5%-ке қысқарып, 2890,3 млн. теңге болды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қаражатын негізінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі қысқа мерзімді салымдарға салудың өсуі есебінен шығын 73,8%-ке өсті.

Ақша массасын стерилизациялау мақсатында 2001 жылы айналысқа 114,3 млрд. теңге сомасында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары шығарылды (дисконтталған құнмен) және олар бойынша орташа алынған кірістілік 5,91% жылдық деңгейінде болды. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарға қызмет көрсетуге жұмсаған шығыны 1255,2 млн. теңге болды.

Нәтижесінде ішкі рыноктағы операциялар бойынша 3305,1 млн. теңге мөлшерінде зиян келтірілді.

Сенімгерлік, кастодиандық және брокерлік қызмет нәтижесінде алынған таза кіріс 117,6 млн. теңге болды. Оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының активтерін сенімгерлік басқарудан 57,4 млн. теңге (2001 жылғы маусым айынан бастап), басқа ұйымдардың активтерін басқарудан 3,1 млн. теңге, “Қазақстан Даму Банкі” ЖАҚ-на брокерлік қызмет көрсетуден – 2,4 млн. теңге, “Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры” ЖАҚ-на және “Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі” ЖАҚ-на кастодиандық қызмет көрсетуден – 54,7 млн. теңге мөлшерінде комиссиялық сыйақы түрінде кіріс алынды.

Өзге де кірістер (шығыстарға салынған провизиялардың күшін жоюдан, жалға тапсырылған негізгі құрал-жабдықтардан, алтын, күміс және басқа металл ақшаны сатудан, шаруашылық қызметтен түскен кіріс, көзделмеген кірістер және басқалары) көзделмеген кіріс (бұрын құрылған 1930,5 млн. теңге мөлшеріндегі жалпы банктік провизиялардың күшін жою) есебінен 2,4 есе өсті және 2600,3 млн. теңге болды.

Өзге де шығындар (ұлттық валютаны айналысқа шығаруға, қызметкерлерге жұмсалатын шығындар, әкімшілік шығындар, салық төлеуге, провизиялар құруға жұмсалатын шығындар және т.б.) 56,0%-ке қысқарып, 9604,5 млн. теңгені құрады. Өзге де шығындардың қысқаруы негізінен провизиялар құруға (2000 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұзақ мерзімді бағалы қағаздарын рыноктық құнға сай келтіру мақсатында, сондай-ақ “Медетші қор” РМК-ның заемы бойынша провизиялар құрылды) жұмсалатын шығындардың 77,1%-ке қысқаруымен байланысты болды.

Ұлттық валютаны айналысқа шығаруға және жеткізуге жұмсалатын шығын 42,3%-ке өсіп, 1118,6 млн. теңге болды. Ұлттық валютаны қолдан жасалған ақшадан қорғау жөнінде қосымша іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында 2001 жылы ақша белгілері осы саладағы соңғы технологияны қолдана отырып қорғаудың қосымша элементтерімен ерекшеленетін жаңа дизайнға ауыстырылды.

Негізгі құрал-жабдықтармен, материалдық емес активтермен және тауар-материалдық құндылықтармен жүргізілетін операциялар бойынша шығын 38,0%-ке 982,1 млн. теңгеге дейін қысқарды. 2000 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұй-жайлары мен ғимараттарының пайдаланылу мерзімін 100 жылдан 40 жылға дейінгі мерзімге (Бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына және тәуелсіз аудиторлық

компанияның ұсынымдарына сәйкес) өзгертуге байланысты амортизация қосымша есептелді.

Талдықорған және Көкшетау бөлімшелерінің базасында филиалдарды қайта құрумен, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының қосылуымен байланысты қызметкерлерге жұмсалатын шығыс 29,0%-ке өсіп, 2533,6 млн. теңге болды.

46,0 млн. теңге сомасында өтеусіз көмек көрсетілді, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің зейнеткерлеріне – 30,7 млн. теңге және заңды тұлғаларға – 10,0 млн. теңге (“Шымбұлақ” туберкулезге қарсы балалар санаторийіне – 6,3 млн. теңге, № 1 Балалар үйіне – 1,6 млн. теңге, Балалар гастроэнтерологиялық орталығына – 0,6 млн. теңге, Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің “Сардар” РМК-на – 0,5 млн. теңге және т.б.).

Телекоммуникация қызметінің қазіргі заманғы түрлерін игерумен, мемлекеттік қызметшілердің бос қызмет орындарына қабылдану жөнінде конкурс өткізудің хабарландыруларын жариялаумен байланысты әкімшілік шығын 13,2%-ке өсіп, 590,1 млн. теңгені құрады.

Салық бойынша шығын салық заңдарының өзгеруіне (ҚҚС ставкасының төмендеуі және т.б.) байланысты 20,2%-ке қысқарып, 313,5 млн. теңге болды, оның ішінде жалпы сомасы 21,0 млн. теңге болатын ағымдағы салықтар бюджетке төленді, резидент еместер үшін ҚҚС – 5,4 млн. теңге, резидент еместерден алынатын табыс салығы – 11,5 млн. теңге, басқа салықтар мен төлемдер – 4,1 млн. теңге (жерге, мүлікке, Қоршаған ортаны қорғау қорына және т.б.).

Күрделі шығыстар 31,3%-ке өсіп, 3409,1 млн. теңге болды.

2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі:

- 313,3 млн. теңге сомаға компьютерлер, серверлер, сканерлер, принтерлер;
- лицензиялық бағдарламалық өнімдер сатып алды және 310,8 млн. теңге сомасында жобалау-зерттеу жұмыстарының ақысы төленді;
- 228,0 млн. теңге сомасында ұлттық валютаны қайта есептеуге, сұрыптауға, орауға және жоюға арналған жабдық;
- 446,7 млн. теңгеге автокөлік құралдары;
- 363,7 млн. теңге сомасында күзет және дабыл құралдары, байланыс қондырғылары, арнайы машиналар мен жабдық және т.б. сатып алды.

Астана қаласындағы Орталық филиалды қайта қалпына келтіруді қосқанда үй-жайлар мен ғимараттарды жөндеуге 788,6 млн. теңге жұмсалды.

Сонымен қатар:

- 500,0 млн. теңге «Қазақстан Ипотекалық компаниясы» ЖАҚ-ның;
- 441,6 млн. теңге «Қазақстан теңге сарайы» РМК-ның жарғылық капиталын толықтыруға;
- 15,0 млн. теңге «Қазақстан актуарий орталығы» ЖАҚ-ның жарғылық капиталын жасауға аударылды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұйымдары. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұйымдарының 2001 жылғы қаржы-шаруашылық қызметі мынадай көрсеткіштермен сипатталады.

Ұйымдардың активтері 36,1%-ке, меншік капиталы – 49,2%-ке өсті. Ұйымдардың қаржылық тұрақтылығы өтімділіктің жоғары деңгейімен сипатталады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұйымдарының өнімді, жұмысты, қызмет көрсетуді сатудан түскен кірісі 27,9%-ке өсіп, 2861,7 млн. теңгені құрады, оның ішінде Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардікі – 1976,7 млн. теңге, акционерлік қоғамдардікі – 885,0 млн. теңге.

Өнім (жұмыс, қызмет) өндіруге жұмсалған шығындар 31,0%-ке өсіп, 2318,2 млн. теңгені құрады, оның ішінде Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардікі – 1679,1 млн. теңге, акционерлік қоғамдардікі – 639,1 млн. теңге.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұйымдары 2001 жылы 543,1 млн. теңге мөлшерінде таза кіріс алды, оның ішінде Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар – 297,6 млн. теңге, акционерлік қоғамдар – 245,5 млн. теңге.

Бюджетке 152,1 млн. теңге мөлшерінде табыс салығын төлегеннен кейін ұйымдардың таза кірісі 391,0 млн. теңге болды, оның ішінде Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардікі – 145,5 млн. теңге, акционерлік қоғамдардікі – 245,5 млн. теңге.

Белгіленген нормативтерге сәйкес ұйымдардың кейін республикалық бюджетке аударылатын 114,4 млн. теңге сомасындағы таза кірісі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне аударылады, қалған сома резервтік капиталды толықтыруға және соның жұмсауына жіберіледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұйымдары қызметінің нәтижелері салыстырмалы түрде шығынның өсуімен (кірістің 1 теңгесіне) және «Автобаза» РМК-ның 92 автокөлік құралын мемлекеттік органдарға өтеусіз беруімен байланысты кірістіліктің азаюымен сипатталады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұйымдары қызметінің рентабельділігі тұтастай алғанда 17,3 % болды. 2001 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баға саясаты көрсетілетін қызмет құнын жоспарлы төмендетуге бағытталды. Осылайша, Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы электрондық төлем жүргізу тарифтерін 20%-ке төмендетті.

ХІІ. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Шоғырландырылған қаржылық есеп

2001 жылғы 31 желтоқсан



2000 және 2001 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған шоғырландырылған
бухгалтерлік баланстар

	Ескерту	2001	2000
Активтер			
Алтын	15	77,211,754	72,577,598
Шетелдік кредиттік мекемелердегі қаражат	16	68,945,353	77,306,456
-минус: провизиялар (жалпы)		(17,229)	
Шетел валютасындағы қаражат		105,091	135,174
Шетелдік борыштық бағалы қағаздарға салымдар	17	231,390,747	154,094,654
-минус: бағалы қағаздар бойынша провизиялар		(45,735)	
Жергілікті кредиттік мекемелердегі қаражат, нетто	18	2,153,758	9,211,503
Жергілікті мемлекеттік борыштық бағалы қағаздарға салымдар	19	22,566,241	35,901,866
-минус: бағалы қағаздар бойынша провизиялар		(2,903,923)	(8,873,150)
Алуға есептелген кіріс	20	353,047	1,137,263
Негізгі құрал-жабдық, нетто	21	13,259,358	11,763,550
Материалдық емес активтер, нетто	22	558,171	305,440
Басқа да активтер	23	7,335,501	3,343,996
-минус: провизиялар		(458,083)	(206,767)
Активтердің жиынтығы		420,454,051	356,697,583
Міндеттемелер			
Айналыстағы банкноттар мен металл ақшалар	24	145,476,531	116,341,513
Шетелдік кредиттік мекемелердің қаражаты	25	421,571	590,636
Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының қаражаты	26	2,622,784	
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қаражаты	27	64,564,921	45,270,473
Жергілікті кредиттік мекемелердің қаражаты	28	48,136,242	27,163,241
Қазақстанның жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру (сақтандыру) қоры		1,359,748	428,890
Клиенттердің қаражаты	29	1,232,826	3,969,345
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	30	17,480,480	48,807,773
Есептелген және мерзімі ұзартылған кіріс	31	587,871	19,572
Басқа да міндеттемелер	32	9,827,116	831,066
Міндеттемелердің жиынтығы		291,710,090	243,422,509
Азшылық үлес		179,109	181,477
Меншік капитал			
Жарғылық капитал	33	15,465,643	10,000,000
Резервтік капитал және жалпы провизиялар	34	3,428,954	4,268,267
Арнайы резервтік қор	34	90,190,274	87,155,402
Өткен жылдарда бөлінбеген таза кіріс	34	7,339	185,387
Есепті жылғы бөлінбеген таза кіріс	34	19,472,642	11,484,541
Меншік капиталдың жиынтығы		128,564,852	113,093,597
Міндеттемелер мен меншік капиталдың жиынтығы		420,454,051	356,697,583

(МЫҢ ТЕҢГЕ)

Төраға

Бас бухгалтер

Г. А. Марченко

Н. Т. Шалғымбаева

2002 жылғы 29 наурыз
Алматы, Қазақстан Республикасы

Қоса беріліп отырған ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептің ажырамас бөлігін құрайды



2000 және 2001 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есептер

(мың теңге)

	Е скерту	2001	2000
Проценттік кірістер		29,372,017	17,126,081
Проценттік шығыстар		11,453,598	5,791,845
Таза проценттік кірістер	5	17,918,419	11,334,236
Ықтимал ысырапқа арналған резервтер	7	3,499,328	15,926,765
Ықтимал ысырапқа арналған резервтерге есептеуден кейінгі таза проценттік кірістер (шығындар)		14,419,091	(4,592,529)
Дилингтік кіріс, нетто	8	774,021	2,315,253
Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер, нетто	9	8,682,229	13,518,030
Ұйымдардың негізгі қызметінен түскен кіріс, нетто	10	1,147,457	942,781
<i>өндірістен</i>		<i>713,635</i>	<i>545,766</i>
<i>қызмет көрсетуден</i>		<i>433,822</i>	<i>397,015</i>
